оты мұның ізгі жүрегінде мол уақыт берік орнаған. Ыбырайды осы дәрежеде қажырлы қайраткер еткен сана, бірінші жағынан, оның өзінің еңбекші елмен, қалың бұқарамен нық байланысты болғандығынан, соның тарихи келешегін айқын көргендіктен, сол келешекке бұлжымастан, айнымастан нық сенгендіктен.

Екіншіден, Ыбырайдың осы жолда берік сенімді көңілмен еңбек етуіне жетектеп, қанаттандырып отырған өз заманындағы орыс халқының алдыңғы қатарлы мәдениетінің қуаты. Сонымен қатар ол бұқарашыл және революционер орыс ұлдарының, ұлы қайраткерлерінің сол замандағы бүкіл Россияның бар халықтарына, бар буындарына таратып жатқан игілік, әділдік, азатшылдық ойларының тәрбиесі.

Ыбырайды өз заманындағы бар ауыртпалықтармен сенімді түрде алысуға батыл балғын еткен ең күшті тарихи жағдай осы еді. Шоқандай емес, Ыбырай халқына да, өз тұсында-ақ, қадірлі, даңқты болды.

Қазір, сол Ыбырайдың еңбегі, өмірі жайында Қазақ ССР Ғылым академиясының арнаулы сессиясы өтіп жатқан кезде, біз бала күнімізде Ыбырай шығармасымен ең алғаш танысқан шақтарымызды еске ала кетуге болады. Ең алғаш Абайдың қолжазбасымен шала хат танитын бала күйде танысқанымызда, Мүрсейіт молда жазған қолжазба кітапты түгелімен Абай кітабы деп білуші едік. Шетінен бастап, жаттауға кірісіп едік. Сонда “Сәуірде көтерілер рахмет туы” деген өлең мен “Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен” деген өлең Абай кітабының ішінде бірге жазылған екен. Сол шақта Абай, Ыбырай бір адам шығар деп ойлаушы едік. Екеуінің қазақ аулындағы көктем жайында жазғандарын оқып отырсаңыз, шынында бір ақындық мектептің, біртүрлі ақындық дәстүрдің үлгісін көресіз және екеуі де бұрын қазақ жазбаған өлеңді жазған.

Кейін аңғарсақ, осы өлеңдер табиғат суретінің реалистік үлкен мастери болған ұлы Пушкин үлгісінен туған өлеңдер екен.

Абай Ыбырайды жақсы білген. Кейін Абайдың өзі кадрлегендіктен, Абайдың қолжазбаларының ішінде Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларынан жасалған аудар-

малар қоса кіруімен бірге, Ыбырай өлеңдері үнемі бірге көшіріліп, жазылып жүруші еді. Абайдың өзінің тапсыруы бойынша солай болса керек. Бұл тегін емес. Бұхар, Дулат, Шортанбай Абайлардың қолжазбаларына жалғыз ауыз өлеңмен тұмсық сұғып кірмегенде, Ыбырайдың әрқашан Абай атымен бірге жазылып, жатталып, таралып жүруі бұл екеуінің үні бір, үміті бір, арман-бағыты және болашақ тағдыры бір ақын екендіктерін танытушы еді.

Сол заманнан бері қарай, біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен аса ыстық, аса бағалы болды. Олар кейде баяғыдан бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дәуіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірлікпен айқасып аққан қос өрімдей, шөл өлкені суарып, дән бітіріп, айқасып ағып келе жатқан қос өзендей танылады.

Өткен замандағы Ыбырай Алтынсарин сынды озғын ой иелерін, халық үшін қызмет еткен қайраткерлерді бізге толық тануымызға, олардың асыл мұраларымен қазіргі мәдениетімізді байытуымызға жол ашқан, мүмкіндік берген – Совет үкіметі, Сталиндік заман.

## ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ

Қазақ совет әдебиетінің тарихында көрнекті орынға ие болған ақын-жазушының бірі – Әбділда Тәжібаев. Ол Қазақстан оқушы жұртшылығына көптен мәлім. Оның шығармалары идеялық мәні мен тақырыптарының күнделік, советтік құрылысқа аса жақын қабысқан өткірлігімен жұртшылық бағасын ерте алады. Ақындығы шеберлене бастаған кезде де Әбділда совет халқының ұлы құрылысын және өзіне де бақыт берген Отанын жыр етеді. Оның алғашқы кездегі қысқа өлеңдері күнделік іс пенен науқандарға қолма-қол байланысты болатын. Ол газет бетінде тез жарыққа шығып, шапшаң тарап отыратын саясаттық, үгіт өлеңдер еді. Кейін оның орнына көлемді, терең сезімді толғау жырлар жазды. Бұлары әрі күнделік тақырыптық жағынан, әрі идеялық, көркемдік, шеберлік жағынан сай келген, өскен өлеңдер болады.

Әбділда шығармаларының негізгі үлгісі, жанры – поэзия. Бұл жанрдың ішінде айқын ерекшелігі – оның сыршыл, лирик ақын болуында. Ақын еңбектері әуелі қысқа, көбінше саяси лирикадан басталады да, кейін лирикалық толғауларға, лирика сарыны мол романтикалық поэмаларға да ауысады.

Осы жолдағы ақынның көрнекті табыстарымен қатар айқын кемшілік, қайшылықтары да болды. Ескілікті тақырыптарға жазған “Мерген”, “Кілемшілер туралы ертең” деген поэмаларында социалистік реализм үлгісінде жазылатын поэмалардан басқарақ, жалпылаған сарындар бар. Ескі күй, ескі аңызды тамашалау басым. Сынсыз тамашалау сарыны үстемірек болады.

Отан соғысы кезінде жазылған “Толғау” атты үлкен жыры Әбділданың өз Отанын барынша сүйген, шыншыл, терең сезімді, көркем өрнекті ақын екендігін танытады.

Әбділда тек қазақ тарихының көлемінен ғана тақырып алмайды. Советтік қазақ поэзиясына ол кіргізген интернационалдық ақындық мәдениет, іздену өрнектері де бар. Қазақ оқушысына Гейненің, Шевченконың, Пушкиннің, Лермонтов шығармаларының нәр-нақыстарын әкеледі. Осы аталған классиктердің кейбір шығармаларын аударумен қатар, ақын оларды өзінің сыршылдық өлеңдерінің, толғауларының және кейбір поэмаларының (“Екі жаһан”, “Тарас”) ішіне Гейне, Шевченко образдарын және Горький, Фурмановқа арналған ой-сезімдерін кіргізіп отырады.

Бұл алуандас ақындық ізденулер Әбділданың өнімді жолға, мәдениетті поэзия жолына беттегенін көрсетеді. Бұл – қазақ әдебиетін жаңа үлгіге бастаймын деген талап.

Осылайша, Әбділда, бір жағынан, Ұлы Октябрь жаңғыртқан өз халқының советтік дәуіріндегі жаңа тарих шындығынан бағыт, қуат алады. Жыл санап өнер арттырып, жазушылық мәдениетіне терең бойлап, қазақ совет поэзиясына қызықты жемістер беріп келеді. Әбділда талантты және өзіндік стилі, өзгешелігі бар күшті ақынның бірі деп саналады.

\* \* \*

Әбділда 1909 жылы февраль айында туған. Туған жері Қызылорда (Ақмешіт) қаласы. Әкесі Тәжібай Қарымсақов жастай жетім қалып, көп өмірін жалшылықта өткізген. Қала байының қора сыпырушысы болады. Одан кейін Шевков деген орыс учителінің ат айдаушысы болып қызмет етеді. Осы учитель Тәжібайға орысша хат танытады. Сол азынаулақ хат-шолу білу себебінен Тәжібай кейін қала байларына жалдама қызмет істейтін приказчик болады. Әбділданың алғашқы жас балалық шағы қалада, ата-ана бауырында өткенмен, алты жасында әкесі өліп, жетім қалады. Ендігі тәрбиесі анасы Айманкүлдің қарамағында болады. Күнделікті еңбекпен тіршілік етіп отырған Тәжібай өлген соң Айманкүл жас баласымен мұқтаждық, жоқшылық күйге түседі.

Айманкүлдің нағашысы Сыр бойының ескі балықшысы, әрі егінші-диқаны Далдабай деген қарт еді. Сол кісі жетім-жесір болып қалған Тәжібай үйі үшін өз қолына алады. Ендігі бірталай жыл Қараөзектегі сол Далдабайдың аулында өтеді.

Далдабай өз баласы болмай, жиені Айманкүлді бесіктегі кезінде бала қылып, бауырына салып өсірген. Өзі мейірімді, есті әке болған. Айманкүлді 14 жасына шейін ауылдағы молладан оқытқан. Хатқа жүйрік, парсы, шағатай әдебиетіне өте таныс қанықты оқушы етіп өсірген еді. Айманкүлді оқытушы Ділдәхан молда Бұхарада отыз жыл оқып қайтқан, ескі медресе тәрбиесі бойынша көп білім алған кісі деп саналатын. Сол молданың ықыласты шәкірті болып өскен Айманкүлді Далдабай аулындағы кәрі-жастың көбі “молда қыз” деп атандырады. Далдабай қарттан бастап, ауылдағы үлкен аға, кәрі жеңгейлерге шағатай, парсы тіліндегі ақындық шығармаларды Айманкүл көп оқып береді. Өзі де көп кітапты біліп, айналасында жүргендерді шығыс әдебиет үлгілерімен мол таныстыра жүреді. Кішкене Әбділда Далдабай аулына жетім бала болып барған шағында, анасының әрбір кештерде, жиын топқа нақыстап оқып отыратын қисса, дастандарын естиді. Шығыстың классик туралы әңгімелерін ұзақ кештер ықыласпен тыңдайды. Ақындықтың алғашқы әсерін тәрбиеден алады.

Айманкүлдің кітап оқығыштық мінезін құптаған Ділдәхан молда өзі әбден қартайған шағында “ең жақсы шәкіртім осы” деп, бар кітапханасын Айманкүлге сыйлайды. Сол кітапханада Низами, Науаи, Хафиз, Сайхали, Бәділ шығармалары болады. Осы шығармаларды Айманкүл өзі оқып, жұртқа тыңдатумен қатар, баласының санасында ақындыққа құмарлықты еге жүреді. Тілі көпшілікке ұғымсыз болған шығармаларды қарттар мен балаларға оқып беруде Айманкүл шығыстың бәйіт оқитын нақысты, сұлу мақамдарымен жырлап жеткізеді. Онысы да тыңдаушыларына өз шамасынша көркемдік тәрбие беретін.

Тәжібайды жоқтап Айманкүл өз жанынан алғашқы мұңшер өлендерін де жазады. Өз мұңын өз тілімен жазған жоқтауын ақындарының кітапша сөздерін араластыра айтады. Жыл бойында осы жоқтауын көп айтып, кеңейте жүріп,

Айманкүл өзі мен баласының мұңды күйін ұзақ поэмаға айналдырады. Сол жоқтаудың ішінде:

Ашыла түсіп гүл солды,  
Жана бір түсіп от сөнді, –

деген арманды шер шерткен жолдары жас Әбділданың әкесі турасындағы мұңы болып жадында жүреді. Айманкүл баласын өзі оқытып, жеті жасқа толғанында толық хат танытады. Келесі жылдарда Далдабай аулында Айманкүлдің айнымас тыңдаушысы болып алған қарттардың арасында шешесі оқитын қисса, ғазалдарды сол мақамдарымен бала Әбділда да көпшілікке оқып беріп жүретін болады. Осындай ескіше, мұсылманша оқу көлемінде алғашқы шәкірттік сауаты ашыла жүріп, Әбділда 20–21-жылдарға жетеді.

Бұл жылдары Сыр бойында көп жанның қазасына себеп болған оба науқасы шығады. Оған және жаппай сүзек ауруы қосылады. Осы жылда Әбділда мен шешесін асыраушы, қорған болып отырған нағашысы Далдабай қарт қайтыс болады да, ашаршылыққа ілінген ана мен бала Ақмешітке қайта көшіп келеді.

1922 жылы Әбділда жетім балалар интернатына түсіп, бір қыс шала-шарпы оқумен күні өтеді де, жаз шыға үш-төрт бала қосылып Ташкентке кетеді. Онда оқу іздеген балалар көп болып, бұлар орналаса алмайды. Қайта қайтуға қаражат болмай, енді анық панасыз балалардың өміріне көшеді. Көп айлардан соң әлі оқуға да, өмірге де орналасып жәй таба алмай жүрген панасыз бала Қызылордаға қайта келіп, Ленин атындағы интернатқа орналасады. Сөйтіп, 1923 жылдың басында Әбділда совет мектебі тәрбиесіне ілінеді. Сан жетім панасыздарды жүздеп, мыңдап тәрбиесіне алып, адам етіп отырған советтік мектептің тәртіпті, ынталы шәкірті бола бастайды. Жақсы оқушы, үлгілі пионер болып, білімді азамат болуға қадам басады.

Бар ынтасын оқу мен ізденуге, жақсы азамат болу талабына берген бала бір қыста екі кластың оқуын бітіреді. Енді комсомолға да кіреді. Сол бірінші басқыш мектепті өзінің ең бақытты тәрбие орны деп бағалай білген жас талапкер интернатта шығатын қабырға газетінің редакто-

ры болады. Бұл интернат балаларының ырысына Ташкенттен оқып келген Сәтбеков Қайырбек деген жақсы бейлілі мұғалім ана тілінен өзі оқытушы болады. Қазақ әдебиетін, әсіресе Абай шығармалары мен сол кездегі газет, журналдарда шығатын советтік поэзиясының үлгілерін өзінің ынталы шәкірттеріне жақсылап ұғындырып, сүйдіре танытып жүреді. Шәкірттеріне “инша жазу”<sup>1</sup> деген тәжірибелі жазу сабағында Абай өлеңдері мен совет ақындарының өлеңдеріне арналған тақырыптарды беріп, шығармалар жаздыруға баулиды. “Инша жазу” жарысынан туған шәкірттердің кей өлеңдерін қабырға газетіне бастыра бастайды. Әбділда 14 жасар кезінде осы мектепте өзінің ең алғашқы ақындық жас тәжірибесін бастайды. Қатар құрбыларынан артылта жазған көп өлеңдері қабырға газетіне жиі басылып тұрады. Ленин атындағы интернаттың талапкер жастары Қызылордада өнерлі, үлгілі совет жастарының үйірмесін құрады. Интернат жастардың күшімен қала халқына арнап клубтар, сауық-кештерін де жиі ұымдастырып жүретін болады. Сөйтіп, Ленин атындағы интернат болашақ ақынды әдебиетке, көркемөнерге анық, дұрыс бағытпен баулиды. Сапалы бағытқа жол ашқан асыл бесік, кадрлі, қымбат ұя болады.

1925 жылы Әбділда бірінші басқыш мектепті бітіріп, Шымкенттегі Мұратбаев Ғани атындағы жетіжылдық мектепке түседі. Әбділда бұл мектепте де әдебиетке, шығармалық тәжірибеге бұрынғыдан да артық ден қойып, зер салады. Мектепте комсомол ұясының және қабырға газетінің редакторы болып істейді. Сол газеттің бетінде “Комсомол”, “Пионер”, “Ленин өліміне”, “Бірінші Май”, “Октябрь мейрамына” деген арнау өлеңдері басылып жүреді.

1927 жылы Әбділда жетіжылдық мектепті бітіріп, Қызылордаға қайтады. Ендігі талабы – сол кездерде аты шығып жүрген қазақ совет ақындары Сәбит, Асқар, Қалқамандар сияқты өз күшін ақындықта сынап көру болады. Ол ақындардың “Еңбекші қазақ”, “Ауыл тілі”, “Лениншіл жас”, “Жұмысшы” деген газеттерде шығып тұратын өлеңдерін оқиды. Әбділданың енді қай бағытта, не тақырыпта жазуы керек екенін сол өлеңдер танытқандай болады. Алғашқы жетекші үлгі бола бастайды.

Әбділда әуелі газетте адрес жапсырушы, почта-газет тасушы болып жүріп, содан “Еңбекші қазаққа” корректор жәрдемшісі болады. Кейін “Еңбекші қазақ” редакциясында көшіруші болып істейді. Ең алғаш 1928 жылы май, июль айларында “Жұмысшы газетінде” “Жұмысшының азаны”, “Жұмысшының балғасы” деген ұсақ өлеңдерімен жас ақын ең бірінші рет 19 жасында, баспасөз жүзіне шығады. Сол жылы байлар мен жарым феодалдар конфискесі болады. Революцияның қазақ аулында жүргізген үлкен саясаттық шарасының бірі – конфиске туралы Әбділда көп ұсақ өлеңдер жазады. Бұлар әуелі “Лениншіл жасқа” шығып, содан “Еңбекші қазақта” да басылатын болады. Бір жаздың ішінде, сол 1928 жылдың күзінде, Әбділда “Еңбекші қазақ” бетінде үнемі жазып тұратын, көп өлең бастыратын совет жұртшылығы үшін жаңа туған, бірақ өнімді, отты, өршіл ақын болып тез танылады. Сол жылы қазақ пролетариат жазушыларының ұйымына, КазАПП-қа мүшелікке өтеді. Газетпен қатар шығармалары журналға да басылатын болады. “Арыс тұзы”, “Қазығұрт” деген өлеңдер сол уақыттағы оқушылардың ықыласын Әбділдаға мейлінше аударады. Кейін “Жаңа ырғақ” атты жинақта топталып басылған Әбділда өлеңдерінің көпшілігі сол жылдарда, ақынның 16-19 жастардағы жазған алғашқы талабының жемістері болады. Әбділда ақындығының алғашқы белесі, өмірдегі ақындық, азаматтық талап-мүдделерінің ең алғашқы адымдары осылай басталады.

1929–30–31 жылдарда Әбділда Алматыдағы педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетінде оқиды. Мұның үшінші курсына шыққанда Қарсақбайдағы аудандық газетке редактордың орынбасары болып орналасады. Содан 1933 жылы Алматыға келеді. Бұл жылдары жазған өлеңдері “Олқылық” деген жинақ болып шығады. 1933 жылы шығарған “Жаңа ырғақ” атты жинағынан кейін – “Олқылық” екінші кітабы болады. Бұл шығармаларының негізгі тақырыптары – байларды конфискациялау туралы. Турксиб шойын жолының салынуына, Қарсақбай сияқты өндірістік зор коллектив тіршілігін әр алуан үлгіде жазуға арналады. “Олқылық” атты жинақтың ішінен көп орын алатын сол “Олқылық” атты, өндіріс тақырыпты поэма болады.

Алматыға келген соң Әбділда “Лениншіл жас” газеті редакторының орынбасары болады. Содан кейін Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы болып істейді. 1934 жылдардан бастап Әбділда ақындығының екінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде сыршылдық, көркем сезімді, ұсақ өлеңдеріне Шевченко, Гейне сияқты ақындардан үйрену, үлгі алу әсері араласады. “Таңдамалы өлеңдер” деген атпен 1936 жылы және 1939 жылы екі рет жинақтары шығады. Осы кезеңде Әбділданың жаңа тақырыпқа жазған “Құтқару”, “Екі жаһан” деген поэмалары туады. Әбділданың ендігі көп өлеңдерінің тақырыбы бауырлас, достас елдердің советтік жұртшылығына арнау түрінде айтқан толғаулары болады. “Орыс халқына”, “Украина” деген өлеңдері және пролетариаттың ұлы жазушысы Горькийге арналған, Фурмановқа арналған сыршыл өлеңдері Әбділда шығармаларының ішінен үлкен орын алады. Көп ізденіп, білім арнасы кеңейіп, ақындық шеберлігі өскендігінің нәтижесінде 1942 жылы Әбділданың “Перне” атты жинағы шығады. Бұл жинақ Отан соғысына арналған әсерлі, көркем “Біз жеңеміз”, “Ленинград” атты шын патриоттық шығармаларымен қатар, тақырып жағынан әр алуан болады. Қазақ фольклорындағы аңыздардың мазмұнынан құрылған “Мерген”, “Толағай”, “Кілемшілер туралы ертегі” тәрізді ертегілі поэмалар, тарихи аңыз ретінде ескі күйші туралы “Абыл” атты поэма жазылады. Және интернационалдық тақырыпта жазылған “Катерина” поэмасы болады.

1938 жылдан бастап Әбділда драмалық еңбектер жазуға кіріседі. Мұхтар Әуезовпен бірігіп жазған “Ақ қайың” атты пьесасы 1938 жылы Қазақстанда жарияланған пьесалар бөйгесінде алдыңғы қатар баға алып, екінші бөйгеге ілінеді. Кейін Г. Рошальмен бірге жазған “Жомарттың кілемі” атты пьесасы Қазақстан академия драма театрының репертуарына кіреді. Соңғы жылдарда Әбділда жазған “Көтерілген күмбез” атты өзбек халқының ескі тарихына арналған романтикалық пьеса өзбек театрларының репертуарына алынады.

Қазақ совет әдебиетіне сіңірген еңбегі үшін Әбділда 1939 жылы “Құрмет белгісі” орденімен наградталған. 1940–43 жылдарда Әбділда Қазақстан совет Жазушылар одағының бастығы болып қызмет атқарады.

Әбділданың 34-жылдарға шейінгі ақындық шығармалары “Жана ырғақ” атты жинаққа топталған. Бұндағы өлеңдердің саналық, тақырыптық, мазмұн жағы жас ақынның өмір тартыстан алған жанды әсерін танытады. Совет жасының, жас өнерпаздың қызулы екпіні мен іздену жолдарын көрсетеді. Бұл жинаққа кірген “Айдалған бай”, “Үлес үстінде” деген өлеңдері қазақ аулында болған тап тартысты, өмірдегі әр алуан өзгерістерді суреттейді. 1928 жылдарда саясаттық, шаруашылық маңызы зор оқиға – байларды конфискациялау жүреді. Ел кедейін ғасырлар бойы қанаумен озбырлық етіп келген топтардан советтенген ауыл тап тартысы арқылы арыла бастайды. Бұл сияқты ірі әлеуметтік шараның арқасында ауылдың кедей-батырақтарының саяси санасы бұрынғыдан да ашылып, сенімді күш есебінде мемлекеттік құрылысқа белсене қатысып, майданға шығады. Ел еңбекшілерінің санасы күнделік тап тартысы үстінде айқын дамып, өсе бастайды. Қазақ аулында болған сондайлық екі түрлі революциялық жаңалықтар жас ақын Әбділданың әдеби майданға шығуындағы ой-өрісін айқындаған жағдайдың бірі болды. Ауылдағы бұл жаңалықтарды жасауды үлкен қызулы екпінмен, өткір саяси жырлармен құптап, қостап қарсы алады. Үгіттік екпіні зор, шыншыл жалыны мол, жалынынан от ұшқындағандай саяси, өткір үгіт жырлар туғызады. Ақын қазақ еңбекшілерінің барлық қанаушылар тобына арналған, лағынетке толы жиренішін танытады. Конфискеленген бай, шонжарларға арнаған қарғыстай қатал жырында:

Сұр жыландар, бұлар елді шаққандар,  
Күні кеше ақ патшаға жаққандар.  
Шекпен киіп,  
Шен тағынып,  
Көп жағынып,  
Езілген тап, еңбекші елді сатқандар, –

деп, ғасырлар бойы ата-тегімен елді сатқан, еңбекті қанағандарды, революция дұшпандарын табалайды.

1928 жылғы жазылған “Үлес үстінде” деген өлеңінде Әбділда кешегі батырақтардың айдалған бай мүліктеріне ие болып, енді ұйымдасқан, жаңа қоғамдық тарих дәуірін бастаған күндерін суреттейді. Бұрынғы жалшылардың енді бас қосып, ұйымдасуына басшылық етіп жүрген Жайлаубектей коммунистің белсенділік қайратын сүйсінумен жырлайды. Жаңа ауылда партия басшылығын дұрыс жүргізе бастаған саналы қайраткер ақынның қадірлейтін досы, тілеулесі есебінде бейнеленеді.

“Батырақ Қобыланды” атты көлемді өлеңінде Әбділда қазақ батырағының енді-енді өнімді, сапалы еңбекке басқан жаңа тарихтық қарқынын танытады. Қобыланды бұрынғы “еңбегі еш, тұзы сор” бай жалшысы емес, жаңа адам. Ол Москва барып, астына трактордай алып тұлпар, көлік мініп қайтқан, Қазақстанның Сырдай, Алатаудай өңір, өлкелерін жаңа сапалы, өнерлі еңбек құралымен жаңғыртуға келе жатқан зор қайраткер. “Батырақ Қобыланды” бұл жағынан қарағанда жекеше ғана адам емес. Шаруашылық, саясаттық дәуіріне, үлкен ырыс күніне айналған қазақ шаруасының бейнесін көрсету тілегінен туған поэма деуге болады. Бірақ ақын алдына қойған мақсатын толық орындап шыға алмаған. Бас қаһарман жинақты образ бола алмай, жалаң, схемалық образ болып шыққан.

“Кімге кім” атты өлеңінде Әбділда ендігі ел тіршілігі еңбек майданында, жаңа сапалы зор майданда екенін үлкен сеніммен, мол қызумен жырлайды. Сол еңбек жаңа тарих асатын жолды нұсқайды:

Әне асатын асқар бел,  
Әне сулы жаңа көл,  
Қозғалды ауыл, бет бұрды,  
“Бәрекелді” дескендей.

Шаншылған туда бір жұлдыз,  
Шұбырған соған жалғыз із,  
Сол ізбен ел көшеді! –

деумен ақын енді өз елінің тарихы жаңғырғанда социалистік құрылыстың мол қарқынды, ұлы бағытымен даму арқылы жаңғыратынын зор сеніммен жыр етеді.

“Құлғара”, “Трактор күйімен” деген жырларында Әбділда белсене қайрат етіп, ұлы наныммен жаңа өмірді қалаушылардың образдарын береді. “Құлғара” атты поэма ауылдан шығып үлкен табысқа жеткен, мамандық білім алған қазақ жалшысының өсу жолын сипаттайды. Әуелгі жастық шағын, жігіттік кезін Құлғара құм кешуде, аш-жалаңаш тірлікте, Саурамбай дейтін байдың қойын бағып, ауыртпалықпен өткізеді. Кейін Жүсіпбай дейтін коммунистің бастауымен Құлғара фабрика-завод мектебіне түсіп, маман-машинист болып шығады. Осы жылдардағы ақын тақырыбының екінші бір мол саласы – өндіріс. Әбділданың ақындық қиялын бұл кезеңде өзіне ең көп тартқан өндіріс майданы, бірінші бесжылдықтың бірінші гиганты Түркістан-Сібір темір жолы. Жолдың бітуіне, соның ісінің алғашқы жылдар мүлтіксіз, мінсіз, өнімді болып кетуіне арналған өлеңдер жазылды. Жолдың салынуына арналған алғашқы өлеңдері: “Қарсы алғанда”, “Айнабұлақ” деген шығармалар болады.

Жазық дала жанданды,  
Жарқырап қатты ағын сел,  
Жыбырлап мынау қарсы алған,  
Жан-тәнімен еңбекші ел! –

деп, ақын жаңа жолдың ел игілігіне бастайтын жол екенін қазақ еңбекшілерінің шат күйімен қарсы алады. Бұл жолдың салынуына Отанмен бірге зор қуаныш еткен ақын да көп өлең жазады. Сол өлеңдер ішінде Әбділданың “Айнабұлақ” атты толғау жырынан үлкен сапа танылады. “Айнабұлақ” станциясы Турксиб шойын жолының екі жағы түйіскен күндегі үлкен мерекеге куә болған жер еді. Ақын әуелі “Айнабұлақтың” бұрынғы күйін еске алады. Ол – шөл кешу, еңбек елі үшін өгейлікте болған, тұл тарихтың көп ғасырлық меңіреу куәсі болған орын еді. Енді сол Айнабұлақ – дүлей мекен емес, жаңа дәуірдің жаңа ұрпақтарының ырыс мекені.

Тап кеше Алатауға ағылып қол,  
Асқардың асуынан салмаққа жол.

Гулетіп еңбек күйін дабылдатып,  
Әндетіп, аршындатып төгілді мол, –

дейді.

Ақын совет адамдарының өр қайратын, жеңімпаз күресін шексіз шаттықпен мадақтайды. Бұл өлең мазмұны жағынан да, көркемдік күші жағынан да көрнекті шығарманың бірі болып саналады. Өлеңнің күйлілік құрылысы, тіл келісімі – нақты. Өлеңнің зор мазмұнына түрі де сай келіп, көркем, әсем тұтастық тудырады. Қазақ совет поэзиясындағы сол дәуірдегі өндірістік жаңа қарқын, сапаның кесек түйілген, шебер қорытындысының бірі Әбділданың осы “Айнабұлақ” өлеңі деуге болады.

Өндіріс тақырыбындағы Әбділда жырларының бір тобы темір жолдағы, немесе Қарсақбай сияқты еңбектің мол қазанындағы олқылықтарды өткір тілмен, шын жігермен шенеп-мінеуіне арналады. Совет азаматтарын саналы жігермен қайрап, намысқа шақырады. “Олқылыққа орын жоқ”, “Жуытпа” деген өлеңдер осы соңғы сарыннан туған шығармалар болады. Ақын Москваны жырлау, Қазақстанның онжылдық мерекесін жыр ету арқылы, жалпы одақтық және халықаралық уақиғаларды, тақырыптарды қамтып отырады. Бұл ретте Әбділда Горький, Маяковский бастаған Бүкілодақтық пролетариат поэзиясының ұлы отандық сарынына әрдайым үн қосып отырады.

1934 жылдарға дейін жазылған Әбділда өлеңдерінде үгіттік мотивтер басым болды. Әбділданың бұл өткен кезеңдеріндегі шығармалары шыншылдығымен, өткір қырағылығымен әсерлі болғанмен де, әлі тереңдеген жоқ еді. Нақтылы лирикаға да бойлай қоймайды. Шығармаларының үгіттік құны бағалы болғанмен, әлі ақындық түр жағынан, өнерлі үлгі, өрнек туғызу жағынан көбінесе бірыңғай, сынаржақ, жұқалаң келеді. Бұл дәуірдегі Әбділда әлі ақындық жаңалықтар іздену жағынан үлкен мәдениетті орыс ақындарынан, әсіресе орыстың, Европаның классик поэзиясынан көп өнеге алмаған және ізденіп жүрген күнделік өмір, құрылыс тартысына барлық бой мен ойқуатын бір ғана екпінмен жұмсап жүрген жас ақын болады. Әлі өлеңнің түрінде, тіл байлығында, теңеу, бейнелеу

сипаттарында ысылған шеберлікке жетпеген жастық жүреді. Бірақ барынша шыншыл, еңбек еліменен, сүйікті Отанымен өзінің бар сезімін, жан тынысын, азаматтық, ақындық тағдырын нық байланыстырып, шын туыстырған ақын, сол қызу жанды жалынның өзімен де совет оқушысына сүйікті бола алады.

1934–1935 жылдардан бастап Әбділданың жазушылық, ақындық іздену жолдары кеңейеді. Бір жағынан, ізденіп, оқып тереңдейді. Екінші жағынан, ақындық өнері де шеберленіп, дами түседі. Әсіресе, қазақ әдебиетінен тыс, орыстың европалық өнерлі классик поэзиясына ден қойып тереңдеп, солардан үлгі ала бастайды. Осылай оқып, өсу арқылы жаңа сапаға, екінші кезеңге ауыса бастайды. Енді шығармаларында ақынның өзіндік жаңаша, жекелік стилі айқындала береді. Сол ерекшелігінің айқын бір бітімі Әбділданың сыршыл, лирик ақын болуымен байланысты. Осы лирика жанрын қазақ поэзиясында мәдениетті, әсерлі, көркем түрге ауыстыруы жолында Әбділданың орны өзгеше. Соңғы 12-13 жыл бойында Әбділданың ізденуі, өсуі жан-жақты, әр алуан болумен қатар, лирикалық үлгі-өрнек, сарын-саз оның өскелеңдеген ақындық тұлғасының негізгі қасиеті есепті боп, үнемі сақталып отырады.

Көркем, күйлі құралған ұсақ сыршыл өлеңдермен қатар, Әбділда соңғы он жылдар ішінде поэмалар да жазады. Бұлардың бір тобы – “Олқылық”, “Екі жаһан”, “Құтқару”, “Оркестр”, “Толғау” алуандас бүгінгі тақырыпқа арналған шығармалар. Поэмаларының екінші бір тобы – қазақ халқының фольклоры – ескілігіне, ауыз, аңыз әңгімелеріне сүйенген көне тақырыпты: “Абыл”, “Аққу”, “Толғау”, “Мерген”, “Кілемшілер туралы ертең” тәрізді шығармалар болады.

Осы соңғы кезеңде Әбділда драматургияға көп зер салып, бір топ ескілі-жаңалы тақырыптарға пьесалар жазады. Бұлары “Жомарттың кілемі”, “Көтерілген күмбез” және Шахметпен<sup>1</sup> бірге жазған пьеса “Мәншүк”.

Осындай бір жанрлы кең, көп тақырыпты шығармалар тудыру аралығында Әбділданың ерекше қадір тұтып, көңіл аударатын Украинаның классик ақыны Тарас Шевченко туралы да “Тарас” атты дастан-драма (кіші драма) жазады.

Сол Тарас жырын еске алып, Батыс Украинадағы халық қызы Катерина туралы саналы толғау түрінде тың тақырыпты поэма жазады.

Осымен соңғы кезеңдегі Әбділда тудырған шығармалардың жиынын үш айқын салаға бөлуге болады. Оның біріншісі – ұсақ түрдегі сыршыл өлеңдер. Екіншісі – поэмалар. Үшінші саласы – пьесалар болады. Біз, бұдан кейінгі тексеруді, осы үш салаға жеке-жеке тоқтап, ақынның табысы мен кемшіліктерін, елеулі қайшылықтарын талдауға арнаймыз.

Әбділданың лирикалық шығармаларына келсек, олар 1936, 1939 жылдарда басылған “Таңдамалы өлеңдер” жинақтарына және 1942 жылы шыққан “Перне” жинағына кіреді. Соңғы кезде, ең соңғы жылдарда жазылған лирикалық шығармаларынан Әбділда жаңа бір жинақ топтап, әзірлеп жүр. Лирикалық қысқа шығармаларының бұрын Әбділда жазып жүрген өлеңдерден шыққан жаңа өрнекті, сырлы, күйлі өлеңі “Сырдариядан” басталады деуге болады. Бұл – ақынның өзі туған өлке, өзеніне – Сыр бойына арналған өлең. Сезіміне күйі сай, тақырыбына тілі сай, қысқа, әсем әндей шыққан анық көркем жыр. Бұл өлеңде Әбділда орыс, Украина және Европа ақындары: Пушкин, Шевченко, Гейне сияқты ұлы классик және шебер лирик ақындардың үлгісін алады. Солардың құлақ күйіне өзінің туған топырағынан сезімтал үн қосады. Осы шығармасының совет ақыны үшін ерекше ұнамды, орынды бір ерекшелігі – Әбділда мұнда құр сарыншыл, драмашыл сезім ішіне өзінің ортасынан жырылып, жекеше шомып кетпейді. Жаңағы классик ақындардың лирикасында ұдайы жүретін реалистік пейзаж, өмірмен нық қабысқан шыншылдық және әсіресе бағалысы, әлеуметтік, өмірлік сарын ұдайы араласып отырады. Ақын өзі Шевченкодан үлгі алғандай, Сыр суы да Днепрдің энергия қуатын беріп отырған жаңа сапасын тапсын дейді. Осы Днепрден өнеге алсын, советтік заманда, ұлы құрылыс дәуірінде өзгере жаңғырып жасасын дегенді програмдық талап етіп қояды. Бұл – лирик ақын үшін, оның революциялық мүдде-мұратын танытатын зор негізгі стильдік мәселе. Социалистік реализм стилінің сыршыл шығарма ішіндегі айқын өткен стилі боп сезіледі.

Жалғыз-ақ, ақынның бір ғана дәл баспаған жаңсақтығын айтуға болады. Днепр Шевченконың бесігіндей болғанда, Гейнеге Рейн өзені әрдайым шабыт бергенде, Пушкин үшін Әбділданың ұлы орыс классигі үзбей жырлайтын Неваны шабыт арнасы етіп алмай, Еділді атауы ойдағыдай дәл шықпайды. Қонымды емес.

Сыршылдық шығармалардың Әбділда тудырған көркем өрнектері көп деуге болады. Бұған “Тараспен әңгіме”, “Елден сөлем”, “Күзет әні”, “Ат үстінде”, “Келіншекпен кеңес”, “Қойшы жыры”, “Достық жыры” және үлкен көркемдікпен қоса әлеуметтік сана-сезімін терең танытатын әрі күйлі нақысты, әрі толғаулы “Оркестрді” қосуға болады. Лирикалық шығармалардың соңғы бір кезеңінде, Әбділда ақындығының бұл жанрда үлкен шыншылдық және шын шеберлікке жеткен сатысын танытатын жетім балалық шақты толғаған өлеңі болады.

Сыршылдық шығармалардағы “Сырдариядан” басталған нәзік сезімді, нақысты күйді әлеуметтік үлкен армандармен біте қайнастырып отыратын, өнімді өлең құрылысы – Әбділданың жаңағы саналған сыршыл өлеңдерінің көбінде көрініп отырады. Ол еңбек адамдарының мал айналасында, сұлу табиғат арасындағы көңіл-күйін жырласа да, өзінің сыршылдығын әлеуметтік іргеден аулақтатпайды. Жеке-даралық мүлгуге, құр тамашалау қалпына әкетпейді. Табиғат көрінісі, адам тірлігі, еңбек ролі әр кезде ақынның терең сезіммен сүйсініп шертетін саздары болып отырады.

Бұл жағынан қарағанда, қазақтың күй өнеріне арналған “Оркестр” атты ұзақ өлеңінде де бұрын жалғыз-жалғыз жүрген, адасып жүргендей болған жеке домбыра, жеке қобыздарға “күнің енді туды” дегендей болады. Бытырап жүрген кедейлердің ұсақ шаруалары енді жаңа дәурен тұғанда бірігіп, берекелі өмір құрғанындай, үлкен сырлы, күйлі берекемен қосылған қобыз, домбыраларды да жаңағы колхоздасқан елдей қостап, сүйсініп құттықтап қарсылайды.

Сөйтіп, “Сырдариядан” “Оркестрге” шейін, одан “Еске алуға” шейін созылған қадау-қадау сыршыл жырларының бәрінде де Әбділда өз лирикасының өзгеше өнімді бітімін

айқын танытып отырады. Сыршылдық өлеңдерінің көпшілігі – саяси өткір, жаңа санадан туған сыршылдық.

Қоғамдық тақырыптарды сезім, санаға әсерлі ырғақтармен, күйлі сырдай жеткізіп беретіндіктен бұл алуандас саяси лириканың көпшілік санасына, сезіміне тез қонатын, сырластықтай өтімділік бағасы даусыз.

Көп сыршылдық жырларының ішінде Әбділданың “Тақ-тақ” атты бір өлеңінде ақынның жекелік, дарашылдық сезімі мен әлеуметтік қарызы арасында болған орынсыз, теріс қайшылық та көрінеді. Ол өлеңде ақын өмірлік құрылыстан, балға мен тастың шақылдағанынан мезі боп, құлақ басып қашқысы келеді. Бұнысында буржуазиялық романтика үлгісіндегі дарашылдық күйін күйлейтін сыршылдықтан, советтік поэзияға қонбайтын қияс, теріс елес, көрініс бар еді. Бірақ совет ақыны өзінің сол ағаттығын сәулетті өмір туғызып жатқан шебердің қасына барып, әңгімелесу арқылы аңғарады. Өзінің адасқанын танып, тұманды аулаққа тартқан, бұлдыр сағымнан айығады. Өз ақындығының қарызы өмірлік құрылысты құптауда, соған сүйсінуде, көмектесуде екенін ұғынып қайтады.

Бұл шығарманың Әбділда шығармасының ішінде кездесетін кейбір, құр ғана сезімшілік, сарыншылдық мотивтерді сынап өту түрінде қалыптанған сыншылдық ерекшелігі бар.

Әбділда шығарған поэмаларға келсек, жаңа тақырыпты, қазақстандық, бүкілодақтық бүгінгі тақырыпқа жазылған поэмаларды ақын ерте бастайды. Оның басы 34-жылы шыққан “Олқылық” поэмасы болады. Аралықта, 35-жылы “Құтқару” поэмасы, 37-жылы “Екі жаһан” атты үлкен поэма жазылады.

“Олқылық” – ақын өзі бірнеше жыл араласып көрген Қарсақбай өндірісіне арналған поэма. Бұл шығарманың сюжеттік арнасы Қанұлы Бердібай сияқты өндіріске арам ниетпен араласқан жауларды көрсетеді және оларға қарсы шыққан қажырлы, қырағы большевик Жәнібектердің жаулармен алысып, жеңгенін баян етеді. Поэма – саяси-әлеуметтік, үгіттік жағынан жұмысшы коллективін өткір қырағылық сезімге баулимын деген тілекпен жазылған шығарма. Бірақ поэма жазу үлгісіне әлі төселіп жетпеген жазушы

өзі алған тақырыбын жаулардың зиянкестік істерін көрсету арқылы баяндайды. 1930 жылдарда көп жас жазушылардың шығармаларында жиі кездесетін кемшілік бұнда да айқын көрінеді. Саясаттық мәні өз уақыты үшін зор болса да, ақындық, көркемдік жағынан схемалық үстірттігі бар. Жаңаны көрсету аз, тек зиянкестік істерді әңгіме арқауы етіп алады. Ірі өндірістің ұлы социалистік құрылыстағы үлкен сапалы, соқталы арнасын поэманың арқауы етіп алмаған. “Олқылық” поэмасы ақынның творчествосындағы үлкен олқылықтың бірі болды.

“Құтқару” поэмасы да тақырып жағынан қарағанда бүкілодақтық совет әдебиетінің қызықты, қымбат санаған, геройлық тақырыбына жазылған. Бірақ поэма челюскиншілерді құтқарудың қаһармандық жорығына арналса да, сюжеттік, композициялық және көркемдік құрылыс жағынан сапалы шығарма бола алмаған. Мұнда ерлердің әлемге әйгілі болған қайраттарын көркем етіп көрсетудің орнына чукоттар жайы, лагерьде жас баланың туу жайы, Каманиннің әңгімесі деген және летчик пен жас қыз арасындағы бұл тақырыпқа қонымсыз махаббат мотиві, қысқасы, қосымша, көлденең, бөгде тақырыпшалар көп орын алып келеді. Нағыз ерлердің өз образдары, іс пенен мінез, әрекеттері де, адамгершілік, советтік қаһармандық бейнелері де айқын танылмай, қағас қалып отырады. Бұл поэмада ақын тақырыбының үлкен арқауын дәл баса алмай, сюжет құра алмай, жайылма, бытыраңқы, бөлшек уақиғаларға поэмасының құрылысын жеңдіріп, әлсіретіп алады.

“Екі жаһан” поэмасында ақынның іздену жолында өндіріп өскендігі алдыңғы поэмалардан сонауғұрлым айқын аңғарылады. Бұл шығарма – әрі одақтық, әрі бүкіл дүние-лік үлкен тақырыпқа арналған поэма. Дүние жүзіндегі екі санының тартысы баяндалады. Поэмада әлеуметтік, тарихтық, ой-саналық мінездер терең алынған. Бір сана – дүниеге қараңғы, қара түнек, таял талабын әкеле жатқан, жиренішті фашистер санасы. Тағы бір сана – дүние жүзіндегі барлық азат ойды көксейтін, еңбек нәсілдерінің нұр күні, жарқын жаһан – Ленин бастаған социалистік Отан санасы. Әбділда бақыт пен сордың, жарық пен қараңғылықтың, ақтық пен зұлматтың қалып-тұлғасын – екі елді, екі жаһан-

ды салыстырып көрсету арқылы танытады. Бір заманда Батыс Европада сыншыл ойдың әрі сыншыл, әрі өзі сыршыл жаршысы болған арлы ақын Гейнені қиялмен тірілтіп әкеп, соған бір жағынан, Германиядағы фашистер істеп жатқан қанқор жауыздықтарды танытады. Екінші жағынан, Совет Одағындағы сан елдердің көп буындары шаттықпен, ұлы сеніммен жасап жатқан жаһан жарқын көріністерін, дүниелік табыстарын танытады. Бұл поэма – ақынның ізденіп өсуінде шынымен көрнекті өрнек туғызған, сапалы жемісінің бірі.

Тек шығарма ішінде Гейне бейнесін, сезім, ойларын сипаттауда ақынның олақ соғып отыратын жерлері де жиі байқалады. Поэмаға қиялмен шартты түрде кіргізген Гейнені аса нақтылы етіп, шынымен қасында отырған күнделікті қонақтай етіп жиі ұсына береді. Және әсіресе, орынсыз боп білінетін бір кемшілік – Әбділда суреттеген Гейне үнемі дәл Гейненің өзіне ұқсай бермейді. Бір жағы әлемге белгілі сыршыл және сонымен қатар аса қырағы өткір көзді, ащы тілді сатирик Гейне, Әбділда поэмасында өзіне ұқсамай қалып отыратын жерлері көп кездеседі.

“Екі жаһан” поэмасы капиталистік өмір мен социалистік өмірді қарсыма-қарсы қойып, көп шындықтардың бетін ашқан елеулі поэма десек те, кей жерлерінде ойланбай айтыла салатын, өзіне-өзі қайшы келетін қаталықтар да ұшырап отырады. Ақын Гитлерді “құтырған ит”, “адам етін жейтін қорқау”, “малғұн” деп дұрыс суреттеп отырады да, екінші бір жерінде “осы күні екі адам бар” деп, алдыңғы өз пікіріне өзі қайшы келіп, оқушылардың ой-сана-сына бекіген Гитлердің жауыздық, сұмырайлық бейнесін жете түсіндіруде олқы соғатын жерлері де бар. Осы тәрізді қаталық басқа адамдардың аттарымен байланысты ұшырап отырады. Бұлар – ақынның өз еңбегіне сын көзімен карамаған, жауапсыздығынан кеткен қаталықтар.

“Толғау” – қазақтың фольклорында кездесетін кең тынысты, жыраулық сарынымен, ерекше жыр өлшеуімен жазылған поэма. Бұнда неміс тевтондарына ертеде соққы берген, орыс халқының қаһарман қолбасшысы Александр Невский образы мол кейіптеледі. Жырдың кіріспесі мен қорытындысында Отан соғысы кезіндегі барлық бауырлас

халықтардың және, әсіресе ұлы орыс халқының баяғыдан бергі батырлық салтын бейнелейді. Халық әдебиетінің салтынша ауызша жыр нақысына түсіп, бүкіл Совет Одағынан аттанған батырлардың жорық салтанатын сыпаттайды. Совет батырларының және социалистік Отан халқының жеңімпаз, отаншылдық бейнесін ірі намыскерлікпен, жалынды ызамен қажырланып жырлайды. Барлық Отан ұлдарын әділ ашуға, кек сапарына ширықтыра аттандыратын тасқыны бар шын жалынды сөз шығады. Бұл поэмада ақын отандық көлемі бар аса зор маңызды тақырыпты алады. Александр Невскийді бір ғана орыс халқының Отан қорғаушы ұлдары емес, бүкілодақтық көп ұлттардың майдандағы ұлдарына да үлгілі ер, жақын етіп танытады.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазған: “Біз жеңеміз”, “Ленинград” атты шығармалар және бұдан бұрынғы жылдарда ақын туғызған “Орыс халқына”, “Грузия”, “Украина” деген өлеңдер және осымен қатар Шевченконы, Горькийді, Фурмановты атап, арнап жыр еткен шығармалардың барлығы да Әбділда үшін кездейсоқ тақырыптар емес. Ол үшін, совет халықтарының достығы мен бауырлығы – тарихта да, сезім-санада да, көркем әдебиетте де және барлық Отанның адал ұлдарына ортақ майданда да үнемі өзінің ардақтылығын, асыл қасиетін танытып отыратын, ең бір қадірлі тақырып болады.

Әбділданың Шевченко шығармаларын көп аударуы, Пушкиннің “Руслан мен Людмиласын”, “Капитан қызын” аударуы да осы жаңағы бағыттағы қазына, мұра, ортақ ой-сана майданы мен білек майданы да барлық елдерімізге түгел ортақ деген, кең түсінік, мәдениеттілік санасынан туады.

Әбділданың тағы бір топ поэмасы тарихи тақырыптарға, тарихи аңызға сүйеніп жазылған: “Абыл”, “Тарас”, “Аққу”. Соңғы екі шығармасын драмалық поэма деп атауға болады. Пушкиннің кіші трагедиялары деп аталатын шағын көлемді дастан-драмалары үлгісінде жазылған.

“Абыл” поэмасында тақырып қазақ өмірінен алынған және поэманың геройы қазақтың шын тарихында болған атақты Абыл күйші туралы. Бірақ, осылай болғанмен, бұл поэмада орыс классиктері – Пушкин, Лермонтовтардың

романтикалық поэмаларына көп ұқсастық бар. Солар жырлап өткен Кавказ тұтқындарының үлгісіне жақын, өнеге алу, оқып өсу аңғары байқалады. Сонымен қатар белгілі тұтқындар турасындағы мәлім болған сюжеттік құрылыстарға оңай еліктеу де жоқ емес. Түрікпен аулындағы кеш, әңгіме-дүкен құрған жиын қасында қол-аяғы байлаулы тұтқын дәл сондай кеште шеркес аулында мойнына арқан тағылған офицер тұтқын, Пушкин тұтқынын еске түсіреді. Тек мұндағы тұтқын Абыл – үлкен өнер иесі, атақты күйші. Пушкин поэмасында ерте күндегі халықтар жаулығының қатал өткелінен тұтқынды құтқарып, азаттыққа шығаратын – мәңгі қасиетті сезім махаббат болса, Әбділда поэмасында сол дәрежелес, бар халықтарға бұл да сондай қасиетті – күй өнері болады.

“Абыл” поэмасы – Әбділда жазған поэмалар ішінде анық романтикалық және құр сарындамашылық үлгісінде жазылмаған, оптимистік жарқын сезімді, әсем сырлы көркем поэма.

Осы алуандас романтикалық және ішкі сезімдерге көп көңіл бөлініп жазылған мағыналы, ойлы драма-дастан “Тарас” болады. “Аққу” атты драмалық дастан да ақынның сырлы, күйлі етіп шығармақ болған қысқа шығармаларының бірі. Бұл поэмадағы адамдардың тартыстары мен тағдырлары аңыз дәрежесіндегі болмысқа, шындыққа сай суреттелгенмен, жазушы шын мәніндегі реализмге жетерлік терең өрісіне бара алмай қалған. Хан образы жеткілікті дәрежеде батыл сыналып, жиренішті жауыздықпен және шығыста болған тираниямен суреттелмейді. Қатал хан өзінің тоқалы Аққу үшін кек алушы ғана болып кейіптеледі. Ол істеген жауыздық, өмірлік салттық жағынан белгілі дәрежеде оны ақтауға болатындай халдерге, тартыстарға сайып отырады. Бұл жай осы шығарманың идеялық, стильдік жағынан жетер өрісіне, революциялық романтика өрісіне толық жетпей, кемістік соққанын көрсетеді.

Идеялық мағына жағынан және көркемдік маңыз жағынан жалпы сапасы әлсіз шыққан Әбділда поэмаларының бір тобы – ертегілі аңыздар мотивіне құрылған: “Кілемшілер туралы ертегі”, “Толағай”, “Мерген” атты поэмалары. Бұл үш поэманың бәрінде де Әбділда халық әңгімесін револю-

ция ақыны болып қайта қорытып, қоғамдық, көркемдік сапасын ірі дәрежеге: құнды, ойлы шығарма дәрежесіне көтере алмаған. Романтикалық сюжеті бар поэмалар туғызу жолында бұл шығармалар ақынның ілгері дамып, өрлеуін дәлелдей алмайды. Қайта, өсу жолындағы жетіспеген олқылықты, қайшылықты аңғартады. Шынында, халық аузында жүрген қысқа аңыздарды өз қалпында, өлеңмен шала сырлап, терең ойсыз құр ғана әңгімелеп беру – социалистік реализм стилінен жаңылу болады. Революциялық романтика бағытында жазып келген ақынның бұрынғы өсу, өрлеу кезеңдерінен кейіндеп, кем соққанын байқатады. Бұл поэмаларда терең сырлы сезім де, адамды қоғамдық психологияға ие етіп мінездеу де жоқ. Табиғат көрінісі, тартыс, түйін құбылыстар да жай ғана сәл күйге қалыптанғандықтан, поэмалардың өлеңдік шеберлігі де аса көрнекті көркемдікке жете алмайды. Көбінше бұрынғы ауызша поэзияда көп кездесетін қисса алуандас, натуралдық стилі басым әңгіме, жеңіл поэмалар күйінде ғана қалады.

Осы поэмалар тұсында көрінген тақырыптық, сюжеттік және қоғамдық идея жағынан қарағанда айқын сезілетін кемшіліктер Әбділданың ескі тақырыпқа жазған бірнеше көлемді пьесаларынан да айқын байқалады.

Ежелден бергі барлық елдер фольклоры мен ескілікті әдебиеттерінде үнемі жүретін, жақсылық пен жауыздықтың алысуын – қиял тудырған жезтырнақтардай сұмырай тұлғамен сипаттау, ғажайып халдер мен құбылыстар арқылы ертегілік тартысты дамыту Әбділда мен Рошаль жазған “Жомарттың кілемі” деген пьесада көрінеді. Пьеса оқиғалық жағынан қызықты тартыс құбылыстарға құрылғанмен, жалпы ой-санасы жағынан үлкен өнімді маңызы бар, көркем шығарма бола алмаған. Және фольклор көлемінде болатын, ертегілік стиліндегі заңдылықты бұзған қонымсыз жайлар да көп. Халық әңгімелерінде бұрынғы заман шындығына сәйкес, қорлықпен тұтқын азапта болған әйелді ер, герой құтқару орынды болушы еді. Бұнда жақсы қыз бен жауыз қыздың арасындағы тартыстың себепшісі, олжасы боп жігіт – Жомарт жүреді. Қазақ фольклорының материалына сәйкес жазылса, пьесада жезтырнақтар тек әйел болса керек еді. Ал, пьесада жезтырнақ-

тардың ең жөдігөйі, сұрқия залымы еркек. Аяз қалпында әрекет етеді. Бұл жайдың өрескелдігі даусыз. Халық қиялы еркектегі, әйелдегі жаманшылық, зұлымдық мінездерге өзінше, ертегілік шартты тұлға, маска береді. Жезтырнак осы жағынан қарағанда тек әйелден шығады. Көбінесе сылдыраған келіншек кескінінде суреттеледі. Оны еркек етіп бейнелеу – орыс фольклорындағы ведьманы ақсақал етіп ауыстырумен барабар, үлкен орынсыз өрескел іс болады. Сүйтіп, фольклор тақырыбына баруда әрі фольклордың өз ерекшеліктерін жете ұғынбай бұзып алып, әрі совет жазушысы идеялық, қоғамдық жағынан өзінің совет әдебиетіндегі айқын бағытынан жаңсақ басады.

“Көтерілген күмбез” атты ескі аңыз негізіне құрылған пьесада жазушы бұрын “Аққу” атты дастан-драмада бір рет суреттеп өткен тақырыбын кеңейтіп алып, қайтадан күйлеп көреді. Бұнда хан жауыздығы шеттен келген басқыншылық варварлық-зұлымдық түрінде кеңірек алынған. Сәулет өнерінің асқан шебері Пәрман зор арманды, бірақ трагедиялық тағдыры бар, ірі суретші есебінде романтикалық стильмен бейнеленген. Бірақ пьесаның идеясында “искусство – искусство үшін” дегендей кемшілік бар. Моңғол ханы ең өлкені қанға тоғытып, қара түнек орнатып жатқан заманда Пәрман сол хан мекен еткен орында өрен сәулетті ғымарат салуды өзіне мүдде, мақсат етіп қойып, сол жолында өзінің де, сүйгенінің де қанды қазасына жетеді. Бұл пьесада осындай қоғамдық көркемдік, идеялық санасы айқын, ашық – социалистік реализм арнасында болмағандықтан, үлкен даулы ойлар туғызады.

1946 жылы 26 августа БК(б)П Орталық Комитетінің “Драмалық театрлардың репертуары және оларды жақсарту шаралары туралы” деген қаулысында Әбділданың “Біз де қазақпыз” деген пьесасын қатты сынады. Пьеса үлкен саяси-идеялық қатасы бар шығарма болып танылды. Бұл пьесада Әбділданың ескі тақырыпқа жазылған алдыңғы пьесаларының идеялық, қоғамдық және стильдік жағынан байқалып жүрген кемшілік, қаталықтары келіп, ірі саяси қаталыққа әкеліп соқты. “Біз де қазақпыз” пьесасында Әбділда батыстың Ибсен, Метерлинк сияқты декадент, кертартпа символизм стилімен жазған буржуазиялық ба-

ғыттағы жазушыларының ізіне түсіп кетті. Сынсыз еліктеуді жол етіп, реалистік үлгіден жаңылды. Олардың шығармаларының сыртқы құрылысына, ішкі мистикалық нанымына, байшылық, дарашылдық санасына сәйкес келетін, революцияға жат, қарсы әдістерді Әбділда өз шығармасында мол түрде үлгі, өрнек етіп алды. Қоғам мен адам өмірін буржуазиялық символистер кертартпа нанымдары, тұманды, бұлдыр әдістері бойынша өте шартты түрде, үстірт әсірелеп алады. Олардың адамы нақтылы жеке, шын тірі, бейнелі адам емес, тек нобаймен нұсқалап қана алынған сыңаржақ, күдікті адам болатын. Сондықтан олардың ісі де, тартыс талабы да белгілі, тарихта, қоғамдық ортаға, арнаулы мезгілге байланыспайтын.

Әбділда пьесасында да дәл солар үлгісінде, геройдың аты “қазақ” аталып, тағы бір геройлар – Балғашы, Балталы, “Балалы әйел”, “Ауру әйел”, “Ауру еркек” деген сияқты бұлдыр болады. Кім екені белгісіз геройлардың мәлімсіз, тұманды бір жол кешкен, ұғымсыз жұмбақты арман қуып жүргені суреттеледі. Өте шартты, күңгірт түрдегі тартыстарға түскен адамдар өмірден, тарихтан жырақ бір кейіптер болып шығады. Пьесаның барлық саясаттық, идеялық қаталықтары жазушының іздену жолында өзінің социалистік реализм әдісін тастап, жалпы советтік әдебиет бағытына қарсы келетін бөтен жазушылардың үлгісіне қаталық түрде еліктеуінен туған. “Біз де қазақпыз” пьесасында бірнеше қазақтар күн іздесе, оларға екінші бір қазақ күн әкеледі. Мұндағы көрсетілетін қараңғылық, ауыр хал – патшалық, феодалдық ескі өмірдің бейнесі де, күн – социалистік Ұлы Октябрь революциясының бейнесі десек, жазушы Октябрь революциясына қатысушы кейбір қазақтардың ролін суреттемек болады. Бірақ оны өз шындығына дұрыс шеше алмай, ұлтшылдыққа апарып соғатын саяси қате жібереді. Өйткені қазақты ауыр азаптан құтқарған да, оларға бостандық, теңдік әперіп, күн әкелген де – социалистік Ұлы Октябрь революциясы, Ленин бастаған Коммунист партиясы. Жазушы пьесасында бұл жағдайларды ұмытып, буржуазиялық декадент, кертартпа символистердің жолына түсіп, БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысында көрсетілген саяси қатаға ұшыраған.

Әбділда осы тексерілген ескі тақырыпқа жазылған соңғы шығармаларында жасаған қаталықтарын қазір тереңдеп ұғынып, енді күрделі, көркем шығармаларымен сол қаталықтарын түзеу жолында еңбек етіп жүр.

Драмалық шығармалармен қатар, Әбділда өзінің ең негізгі өнімді және бұл күнге шейін, жиырма шақты жыл бойына жазып келген поэзия жанрында да жаңа сана көрсетуі керек. Енді Отанымыздың бүгінгі, нақтылы үлкен құрылыстары туралы шынайы, үлкен көркем, әрі терең ойлы, әрі саясаттық, идеялық жағынан жұртшылығымызға социалистік сананы зор қадірмен таныта білетін үлкен поэмалар беруге талпыну қажет.

## ГЕНИАЛЬНЫЕ ТВОРЕНИЯ

В ряду счастливых приобретений культурного человека особняком стоит его постижение Пушкина. Творения поэта живут в нас неоценимым кладом, вызывая неизменно, во все наши возрасты, восторг и преклонение перед памятью русского гения.

Пусть не всегда это мы обозначаем словом, но не перестаем чувствовать, что Пушкин сопутствует нашей жизни каким-то большим, ярким, немеркнущим светилом.

Однако в зависимости от каждой личной судьбы, жизненного пути, не в одну пору, а по-разному входит пушкинская поэзия в нашу жизнь.

Моим родным языком являлся не русский, а казахский язык. Русскою речью я овладевал постепенно, долго, в отроческие и юношеские годы. И в зависимости от разных степеней знания русского языка и также от разных степеней умственной зрелости оригиналом пушкинских произведений я овладевал также постепенно.

Но зато, как и все казахские читатели, я имел счастливую возможность читать и заучивать пушкинские строфы на своем родном языке. Еще в ранние детские годы, когда я только научился читать по-казахски, первой светской книгой явились стихи Абая. А его рукописный сборник всегда обязательно включал в себя чудесные абаевские переводы отрывков из “Евгения Онегина”. Таким образом, вместе с узнаванием Абая одновременно началось и знакомство с Пушкиным. И его знали, заучивали не только грамотные люди, но знали большинство акынов — певцов и поющая молодежь. Прекрасные, волнующие мелодии, сочиненные Абаем к тексту письма Татьяны, к объяснениям Онегина, широко разносились по казахским степям.

Помнится, как пели девушки на качелях о душевных излияниях Татьяны, как пели на свадебных торжествах, на всяких семейных увеселительных вечерах признанные певцы. И всюду я бывал свидетелем того, с каким почитанием и благовением внимал стар и млад чарующим пушкинским строкам. Недаром грамотные девушки из абаевской среды, выходя замуж, увозили в числе своего приданого рукописный сборник стихов Абая, в котором неизменно присутствовали пушкинские, лермонтовские стихи.

В русскую школу я пришел, уже зная популярного, любимого в моем народе Пушкина. Он был близок и дорог нам — казахской молодежи, так же как наш казахский классик Абай. По одному тому, что так рано вошел в мою сознательную жизнь, Пушкин стал мне родным. И на всю жизнь в моем восприятии его имя крепко слилось с именем Абая, как отцов-двойников.

За долгие учебы в начальной, средней русской школе, а затем в Ленинградском университете, в пушкинских семинариях постепенным пониманием, научным освоением его наследия мысленно отмечаешь пути и этапы своего становления как писателя и научного работника. Характерно, что неисчерпаемые глубины пушкинского гения, при каждом качественно новом обращении к ним, представляются мысленному взору как все расширяющийся, бескрайний горизонт благодатной, вечно плодоносящей равнины, как обетованный край вечного изобилия и плодородия.

При моем творческом обращении в романе “Абай” к наследию Пушкина меня не покидало радостное сознание того, что я хоть в малой степени, но отдаю благодарный долг памяти великого человека, давшего так много и истории моего народа, и мне самому.

Мне доставляет личное огромное удовольствие, когда, читая спецкурс о творчестве Абая в стенах Казахского государственного университета имени С.М. Кирова, я общаюсь о традициях Пушкина, воспринятых Абаем и высоко поднявших художественное, идейно-историческое значение творчества самого казахского классика. Бесконечно долго сознавать, что казахская советская молодежь, как и весь казахский народ, воспитанные в духе ленинско-сталинской дружбы народов, понимают, воспринимают Пушкина как самого близкого и самого дорогого своего духовного предка.

## ПОСЛЕ ДЕКАДЫ

Ночь. При свете факелов хоронят Козы-Корпеша Баян, сорок джигитов-юношей и сорок девушек. Нет слез и страданий, глаза говорят одно: "Мсть!"

Среди степи, где только трава да небо, зарыли прах Козы-Корпеша. В свежий холм воткнули найзу — в знак того, что умер воин. Положили сверху череп и скелет коня.

Похоронив Корпеша, Баян с девушками и джигитами поехала разыскивать Кодара.

Ночь. Пустыня. Около колодца со своей дружиной расположился Кодар. Воины спят. Появляется Баян со своей дружиной.

Кодар с иронией приветствует ее, кланяется:

— Приветствую тебя, печальная вдова!

Баян слезает с лошади, бросает поводья подруге:

— Зачем смеяться неуместно?

Тебе торжествовать сегодня нужно!

Твоя победа, пред тобою я склоняюсь.

Быть твоею я согласна.

Кодар не ожидал такого оборота — остолбенел. Но Баян весело и легко подошла к нему и поцеловала его в щеку.

Джигиты и девушки, не понимая ее игры, недоумевают.  
Кодар приглашает Баян в свою палатку, но она кокетливо отказывается, говоря:

– Мы сегодня путь тяжелый проделали, устали все.

Будем отдыхать... Боюсь, разгневется бог на то, что в день похорон войду в палатку другого жениха.

Кодар преклонил голову пред ней.

Баян вошла в свою палатку.

Утро. Кодар входит в палатку Баян. Она лежит на подушках, бледная, усталая.

К о д а р. Что с тобою, милая жена?

Б а я н. Ах, совсем упали силы и порой в глазах темнеет... Видела я сон. Явился мне волшебник и сказал: “Чтоб избавила себя ты от тоски и боли, черпни воды со дна колодца не ведром, а прямо шапкой и напейся той водою...”  
Но не в силах я спуститься сама в колодец...

К о д а р. Разве я позволю, чтоб в колодец ты сама спускалась! Дай мне шапочку...

Б а я н (*снимает с головы шапочку и отдает ему*).

Хорошо, Кодар мой верный.

По моей косе в колодец поскорей ты спускайся,

Подвяжу ее я лентой.

Зачерпни воды холодной, исцели свою невесту.

Кодар и Баян подошли к колодцу.

Кодар без колебания опустил по косе Баян на дно колодца. Но едва он коснулся дна, в руках у Баян блеснул нож, миг один – упала лента на дно глубокого колодца.

Но Кодар подумал, что девушка шутит, и спокойно крикнул вверх:

– Эй, шутница, поскорей подавай сюда веревку!

Баян с горькой усмешкой отвечает:

– Я шучу, как ты с Корпешем пошутил стрелой недавно.

Эй, девушки! Вот изменник, храбрый воин против сонных!

Богатырь непобедимый, я тебя перехитрила!

Эй, джигиты, забросайте вы камнями колодец!

Стройте памятник достойный над могилою Кодара!

Девушка сама берет первый камень и бросает его в колодец.

Джигиты и девушки забрасывают колодец камнями. Наплывом виден готовый памятник предательству и варварству — груда камней над колодцем.

## Ш т о р к а

Над могилой Корпеша строится памятник.

Джигиты выкладывают очертания фундамента из огромных камней. Движения медленны, величественны.

Баян, желая показать высоту будущего памятника, бросает вверх свою шапочку. И, словно в сказке, как гора среди равнины, неожиданно вырастает высокий памятник.

Баян всходит на выступ памятника и, обращаясь к народу, раскланивается в три стороны, доставая до земли рукой:

— Прощайте, родные, прощайте, девушки, джигиты, все, с кем жила, кого любила. Мать родная моя, прощай! Все прощайте! Ветер нежный...

Она просит всех оставить ее одну, говорит, что им нужно скорее вернуться в родные места, что теперь все снова заживут счастливой жизнью, что они свободны. Что улыбку жизни никогда не омрачит тень зла. Что светла и свободна будет их любовь. Что жизнь нельзя поставить на ноги без жертв.

Козы и она принесли свои сердца на жертвенник жизни. Они любили жизнь так сильно, что ради нее отдали свою жизнь. Право нашей жизни и свободной любви в нашей смерти.

— Идите, цените жизнь и защищайте ее от варварства. Я остаюсь здесь памятью верности и чести! И каждый прохожий, каждый проезжий, каждый путник степей, видя памятник этот, возгордится сознанием того, что жизнь его безоблачна, и загорится светлыми чувствами утомленное его сердце.

Ее уже нет в кадре, но хор продолжает исполнять ее слова и слова народа, уходящего в степь.

Растет звучание музыки. Рассыпался караван по степи. В музыке идет тема начала фильма — плодородия. Идут кадры с убыстряющимся внутрикадровым движением народа, возвращающегося в свои родные места.

Шагают верблюды, нагруженные детьми и скарбом. Едут старики на ослах. Легче ветра летят кони джигитов и девушек. Вырастают новые юрты. Обгоревшая степь теперь волнуется высоким ковылем. Тут и там пасутся косяки коней.

Стада овец медленно передвигаются по степи. Их охраняют пастухи и собаки.

Самки животных нежно кормят своих детенышей.

Сверкая, журчат арыки.

Купаясь в голубых просторах, пролетает горный орел.

Медленная панорама вниз. На фоне медленно проплывающих облаков, на первом плане, утопая в цветах и ковыле, стоит светлый обелиск Козы-Корпеша — памятник верности, чести и чистоты. Он легко и высоко взлетел вверх.

Медленная панорама вверх, к обелиску Корпеша, где окаменевшая в граните фигура Баян зовет к мести, к верности, к борьбе.

В оркестре звучит торжественный гимн — гимн непобедимой любви и верности.

К О Н Е Ц

# Әңгімелер





## АСЫЛ НӘСІЛДЕР

(Екінші нұсқасы)

### I

Түн ортасы боп қалды, бірақ Әсияда ұйқы жоқ. Күзеттің камы да емес, Әсияны ой ұйықтатпайды. Бұл ой бір бүгін емес, соңғы екі жұма бойында ішіне терең орнап, үнемі өкіндіріп, қинап, кеміріп жүр.

Түн желді, суық, қыстың түні еді. Әсияның киімі жылы. Үстінде атасы Есіргептің үлкен сеңсең тоны пұшпағына түсіп, бойын қыздырып, тоңдырмайды. Қораның шетіндегі кішкене киіз үстіне жантайып жатса, қымтанып орануына да жарайды. Етегі төсек, жеңі жастық, сенімді мол киімнің өзі. Әсия екі қолын жеңіне сұғындырып, көбінесе отырып тыныштық алмай, қотанды айнала баяу басып, тынымсыз арлы-берлі жүріске ауысқалы көп болды. Аласа бозғыл беткейді толтыра жатқан бір қора қой мың қаралы. Қалың тобы қыбырсыз тыныштықта. Ақырын пысылдап дем алып, тыныс алады. Осы қойдың күзетінде жүрген Әсияның ойында көп нәрсе, көп бір естегілер үзік-үзік, бірін-бірі қуғандай ауысып, толқып өтеді. Әсіресе өкініш батады. Өзін-өзі аямағандай: “жамандық еттім-ау, әттең, соны неге еттім? Енді жұртқа не бетімді айтам! Масқарам шықты ғой тегі!” – деп, өзін жазалаған ойға қайта-қайта орала береді.

Әсияны осындай ойынан иттің үргені алаң етті. Қой шетінде жататын үш-төрт иттің арасында шолақ құйрық, шұнақ құлақ арабы қара төбет бар. Өзге ақ қаншық, ала күшік, ақ төс, көк дүрегей тазыдан бұл төбеттің мінезі бөлек. Оны күндегі күзетте Әсия әбден біліп, түйген болатын. Қалған иттер не болса соған үре берсе де, қара төбет тегін үрмейді. Ол төбеттің аты Таймас еді. Бұл үрсе, тек бірденені, не қасқырды, не ұрыны, немесе суыт жүрген

бөгде жолаушыны көргенде ғана үретін. Өзінің ауыр ойынан оянған Әсия, Таймас үрген жаққа қарай қадам басты. Қараңғы, желді түннің меңіреуіне жас көзін қадап, әлденені көрмек болады. Бірақ ит қанша қадалып, шаншылып үргенмен, Әсия іштеңені болжай алған жоқ.

Бүгін түн желі қатты екен. Аспанда қалың, ауыр қара бұлттар тұтасып, жәй салмақпен ауып келеді. Айсыз, жұлдызсыз, декабрьдің түні, қою қараңғылық қаптатқан, саңылаусыз түн. Бір қалыпты ызғырықпен қатаң соққан түн желі өтімді, суық. Жер қара болса да, қыс ызғарындай суық ызғары бар жел. Таймастың зор дауыспен, қайратты зілмен, қысқа қайырып, бапылдап үрген үнін түн желі қағып әкетіп, ық жаққа, алысқа жеткізіп жатыр.

Тегін үрмейтін Таймас, Әсияның ойын “әлдебіреу ауылды торып жүр ме?” деген күдікке аударды. Иттің қасына кеп: “нені көрдің, серігім?” дегендей, Әсия қой шетінде желдің өтіне бетін беріп, итпен бірге қатты желге қарсы, қасқая қарап тұр. Әсияның ойлағанындай, Таймас бұл жолы да тегін үрген жоқ екен.

Алыстан, жел жақтан Таймас естіген сарын, иіс түнде-летіп келе жатқан жүргіншінің белгісі болып шықты. Аз уақытта Темірқазық жақтан, ойдағы құм жақтан келе жатқан жалғыз аттының қарасы көрінді. Қора шетінде жатқан өзге иттерді бастап Таймас, жүргіншінің алдынан жүгіріп үрді. Бірақ аз үріп барып, келе жатқан аттыны танығандай тоқтап, қой шетіндегі жалғыз үйге қарай бұрылды.

Жүргіншіні Әсия да таныды. Екі күннен бері жолаушылап құмға кеткен Әсияның қайын атасы Есіргеп еді бұл келген. Кеш бойы, қой шетіне жалғыз шыққалы Әсия қадалып ойлаған жүдеу ой, өкініш ой, қазір мына жүргіншіні танығанда, жас әйелдің бетіне қатты бір ұят отындай боп дуылдап шықты. Бірақ, амалы жоқ, атасының алдынан көлденеңдеп жүріп кеп, кішілеу киіз үйдің сыртында тосып алды.

Есіргеп қарт қараңғы түнде астындағы боз биесін деміктіріп, терлетіп, қатты жүріп келген екен. Келіні алдынан тосып тұрып: “Жәке, ат-көлігіңіз аман ба?” – деп, именіп ақырын сөйлеп, боз биенің шылбырынан алып, атасын аттан түсірді. Басында үлкен, дөңгелек, қалың қара бөркі бар, қалың киінген Есіргеп келінімен амандаспай, үнсіз түсті. “Шаршап келдіңіз ғой!” деп, келіні атасымен

тағы жауаптасайын деп еді, ол басында қолын ұзын жеңімен бір сілтеп, жауап бермеді. Сырт айнала беріп, өзіне-өзі айтқандай қып:

– Шаршамасы бар ма? Шаршаттындар ғой түгі, құрып қалғырлар! – деді.

Әсия бұдан әрі үн қата алмады. Ат қасында белдеуге байлаған күйде тағы да беті ұяттан ду еткендей боп, үнсіз тұрып қалды. Атасы үйге кіріп, орта жасты әйелі Балжанды оятты. Әсияның қайын сіңлісі үйде сергек жатыр екен, шешесінен Қанипа бұрын оянып, үй ішіне от жақты. Әсия үй сыртында тұр, кіруге бата алмады. Желден біраз ықтап тұрып, атасының кейісін тыңдайын деп еді. Бірақ оған да батылы шыдамай, қой шетіне қайта кетті.

Есіргептің жаңағыдай суық үнмен жауап қатқанын, ұрыса сөйлегенін, әсіресе бұны ұрсып сөйлегенін, Әсия бұрын естіп көрмеген еді. Енді аттан түспей жатып, ызасын, кекесінін ірке алмай, жаңағыдай қатқыл сөйлеу Әсияға бар жайды айтқызбай-ақ түсіндірді. Өзін қинаған ой, қысылдырған күй бұрын атасына белгісіз болса, қазір түгел мәлім екенін келін анық аңғарып тұр. Ең болмаса әзірше атасы білген жоқ шығар деп ойлаған Әсия сырын, мұнды сырын, Есіргеп осы сапарға аттанарда өзінің кәрі жолдасы Балжаннан естіп кеткен болу керек.

Қой шетінде, суық желдің өтінде, төбеден ауыр салмақпен басқандай төніп, маңып келе жатқан қара бұлт астында Әсия қыстығып, булығып барып, ыңырысып жылап жіберді. Ұйқы былай тұрсын, енді отыра да алмайды. Сенделумен қалың қойдың шетін үнсіз айналып жүр. Түнерген, иығы түсіп салбырап, екі көзін төмен салып, қара түннің бейне бір мұңды көлеңкесіндей қозғалады. Сенделіп жүрген жас әйелдің ішінде аяусыз ойдың ащы бір зәрі, уыты жүз толқынады. Өкініш, қайғы сорабы мұның ойын сан түндер бойында өз ойымен талай соққан бір кешке, осы күздің жарық айлы бір кешіне апарады...

...Биыл аса жайлы, жылы болып өткен сентябрьдің бас кезі болатын. Отарлар ол кезде құмда емес, ұзын аққан Қарғалының бойында еді. Өзен бойын сол жағада ұзақ шақырымдарға созылып қонған КИЖ\* шаруасы мекендеген. Есір-

---

\* КИЖ – Қазақстанның мал шаруа ғылым институты.

гептің отары көп жеке өзіндей қашарлардың, көп қойлы көрші отарлардың орта тұсын мекен еткен. Ұзын Қарғалының екінші жағасына жағалай созыла қонған, көрші аудандардың колхоз малдары болатын. Күздің бас кезінде отарлап мал жаятын совхоз бен колхоздарға Ұзын Қарғалыдай жайлы қоныс жоқ. Бір жағы жаз бойы соны тұратын, қалың ақ от қаулап өскен көп сары адыр болады. Екінші жағы – отар малының ертелі-кеш су ішіп, жағалай жайылатын өзені – Қарғалы. Бұл өзеннің алқабы кең. Екі жағасы шалғынды, шымы тұтас, сазды ұзын көгал болады. Күндіз де бір мезгіл жайылыстан қайтқан қалың қойлар, өзеннен су ішіп, жағалауындағы жарында, шилеуіт, сызат өлкесінде тыным алып, жайылысқа қайта шығып жүреді. Шөбі қалың, суы мол және ауыл қонарлық қойнау-қойнау алаңы көп өзен бойында, бұрынғы күндерде де, көктем мен күз кезінде қалың ел мол малымен, осы күндердей иін тіресе отыратын.

Әсияның есіне оқтай қадалып тұрған кеш, жарық айлы, үнсіз, жым-жырт жылы кеш. Сол Қарғалының бойында екі жағасында өрлей, құлдай отырған қалың елдің бірталай қауымы жиылып, өзінше бір қызық сауық еткен кеші болатын. Әсия мен оның тату досы, қайын сіңлісі Қанипа екеуі Отан соғысынан қайтып келген бір ағайындарының үйінде болды. Қатерден аман қалған тату құрбы, осы совхоздың өздеріндей шабаны – Түсіпжанның үйіндегі тойда болған. Кеш бойы Түсіпжан үйінде ұзақ өлең арасында, қонақасы үстінде аздаған ішкілік болды. Әсияның соғыс басталғаннан бергі жаңғыз бір көңіл көтергені сол. Өз уайымын сәл ұмыттырған, қызық кеш сол еді. Сонда бұған өздерінің ағайыны Молтай деген жігіт оралды. Бұл күнге шейінгі өмірде ешуақытта аузына алмаған, ойына келмеген, бір сырын Әсияға өлең арасында ашқан болатын. Сол Молтай айтқан құмарлық сыр сөзден бұрын, Әсияның көңілі соғыс басталғаннан бері жабырқау еді. Тек сол бір ғана жарық айлы сырлы түн, бір сәтке Әсияның көңіліндегі қайғының бәрін ұмыттырып, есін ұрлағандай болды.

Әсия әлі күнге болған халдің барлығын есіне түсіре алмайды. Соғыс басында, 41-ші жылдың жаз ортасында, жайлауда бұның сүйікті жары Сайлыбек әскерге кеткен болатын. Екеуінің үйленісіп, табысқанына бір ғана жыл болған еді. Сайлыбек – Есіргептің жалғыз баласы еді. Әсиямен екеуі бір жыл бірге кешкен өмірде, еңбекте – серіктес бол-

ды. Үй іші тұрмыста, жаңа ғана табысқан жастық таңындай ыстық жалынды тұрмыста, қабақ шытысып, ренжісіп көрген емес-ті. Әсия Сайлыбектің жары боп, Есіргеп үйіне кіргелі осы мынау қой шетінде тұрған жалғыз үйдің үзілмес ұзақ, мол қызығы туғандай еді. Түз еңбегі жарасып қосылған, біріне-бірі тең баласы мен келінін Есіргеп қарт пен оның мінезі жұмсақ әйелі Балжан да қатты қуаныш ететін. Іштерінен шүкір етіп, қызықтайтын. Әсия мен Сайлыбек өмірінің әсіресе бір өзгешелігі, екеуі де, ата-ене былай тұрсын, тіпті жас Қанипа алдында да ашысып сөйлесе алмай, ылғи ұялып, бірін-бірі жасырын сүйетін. Сондайлық ірку бар, перде астындағы құпия сүйіспендік бұл екеуіне аса тәтті еді. Біріне-бірі еркін тиген, я даладағы, я болмаса үйдегі оңашалық шақтарын бірінен-бірі ажырай алмастай, аса бір ыстық, қымбат шаққа айналдырушы еді.

Сол Сайлыбек жылға толар-толмас қана үй іші өмір кешті де, қатері көп, белгісіз ұзақ сапарға, Отанын қорғау сапарына аттанып кетті. Жарқыраған жаз ортасында қадірлес ата-анасын қалдырды. Аялап сүйіскен Әсиядай жарын қалдырды. Сайлыбек бәрін артына тастап, бел асып кеткенде, жарық күн сөнердей болды. Жайлы жылы жаз дәл қазіргі Әсия көз жұмбай жүрген, қыстың қара түніндей боп кетті. Қызыл жүзді жас, ажарлы, нұрлы келген қой көзді, бұрын әнші, күлкіші Әсия қайғы татты. Жасынан жар құша алмай, мұң құшты.

Жүрек басына, әр кезде мұның көзіне сағыныш жасын жұмарландырып, түйіліп келтіретін зіл қара тастай шер орнады. Үнемі қауіп, күдік қою қара бұлттай боп бұл жастың айы-күнін бірдей басты.

Әлі де, міні, мынау жеті түнде, зауал уақытта, Әсия барлық шыншыл зарлы жүрегінен бір шындықты өзінен де, әлемнен де, қазіргі ашулы, өкпелі атасынан да жасырмай, ұялмай айта алады. Шын көңілінде Сайлыбек басына қиянат етермін деген бірде-бір ниет жоқ еді. Құлын-тайдай айқаласып өскен Сайлыбегін бүгінде де Әсия ешбір жанға айырбас етпес еді. Ұмытпай, соның атын жад етіп сарғаюмен, тосумен күн кешуге, айлар, жылдар күн кешуге әзір еді. Бірақ бір Әсия емес, оның атасы мен енесі де, қайын сіңлісі Қанипа да Сайлыбек жайын талай улы жаспен жуа-жуа мұңдаған. Үміт қанаты қырқылып, Сайлыбегі келмесе кетті дегенді жүрегі бата алмаса да, ақылымен Әсия әлде-

қашан ұққан болатын. Бұған себеп Сайлыбек кеткен жылғы қыс басында келген майданның суық хабары еді. Сайлыбектің командирі оның Мәскеуді қорғағандағы ұлы отаншылдық, өр ерлігін айтып кеп, кейін жауды Мәскеуден қуып, ұзатып әкетіп бара жатқанда, Вязьма түбінде қатты қырғын соғыс үстінде қаза тапқанын білдірген. Сайлыбектің ата-анасына осы хабарды білдірген командир Андреев ер жауынгерді жоқтағандай сөз жазыпты. Сондай ер ұлды, адал ұлды өсірген ата-анаға, Әсияға ұғымсыз орыс тілімен сай-сүйекті босатқандай көңіл айту, жұбату сөз жазыпты. Майданнан баласы, інісі, жар-жолдасы туралы ауыр хабар алып жатқан ата-аналар, ағалар, жарын тосқан әйелдер бұл сияқты қаралы хабарды “қара қағаз” деп атандырған-ды.

Әсия мен Қанипа мектепте бала күндерінде бірге оқыған жастар еді. Сұмдық хабардың шындығына олардың көздері әбден жетіп, оңаша ұзақ жыласатын. Бірақ қарттарға осы хабарды өздері әдейі жеңілейтіп, үміт қалдырардай қылып айтысқан. Есіргеп пен Балжанды жұбата ма, қайтеді, бірақ бұл үйдің оқымысты, білімді досы, осы КИЖ малының үлкен бір басшысы Бобров та жұбата сөйлейтін. Сайлыбек турасында келген жат хабарды естіп, Әсиялар күндер, түндер бойы қара тұтып, зар еңіреп жыласып жүрген шақта, майданнан келген хабарды оншалық сұмдық үмітсіздік хабары емес деп, жұбату айтқан. “Сайлыбек жаралы болып, өз бөлімі емес, басқа бөлімнің санитары соғыс артынан алып кетіп, командир Андреевке белгісіз госпитальға түсіп, содан басқа бөлімге ауысып кетуге де мүмкін. Жарасы ауыр болғандықтан, не басқа дімкәстікке ұшырағандықтан, үйіне хабар ете алмай жүруге мүмкін” дейтін. Бобровтың осындай әр алуан, “дертке дәрмен” болғандай жорамалдары... қарттарға соңғы таяныш еді.

Содан бері сарғайып тосумен айлар өткен, алғашқы қаралы жыл да өткен. Бір жыл емес, міні, ұзақ сарылған үш жыл өтті.

Есіргептің үйіне өз ішінен қара өзегін қақ жарып шыққан баласы Сайлыбек пен Қанипадай боп, туысып кірген Әсия бірде-бір шақ шетке қарап көрмеген. Күнім басқа, тағдырым басқа болады деп ата-енесінің үйінен тыс, ойынан аулақ ой да ойлап, білген емес-ті. Тек қана қазір Әсия-

ны удай өкінішпен сенделтіп, қазірде таңды-таңға ұрғызған бір-ақ кеш мұның аяғын жаңсақ бастырды. Мұның жас көңілін жаңылдырды. Ол сол жаңағы сентябрьдің басында болған алдамшы, сиқырлы, жарық айлы кеш. Әнменен, қалың думан, күлкі, қызумен, сәл ішкілікпен масайтып, Әсияның есін ұрлап келген, адасқақ кеш.

Молтай да Әсия туралы бұрыннан бөтен ой ойлап жүрмеген тәрізді еді. Сол кеште ғана оның ойына, өзін де адастырған, әсіресе Әсияны жаңылдырған бір қу сөздер келіпті. Айтылуда Әсияға ол сөз, ол сыр өзінше орны бар сөздей жеткізілген. Молтай Есіргепке жақын ағайынның ішінде жақын еді. Аталастың ең бір тақау келетін Еспайдың баласы. Егер Сайлыбек мүлде дерексіз кетіп, артындағы жарын кім алады десе, бұл ортада әлі арылып, айығып болмаған ескі жол, дәстүр бойынша әмеңгер боп алатын кісі, ең жақын жанашыр кісі Молтай екен. Бұл жайды кемпір-шалдар іштей ойлайтын болса да, Әсия бұрын өз басына бірде-бір уақыт келтіріп көрген жоқ-ты. Оны өзге кезде, ауылдағы совет жасы арасында көзі ашық Әсия, Қанипа, Молтай да ойламайтын. Қайта қарт-қария санасындағы осындай әртүрлі ескілікке күліп қарасар еді.

Бірақ сол кеште, ойына қайдан келгені белгісіз, Молтай сөзі осыдан басталды. Жас келіншек таң қалғандай ойланып қалды. Өзге жастың қалжың-қылжаңын осы үш жыл бойында Әсия аз естімеген-ді. Бірақ әр кезде күлімсіреп, құмарлықтай күйіт қуып, не сыпайы қалжыңмен, не көрінеу тілекпен сүйкенбек болған кісі болса, Әсия тез өңі бұзылып, қатты зекіп ұрсып тастайтын. Бойынан жұлқып тастағандай боп, жігіт үмітін пышақ кескендей тыйып кететін. Молтай өзінің сырын Әсияға қызара-тершіп, қысылып айтқан.

Бұған арнаған тілегін арзан жеңсік, уақытша қызық түрінде айтқан жоқ.

– Қарт атаң Есіргеп те Сайлыбектен күдер үзсе, өз ықтиярымен сені маған бұйырады. Оны біздің екеуміздің де ата-ене, әке-шеше, аға-жеңге сияқты туыстарымыз қазірде іштей ұйғарып жүр! – деп сөйлеген.

Түсіпжан тойына шақ қана көңіл көтеруге, аз отырып қайтуға барған Әсия үй ішіндегі көп дырду арасында Молтайдың жаңағыдай айтқан сөзін естіген соң ешбір жауап айтпай, үнсіз қалған еді. Соның арты ас келіп, тағы да

ішкілікке ауысқанда, Әсия өзінің есін ұрлатқандай болды. Бір тұманға, шытырманға түсіп кетті. Қанша уақыт өткенін білмейді... Қазір есіне түсірейін десе, бастан кешкен анық халдің барлығы бұған айқын суретте, бірде-бір оралмайды. Тек жадында қалған жалғыз бір кез бар. Молтай екеуі күлкі дырдуы, айтыс-әні көп үйден тысқа шыққан шақта, толық ай әлі де сүттей жарық еді. Желі жоқ, тып-тынық түн екен. Өзен жақтан, шалғынды құрақ қамысты, жасыл шилі сызаттан келген болымсыз салқын буалдыр тартып мұнартып тұр екен. Сәл ғана салқын леп бұларға ымдағандай боп, өзен жағасына жетелеп, тартқандай болғаны бар. Шилеуіт далдасы көп, жасырыны мол түн Әсияның есін алды...

Таң ата жалғыз өзі жай басып, аппақ сұр боп қуарып қайтты. Өз үйіне қарай жөнелгенде, Әсия жүрегіне үлкен қылмыс артынан лезде оянған, ең алғаш сол таңда оянған өкініш келген еді. Мұның артында қалған жасыл жаға, қалың ши мен терең жар жасырған өкінішті сырды әлем білгендей. Әсияның қарсы алдынан шығып: “Бәрін білдім. Мәлім. Аздың ғой!..” дегендей боп, ардақты, арманды жары Сайлыбек кінәлап, тосып тұрғандай боп еді. Сол көкшіл таңның өзінде, жас жүрегі осы бүгінгі болар уайымды сезгендей болатын. Әсия ата-енесінің үйіне кіре алмай, күн шыққанша үй сыртында отырып, үнсіз жаспен ұзақ егіліп жылаған-ды...

Бүгін, міне, сондағы Әсия күнәсінің себепшісі болған Молтай да жоқ. Ол шақта әскерден жас жігіт қалатын сияқты дәлелі де, үміті де бардай еді. Бірақ ондағы сенімнің бәрі текке кетті. Молтайды да Отан әмірі жауға қарсы жұлқысып жатқан майданға ап кетті. Жарық айлы түннің ыстық сыры құпиялық күйінде қалмады. Сөз өсек боп білінген жоқ. Әсияның өз ішінен туды да, өсті де, дүнияға жасырынсыз, жалтарусыз “мен шындық, мен сондағы жарық айлы түн айғағы” – деп білінетін боп тұр.

Екі жұма боп қалды, Әсияның жас өмірінде бойына ең алғаш біткен ұрық, ана құрсағында әуелі бірінші рет сәл бүлк етіп білініп еді. Енді күн сайын өзінің барлығын, ғажайып тірлігін мұңды анасына танытып, жиі-жиі қозғала бастады. Бір өзінен басқа бұл күнде сырласы қалмаған Әсия ана болуға амалсыздан бейімделгенін енді аңғарды. Жасырып

болмасын енді білген соң, осы соңғы күндерде іштегі ауыр сырын ең алдымен қайын сіңлісі Қанипаға айтқан.

Әсияның түсі бір көгеріп, бір әппақ боп бозарып, жіп-жіңішке сарғыш қастары шошынғандай түйіліп тұрды. Ол өз сырын бастағанда, бұған соншалық тілеулес және шын берік дос Қанипа бірге қызарып, бірге қуарған-ды. Бұл екі жас әйел бала күндерінде, бастауыш мектепте бірге оқыған. Бірнеше жыл бойындағы татулығы мен сырлас жолдастығы бірде-бір кез бұзылып, құбылып көрген еместі. Кейін КИЖ шаруасында екі жас қыз ер-азаматтан бетер, санаулы жас қайраткер боп алды. Еңбекпен көзге ілінген кезде екеуінің сырластығы, тілеулестігі бұрынғыдан да асып, өсе түскен. Бертінде Сайлыбекке жар жолдас боп, асыл дос боларлық, қымбат жан Әсия жеңгесі. Әсиямен жалғыз ағасының қосылуына да үй іші кеңесінде себепші болған Қанипа еді.

Ерні жұқа, тұнжыраған қап-қара көзді, қызғылт, жылтыр, жылы реңді Қанипа Әсия сырын естігенде жылап жіберіп, жеңгесін құшақтай алған. Көгерген жұп-жұқа еріндерінен қаны қашты. Қалтыраған қалпымен жұбату сөз айта алмады.

– Айтпағын, тегі-тегі! Айтпағын, сорлапсың ғой, Әсия! – деп, жеңгесінің қасынан бір тұрып кетіп еді.

Артынан бүк түскен қалпында қос иығы дірілдеп, оқ тиген балапандай зар еңіреп қалған Әсияға қайта ұмтылып кеп, тұрғызып алған. Жүзіне жүз қадап, өзінің де нұрлы кара көзінен ыстық жасын тыймай ағызып отырып:

– Қайтесің, қайғырғанда қаяққа барасың? Молтай болса, о да жоқ. Жәкем мен апама өзім айтайын, жасың тый, тегі! – деген. Алғаш ашылған Әсия сырын қатты бір сенделу, қоса күйзелумен қабыл алған.

Содан бері үш-төрт қана күн өтті. Әуелі Қанипадан Әсияның енесі Балжан естіп, бір күн, бір түн бойында ас іше алмай, бүк түсіп жатты. “Желім ұстады” деп Есіргептен жасырып, өзінің уайымымен көз жасын төккен.

Заты момын Балжан бар шерін жасына артып, Әсияға бір ауыз сөз қатпады. Бірақ әлденеден, келініне ұғымсыз себептен бұрынғысынан да мейірлі боп, асының алдын, нәрлісін ылғи соған ұсынады. Қабақ пен ішін танытып,

Әсияға әншейіндегісінен әлдеқайда көбірек қамқорлық етеді.

– Тоңбасын, шаршамасын, аш болмасын! – деп, Қанипаға сыбырлап, қысқа-қысқа аналық қам айтады.

Бірақ, сонымен қатар, Әсияның ішін, от өзегін қарс айырып, тілгендей боп күндіз де, түнде де, өзін-өзі аңдамай, момын Балжан “аһ ұрып”, күрсіне береді. Алдыңғы күн таңертең Есіргеп ақ шеке биені мініп жүрмек болды. Қыс қатайып келе жатқандықтан, мынау қалың қойға құм ішінен жұттан аман қалар өріс-қоныс, жай іздемек. Ері жүргелі тұрғанда Балжан тысқа шығып, қарт серігінің қасына жаяу еріп, көп жерге шейін ұзатып, бірталай сөз айтып жіберген. Мұны алыстан шолып жүріп, өзінің сырын ата-енесі сөз қып бара жатқанын Әсия да білген еді.

Әншейінде бір жаққа шығып, үйге қайтса, ең алдымен Әсияға амандасып, отар жайын, мал күйін, амандық хабарын тек қана Әсиядан үнемі айнымас, жылы шыраймен сұрайтын Есіргептің алдыңғы күн біліп кеткен ауыр уайым хабарынан соңғы келісі жаңағыдай болды. Әсияны қатты жат көріп, сыртқа теуіп, “құрып қалғыр” деп атағаны тегін емес. Есіргептің ішінде әлі тұнып, тыныштық тауып болмаған үлкен шердің толқыны жатыр. Соның ызғары Әсияның ұятты жүзін жаңа аяздай қарыды. Жас келін тыным ала алмай, қыстың ұзақ таңын дамылсыз сенделткен сергелдеңмен өткізді.

## II

Есіргеп қайтқан соң, түн ортасына шейін жалғыз үйде шам сөнбеді. Қиын жайдан үй ішінің ауыр кеңесі болғанын Әсия қой шетінде жүріп аңғарған-ды. Таң ата үйге кіріп жатса да, Әсияның ұйқысы шала болған. Қалың көрпе астында күрсіне түсіп, Әсия оянғанда, Қанипа әлі қойға кеткен жоқ екен. Әкесі мен қыз арасында ұрыс тәрізді сөз бар еді. Екеуі де күбірлеп сөйлейді. Кейде шал кеудесінен ашулы сөз булыққан сыбырдай шығады. Қанипа әке ырқына көнбей, қарсы ұрсып:

– Кім қиналмай отыр? Осы үйде жас төкпеген біреу де жоқ. Әсияның бүгінде ішкені зар, қинама! – дейді.

– Қинама... Қинаған емес. Мені бұ қорлықты көргенше, бұл ұятпен ел бетіне қарай алмай жүргенше, жер жұтсын деп жүргем жоқ па?

– Не қыласың сонда?

– Кетем сендерден. Қаңғып кетем, тегі, жоғалтам көзімді.

– Ақылың мол әкесің. Бірдеңе таба ма десем, сөзің со ма?

– Іштеңе табарым жоқ. Өлімнен ұят күшті. Сендер қалыңдар. Қалғын бәрің сонда. Сайлыбектен айрылып та өлген жоқсың, тегі. Мен де қарамды өшірейін. Бұл өңірде тұрмайым.

– Тапқан екесің! Малды қайтесің? Ақылды, сенімді шабан деп саған сеніп жіберген елді қайтесің? Бобровка не бетінді айтасың?! Досымсың деп кеше серт бермеп пең?

– Серт берсем, сендерге сеніп, Әсия екеуің серігім болад деп, соғысқа кеткен азаматымды, Сайлыбегімді жоқтатпайт деп бергем. Екеуің бірігіп ап, мені мұндай отқа салсаң, кәрі Есіргепте не қуат, не дәрмен қалушы еді? КИЖ-ге де, Бобровка да жауапты екеуің өзін бергін. Мені досым десе, Бобров екеуінді “туған қызым” деген. “Түнде күзет, күндіз бағымды екеуіңе сенбеп педі? Мені мұнда тұрсын десең, осылай етермедіндер? Жақсы ит өлекесін көрсетпей өледі. Тегі, сол ит құрым болмаспын ба? Кетем сол! Әсияны қостасаң, қал осында қасында. Мен сендерге жоқпын!” – деп, шал өзінің өзгерместей байлауын қатты түйіп айтты. Әсияның аңғаруынша, тұрып кетіп бара жатқан сияқтанды. Осы кезде Қанипа ұмтылып барып әкесін ұстай алған тәрізденді. Бұл уақытқа шейін Балжанның үнін Әсия естіген жоқ еді. Қазір соның булығып жылап:

– Құдай-ау, не сұмдық! Ұстағын, жібермегін, Қанипа, сорлым. Ағадан бір, әкеден екі айрылдың ба?! – деген зарын естіді.

Осы кезде Әсия көрпесін ашып, жастықтан басын жұлып алды. Өмірінде бірінші рет атасына тік қарады. Жасқа толған қой көздерін Есіргепке қадап, жылап сөйледі:

– Жәке, Жәкетай, күнім ағатай! Сөзімді тыңдағын, Жәке! Сізді күйдірген мен ғой. Айыпты боған мен тұрғанда, сіз неге кетесіз? Кәрі басың қайда қаңғысың? Сіз кетпеңіз, ұятымды, айыбымды арқалап мен кетемін. Қайда

кетсем де, көзіңізден жоғалайын. Қазір-ақ мен кетейін! – деп, атып тұрып, киіне бастады.

Қанипа біресе есік алдында аңырып тұрып қалған әкесін құшақтап, біресе ұмтылып Әсияны аймалайды. Екі арасында, күйік үстінде, жылдам жанған жалындай шалқиды.

– Жәке, Әсия, тыңдағын. Қойғын, тегі! – деп, сөз таба алмай екеуіне кезек жалынып тұрып, аяғында Әсияны құшақтай алды. Оны әке ашуынан өз денесімен тасалап, қорғағандай боп тұр. Жаңа бір қайрат тапқан, сүп-сүр болған жүзбен Есіргепке қарап:

– Жәке! Үйдің де, малдың да иесі сенсің. Бізге де ақылшы, пана сенсің. Сен кетем дегенің сөз болмайды. Шыныңды айтқын. Бұл сөзің “Әсия кетсін, онымен бірге тұрмаймын” дегенің ғой? – деп, қатты айғайлап жіберді. Әкесінің жүзіне зілменен қадалып тұрып:

– Солай дегін, айтқын шыныңды! – деп, ақырып қалды.

Есіргеп үн қатқан жоқ. Үй іші аз уақыт жым-жырт еді. Тек өксіп жылаған үн Балжаннан ғана шығады. Қанипа әкесіне ұзақ қарап тұрып:

– Әсия кетсін дейді екесің. Олай болса, мені де ұстамағын. Қазір қош айтысып, Әсиямен бірге мен де кетем. Қалғын! Екеуің жерің кеңісін. Үйіңе, малыңа ие боп қалғын әне екеуің! – деді. Әсияға шұғыл бұрылып:

– Әсия, сен кетсең, мен сені жалғыз жібермейм. Қаңғытпайм қайғылы жалғыз басыңды. Сенің жарың майданға кетіп, жалғыз босаң, менің де күйеуім сонда кеткен, мен де жалғыз. Сенде түк жазық жоқ, жасыма. Бір тамшы жас ағызбағын. Мені қайда кетсең, ерте кеткін. Болды, қазір екеуіміз де кетеміз, – деді.

Есіргеп енді қызыменен жауаптаспады. Көзін төмен салды да, бар денесін сілкіткендей қатты күрсініп алып, шұғыл бұрылып, шығып кетті. Балжан қызы мен келінін қоса құшақтап, аяғандай аймалап жүр.

– Қойғын, жандарым, қоя қойғын. Не деп тұрсың екеуің, тегі. Әкемен ұрыссаң да, сол сөз бе еді айтарың екеуіңнің? Кетем деп шал қорқытады. Кетеміз деп екеуің үркітесің. Ол әкең болса, мен анаң екеуіңнің де. Менің не жазығым бар еді?! Біріңмен бірің ұрыссаң да, отқа салатының мен бе? Маған шал керек пе еді? Қарғам, ендігі қанатым екеуің керексің. Сөйлесе шал сөйледі, мен қайсыңды тілдедім? – деді. Жылап тұрған қызы менен келінінің бет-

терінен сүйгенде, екі жас әйел ұялғаннан қоса жылап, үн қата алмады. Жазығы жоқ адал ана мейірі мен күйігі бар. Дәрменсіз әлсіздігі тағы мәлім. Хал-қайратты екі жас әйелдің бар ашулы қуатын еріксіз жеңгендей.

Балжан сирек сөйлесе де, адамның ішін долбармен, зерек танығыш еді. Үнсіз тұрған Әсияның көгеріңкі жүзінен әзір ашудан басқа ешнәрсе түйе алмады. Бірақ өзінің қызы Қанипада Балжаннан алған мейірімділік мұрасы бардай, көңілшек еді. Соның қазір тез өзгергенін қарт ана анық таныды. Аңғарды да, енді қатқыл үнмен қызына әмір етті:

– Қой өріп кетті. Қасқыр араласпасын, сен сөзді қойғын да, шапшаң атына мініп, қойыңа барғын. Әсиямен өзім сөйлесем, алаң болмағын. Бар, малыңа бар! – деп, Қанипаны тез киіндіріп, қойына аттандырды.

Осы күн түс шағында, күпсек қар басқан төбенің үстінде, екі жас әйел оңаша сөйлесіп тұр еді. Әсия үйден отын іздей келген. Қанипа қойын алыс өрістен отарға қарай жақындатып келген екен. Қалқан құлақ, көк бастау келген ақ қойлар – осы отардың жаңа тұқым, асыл қойы. Сол қойлар әйелдер тұрған төбенің күнгеі бетіне жабыса жайылып, тебіндеп жатыр.

Атынан түсіп, қоңыр биенің ауыздығын алып, ұзын шылбырмен оттатып тұрған Қанипа, бұл шақта Әсиямен ақырын сөйлеседі. Біріне-бірі сирек жауап берісіп тұрған халінде екі дос, екі құрбы әйел іштерімен ұғысқысы келеді. Әсия өзінің көп толғанған ойын айтады. Бірақ ол шарасыз.

– Жәкем тоқтаса, тыныштық тапса, мен сендерді тастап қайда кетем, өз әкем болғанмен, өгей шеше қолына табашыға барады екем, далаға қумас, қайда барсам еңбегіме жалынам, оларға масыл болмаспын, бірақ өзің білесің ғой, туған үйің одан да Жәкемнің үйі, сендердің қасың менің шын мекенім ғой, қимас бесігім, сенің үйің, осы өзімнің үйім, бабын өзің тап, Жәкем жатсың демесе, мен сендерден кетпеймін. Совхоз басшылығынан да, фермеден де қашықтамыз, мынау қойды, өкімет малын, майданда ер-азамат жүрсе, советтің мұндағы көзі ашық саналы жастары деп, сен екеуімізге де сеніп, осы мынау алыс құмға жіберіп отыр. Бұны кімге шашып кетеміз? Оны ойласам, неге де болса шыдайын деп, сені тастап кетпеске тағы да бекіне түсем! – деді.

Қанипа оны жұбатпақ, тыныштамақ болады.

– Уайымды қойғын, тегі, тыңдамағым осы жауабың еді, Әсия. Алаң болмағын. Ендігі қалған сөздің бәрін өзіме бергін, – деді. Бірақ келешек екеуіне де мәлім емес. Бір кезек екі дос әйел алдағыны мезгілдің шешуіне бергендей болады. Күнгей бетте, шашырамай тығыз жанасып, жайылып жатқан қойларына қарасады.

– Бү қойлар жазды күн емес, қысты күн жайылғанда да біріне бірі жабысып, тобын жазбай жүреді екен. Күн ыстықта бірін-бірі көлеңкелеп сүйтеме деуші едім. Қазақ қойынан осы ақ қойдың мінезінің бәрі бөлек екен, тегі! – деді Әсия.

Ол қойды түнде күзеткені болмаса, күндізгі өрістегі жайылысын Қанипадан азырақ білетін. Қанипа болса, осы құм ішіне тақаған жайылыстардың бәрінде ақ қойлар мінезін әртүрлі жағынан бақылайтын. Бірақ жаңағы Әсиядай қысқы-жазғы мінездерін қорытқан жоқ еді.

– Рас айтасың, тегі, қазақ қойын бағудан осы қойды жаюдың бір оңайы бар. Бұлар тіптен шашылмай жайылады. Қасқырдан сақтау да оңай. Тек изені бар жерге жеткізсең болды. Қатар тұрып жабысады да қалады. Бір жердің шөбін тақыр тауысқанша жүгіріп жортпайды. Жалғыз-ақ бір күн жайылған сай, төбеге тек екінші күн жаюға болмайды. Бір күн жайылса, тап-тақыр құртып кетеді. Бұның осындай да мінезі бар. Бобров келгенде ақ қойдың осындай мінез тауып алғанын айтам деп жүрмін, – деді.

Қой тұрасында, әсіресе осы отардың биылғы құмға көшу бағытымен байланысты жайларды бұл екі әйел, тату күндерде Есіргеппен де қоса мал мінезін бұлжытпай танығыш, аса терең ғылым адамынша танығыш, байқағыш Есіргеппен екі серігіне ақ қойлар туралы көп-көп сөздер сөйлейтін. Өзінің болжалын да көп айтатын. Әсіресе, үшеуіне күн-түн естен шықпас бір міндет ерекше мәлім болатын.

Қой тұқымын тәжірибелі ғылым зерттеуі бойынша асылдандырып келе жатқан осы совхоз өзге көп жылдардағы тәжірибесін КИЖ биыл дәл осы қойлар арқылы өздеріне жат жаңа, сонымен бірге батыл бір іске шыққан. Ақ қойлар биылғы жыл осы құмға текке келе жатқан жоқ. Ғылым үшін аса құнды болатын сыннан өтпек. Халық шаруасы үшін де бағасы ерекше зор сыннан өткелі келеді.

Ақ қойдың атасы – жүнді тұқым. Шешесі – қазақ қойы. Солардың бірнеше рет қоздап өткен нәсілінен құбылып, өзгеріп кеп қалыптанған бір буын – осы. Оны бағу совхоз ішіндегі ең ақылды, қайратты және адалдық бейілі күшті қартаң шабан Есіргепке және Әсия, Қанипаға тапсырылған болатын.

Жүні әбден асылданған, бойы қазақ қойынан ересек, еті мол, ақ қойды білетін бір КИЖ-дің мал мамандары емес, Алматыдағы мал тұқымын зерттейтін зор ғылымдық орындардың бөріне мәлім. Сондағы атақты үлкен білімпаздардың ғылымдық зерттеуімен, тұқым ауыстыру тәжірибесімен дүниеге келген болатын. КИЖ көп жылдан бері, көп тұқымды қойларды арлы-берлі алмастырып көрді. Алыс Американың “рамбульесі”, Англияның “прекосы”, Батыс Еуропаның “вюртембергі”, ыстық шығыстың – “гиссары”, “саргиджасы” Ұзын Қарғалының топырағын татқалы талай заман. Солар Қазақстанның құм шөлі мен асқар Алатауында, үскірік аязды қыс, Сарыарқасында тұқымтегімен өрбіп-өсіп жүрген “еділбайлар”, “шу” қойларымен әлденеше рет айқыш-ұйқыш қан қосты. Тұқым араластырып, туысып көрген. Осы ұзақ тәжірибелердің әрі ісшіл, зерделі, әрі ізденгіш, білгірі – Бобров бір Алматының алабында дәл Ұзын Қарғалының бір өзінің бойында он үш түрлі жаңа тұқым, қой тұқымы жаңа нәсілді дүниеге келтірген болатын.

Сол көп тұқымның ішіндегі ең бір кенже тұқым – ақ қойлар. Бұрынғылардан бұлардың бар сапасы өзгерек, ыстық тұқым, қымбат нәсіл осы болар делінетін. Бұның Бобровты және оның өзге он үш тұқымды тәжірибемен өсіруінде халықтың көп ғасырлық даналығы мен білгірлік, қырағылығын зерделі ғалымдық көмекке әкелген Есіргеп қартты енді соңғы рет сынға салып жүрген бір жайы бар. Онысы – осы қойдың қысқы тебінге шыдамдылығы жөнінде. Тау жайлауда қай қой болса да, шыбынсыз жазда, салқын белде семіре алады. Бірақ қазақ сахарасының иен дүние, кең-байтағы өзгені күтеді. Миллиондаған мал бесігі боларлық құм менен далада қатты қыс бар. Сонда өз аяғымен күн көріп, жайылыспен шығатын шыдамды, көнпіс тұқым керек. Барлық жаңа тұқым қойдың барып тұрған ауыр сыны, ең зор бәйгесі осында. Жаңа тұқым

қойларды өсіріп жатқан Қарғалының совхозына, оның тәжірибелі білімпазы Бобровқа, Есіргептей қарт данасына Алматының астана басшы орындарының Жер Комиссариаты, жоспарлау орындары артқан ең зор міндет, аса қиын сын осында. Өзге бар белгісі барлық бұрынғы “аға” тұқымдардан асып тұрған кенже нәсіл ақ қойлар өздерінің биылғы күйімен шын сырын айтады. Дәл осы қыстың аяғында бүкіл Қазақстан алдында, қала берсе бүкіл Одақтық халық шаруасын меңгеретін зор орындар алдында Бобров пен Есіргепті сынға салмақ.

Дүние жүзіндегі өзiргi барлық саны биыл көктемдегi жас нәсiлден бiр мыңға ең алғаш қана толған ақ қойлар, қазiр теп-тегiс бiр атаның ұлы есептi. Осы Қанипа мен Әсияның алдындағы жайылып жатқан сол отар болатын.

Осы отар құмға қарай көшкелi биылғы қыс шырайы өзге жылдардан өзгеше жаман боп тұр. Қатты қысылып кетсе, үйiп қойған маяларға, әр алуан жемге сүйенетiн КИЖ фермелерi ұзақта, алыста қалды. Жұма сайын Алатаудан аса соққан ызғарлы желмен қоса түскен қарлы қыс, қоймен қосып, Есіргептiң отарын құмға қарай, алыс елсiзге қарай ықсырып, қысып, өкшелеп келедi. Осы кездiң өзiнде, декабрьдiң аяқ шағында Әсия, Қанипалар Сартауқұмның шегiне келiп қап отыр. Қарсыз болады деген құм, биыл олай болмай тұр. Әлi болса қыстың январь, февральдай анық қорқынышты, кем қойғанда табан екi айы алда тұр. Үй iшiнiң өткен түндегi құйындай, құмның қысқы суық құйынындай қатты соғып өткен қайғылы халi бiр сәрi болса, шаруа мұңы мен қысылшаңы осындайлық. Оның өзi де өрескел ауыр күйге соққалы келе жатыр едi.

Әнгiменiң зоры, бұрынғы қазақ қойындай болып, ақ қойлар қатты қыста, құм iшiне ұзақтап батып кетiп, өлмей шыға ала ма? Жұтқа қарсы алыса ала ма және соның бәрiнiң үстiне ақ қойлар қыс бойы не көрсе де азып-жүдеп, iндетке ұшырамай ма? Көк жасық боп, не көктемде жемтiк боп, құм арасын әппақ сүйек қып толтырмай ма? Және де осының бәрiнiң үстiне, қыс бойы не көрсе де, iшiн сақтап шығып, көктемде күйлi шығып, жақсы қоздап бере ала ма? Мiнi, ақ қойлардың сапасы арқылы, Есіргеп бастаған екi жас әйелдiң және олардың артында тұрған Бобровтың өтетiн сыны осындай.

Кешелер, соңғы екі күн бойында, үй ішіндегі уайымын, ішкі жарасын елемей, екі күн, екі түн бойы елсіз құмға жалғыз кетіп, белгісіз бейнеттер шегіп қайтқан Есіргептің оқшау жүрісі де осы күйден туған. Мынау отырған Қаройдың шетіндегі Қанбұлаққа қар осылайша түсіп қалған соң, әлі жыл мойыны ұзақ боп тұрғанда отар қарлы қоныстарда не күйге соғарын білмей, Есіргеп қатты қиналғандай болатын. Малының күйлі кезінде құм жақсы болса, соған ілініп алмаса болмайды. Мына қалыпта, қыс қатайып, қар қалыңдай берсе, ақ қойлар не ферміде жоқ, не құмда жоқ боп, екі арада қайранға соққан кемедей дағдарыста отырып қырылуға мүмкін. Сондықтан Есіргеп қалың құм құйқасын өз көзімен барлап-шарлап келген-ді.

Екі жас әйел еңбек өмірлеріне өздерінің Бобров, Есіргеппен бірге қосылып, совхоз басшылығына осыдан бір ай бұрын айырыла көшерде берген сертттерін ұмытпаған-ды. Түн күзетте тыным алмай, құмның қомағай көкжал бөрісінен ақ қойларды қорғап, Әсия тыным таппайды. Күндіз болса, әкесі айтқан төбе, сайларға қойларын үнемі жылжытып аударып салып, үлкен қамқорлық оймен бар қойына жақсылық қана ойлап, Қанипа тыныштық таппайды.

Екеуінің жаңағы бір кезде қойға ауысқан әңгімесі, әншейінде бұл туралы көп сөйленбейтін бір жайға соқты. Ақ қойлардың өзгешелігін, барлық өзге он үш тұқымнан басқалығын, әсіресе сол басқалық мына құмға кіргелі жас әйелдерге және Есіргепке де таң қалдырғандай және де көңілдерін жұбатқандай, бөтенше екенін Қанипа айтады. Сүйте тұрып:

– Қозысынан қолымызда туды-ау, Әсия, бірнеше жылдағы екеуміздің ер-азамат кеткелі сарп еткен еңбегіміз, талабымыз, күйбең мен сүйсінгеніміз бәрі осылардың үстінде бопты-ау. Биылғы қыста осылар жұтап қырылып қалса, еңбегің еш, тұзың сор деген сол болар еді-ау, – деді.

Қанипаның мұны айтқаны, бір жағынан, Әсияға ой салу болатын. Әсияның жауапты ой ойлайтын, азаматтық санасы бар. Қанша қиналса да, кейде өзінің бас уайымын жұмыс үшін құрбан ете алады. Оны осы соңғы үш-төрт жыл бойында, әсіресе дәл осы ақ қойларды Есіргеп үйі өз жауаптылығына алғалы Әсия қыс та, жаз да, күндіз де, түнде де боран-шашында, дауыл-жауында, елсіз-күңсізде,

нелер ер-азаматқа сын болатын нелер қатты қысталаңда Әсия көрсеткен, танытқан болатын. Осы жайларды ойлаған Қанипа, қазір Әсияның атасымен ұрысқан, ренжіскен бас уайымын сөз қылудан ауысып, әңгімені мал шаруаның міндеті мен жауаптылығына әдейі ауыстырып, оны және Әсияның малға жаны ашитын зор саналы мінезіне әсер ететіндей ғып айтып тұр.

Қанипа сөзінің түп мақсатын күнде сыр мінез боп жүрген жас дос әйел Әсия жақсы аңғарды. Ендігі бір аз сөзді сол жаққа өзі бұрды.

– Өлімнен ұят күшті дейді. Менің ұятым екеу боп тұр ғой. Бір жағы, Жәкемді өкпелеткен ұятым, бірақ оны ғана ойлап, сол ұяттан қашып, бір жаққа, көз көрмес, құлақ есітпеске кетсем болар еді. Бірақ осы мал, осы қойларды қайтем? Екеуміз бес жыл бойы, өзіміз тудырып өсіріп келе жатқан осы малдың бәрі шұбырып шулап, мені қарғап қалатын сияқты. Азаматтан бетер қайрат етеді деп, сеніп жіберген жұрт қайда? Одан көретін ұятымнан да өлгенім тағы артық сияқты. Білмейм, білмей тұрмын. Қайтерімді білмей тұрмын... Жәкем екеуміз енді, тегі, бір үйде сыйысып тұра алар ма екеміз. Бәрінен шатағы осы боп тұр ғой. Жә, мен үйге отын жеткізейін, – деп, әңгімесінің аяғын оқыс бітіріп, жүруге айналды.

Ұзын жүні бозғыл тартқан, екі бүйірі күптей боп қампиған сұр есек, көптен бері Әсияны тосып тұрған. Үстіне теңделген мол отын – сүткен бар. Бұл өңірдің құмға жақындаған уақыттағы немесе қыстайғы жағатын отыны. Әсия есегін айдап, ауылға қарай жүріп кетті.

Қанипа Әсияны тоқтатқан жоқ. Оның сөзіне аз да болса, жаңа сөз қосқан жоқ. Қанипаның үндемеген себебі, оңашада бұл уайымдай ойлап жүрген бірталайын және ең қиыны, ең ауыры Әсияның өзі түгел ойлап, мұң қылып жүр екен. Есіргеппен ренжисуде Әсия жастығымен, ұятпен, ызамен сыңар жақ ойлап кете ме деп еді Қанипа. Жаңағы Әсия сөзі олай емес екенін білдірген соң, бұл әдейі үндемей, іркіліп қалған.

Қанипа осы бетімен күні бойы қой ішінде болды. Әкесінің айтуы бойынша және көп күннен бері өзінің де тәжірибесі бойынша қойларды жылжытып айдап, бір жайылыстан екінші жайылысқа ауыстырмауға тырысады. Шөп

бар болса, қойлардың өзі де жылжымайтын сияқты. Бірақ түстен бері Қанипаның мазасызданып ойлаған бір жайы бар. Қойдың бір күнгі жайылысына изені жетеді деген екі-үш төбе, мынау қойлардың жарым күн-ақ тебіндеуіне жарады. Изен мен “еркек” дейтін шөптерді жиі жайылған қой тауысып қойды. Енді Қанипа аңғарып тұрса, бұның жем іздеген үлкенді-кішілі ақ қойлары қардың астын жылдам жүріп тебіндеп жүр. Бірақ жем табылмайды. Бұрынғы құмнан қашан Қанбұлақ, Жылыбұлақ сияқты қоныстарда қойдың сүйіп жейтін жусаны мен шағыры бұл арада болар-болмас, сирек қылтанақ боп зорға кездеседі. Көп жерлерін шөптен көрі көп басып, құм алған төбелер енді қойларды ашықтыратындай. Оның үстіне, соңғы бір жұманың бойында бұл араның қары екі-үш рет жауып, қалыңдап барады. Ол қардың астынан өзінің өсімдігі аз құмда қойлардың нәр іздеп табуы тағы да қиындап кеткен. Жаңа қасында тұрған Әсияға осы жайылыс нашарлығымен байланысты туған өзінің күдікті ойын айтпай қалса, Қанипа қазір қалың қойдың арасына кіріп, қабағын түйіп, күдігімен тамсанып қойып, шарасыздық халін білдіреді. Көп қойлар қылтанақ таба алмай енді жүргіштеп, жылжығыш боп кетті. Бірақ бұл төбені тастап, екінші құм төбеге қарай қойлар шұбырып жүргенмен, Қанипа алдына түсіп, желіп жүріп, маңайдағы екі-үш төбені озып барып шолып шығып еді. Онда да қалың қой тым құрса бүгінгі кешке шейін талшық ететін жайылысты көре алмады. Қоралы қойының кем қойғанда қақ жарымы бұл төбелерден де көрек ала алатын емес.

Кеше құмға барып қайтқан Есіргептің бұл қоныстан кетіп, көшіп баратын жай іздеуінің өзі де соңғы күндер даладағы жайылыстан қойын алып қайтқан сайын, Қанипа айтып келетін осы бүгінгідей шаруаға күйсіз, жайсыз хабардан туған жүріс еді.

Қой ішінде Қанипа осындай отар күйімен күйзеліп жүргенде, Есіргептің үйінде дәл осы мал күйі туралы, тағы бір кеңес болып отыр. Бүгін таңертең Есіргептің отарына екі жолаушы келген. Оның бірі – бұл отардың қысқы-жазғы қамқоры профессор Бобров. Екіншісі – КИЖ-дің зоотехнигі, мал маманы, қазақ жігіті Айдаров Асан.

Ақ қойлардың нәсілі дүниеге келуге ғылым жолымен және тәжірибе, еңбек пен қайрат сіңіріп келе жатқан осы

үш-төрт адам болатын. Бастаушы ой Бобровтікі. Соны қостап, оқымысты ғалымның нұсқауымен қысы-жазы еңбек ететін Асан мен Есіргептер.

Осыдан екі ай бұрын Бобров дәл осы үйде ұзақ күндер еңбек кешірген. Отардың тұқым беретін тұсак, саулықтарын октябрь аяғында бөлгізіп алған. Өз көзімен басқарып, өзге серіктері соның нұсқағанын істеп, қойларды апрель басында қоздайтын етіп, ұрық септірген. Бұл шаруа бұрынғы қазақ даласындағы сахаралық тәжірибемен күйек байлап, күйек алып жүрмейді. Қоздарлық қойға болашақ қозының ұрығы түтікпен егіледі. Сол келген жолында Бобров Есіргепке “осы қыста құм ішіне кетсең де, артыңнан жетемін” деп, бір уәде берген. Ақ қойлардың қыстың құмында қандайлық қайрат, төзімділік көрсете алатынын өзі де бақыламақ еді.

Бобров пен Есіргеп бірін-бірі көптен біледі. Екеуінің еңбектері аралас болудың үстіне, жастары да шамалас. Бобров қазақтың тілін үйренгелі көп жылдар болған. Осы Есіргептей көп шабандармен жақсы араласу арқылы білген. Шабандармен жазы-қысы бірге жатып, бірге тұрып, мейлінше сырлас еді. Барлық жайдан еркін әңгімелесу арқылы қазақ өмірін де жақсы білген адам.

Есіргептің үй ішіне Бобров аса жақын, жақсы дос. Қамқор әке, аға есепті боп кеткен.

Бобровтың бұл жолы асығыстау келген жайы бар. Алау алабына биыл қар қалың түсті. Қыс ерте қатайып бара жатыр, сол асықтырды.

Жолаушы қонақтар келгенде, кешегі ұзақ жүрістен қажып келген Есіргеп, қоңыр үйінің ішінде жылы бүркеніп, тыным алып ұйықтап жатыр еді. Қанипа қойда, Әсия отынға кеткен. Үй ішінде ояу кісі Балжан кешеден қалған шақты отын, теріскенмен, Есіргеп оянса деп, үй ортасына қағыстырып от жағып, сары самауырынға оқта-текте шок салып, қыздыра түседі. Кейде ақырын ғана күрсініп, Есіргептің оянғанын тосып отыр еді. Сақ ұйықтайтын қартаң шабан Бобровтардың үй сыртына кеп түскелі жатқан ат дүбірінен оянды. Балжанға:

– Шығып білші, көп аттылар ма келген. Кім болды екен? Әлде Бобров емес пе екен? – деген еді.

Бобровтар үйге кіріп амандасқанда, Есіргеп тез тұрып, киіне бастады. От басында қолдарын жылытып, беттерін

уқалай жылына түскен қонақтарының қасына кеп, қатар отырды.

– Үй жанына келгенде аттың дүбірі көп еді, келген екеу-ақпысың? Әлде өзгелерің де бар ма? – деген еді.

Бобров Есіргептің байқағыштығына сүйсініп, таңыркай түсіп, күлді де:

– Есіргеп, сен ұйықтап жатсаң да, құлағың естіп жатады. Бұл жерге қанша ат келді? Қанша аттың тұяғын санадың? Осыны айтшы! – деді.

Бобровтың мезгілімен келгеніне қуанып қалған Есіргеп өңгімеге, әзілге өзі де әзір екен.

– Мені қойдан басқаны аңламайды, санай білмейді дейсің бе? – деп, қонақтарын күлдіре түсті. – Аттарыңды мен айтайын. Келген кісің екеу болса, жетегің бар. Оның бір-бірден болу керек. Төрт ат үй жанына келген емес пе?! Айтқын, таптым ба, жоқ па? – деді.

Асан, жас оқыған жігіт шалдың білгірлігіне таңданып, күліп жіберді. Бобров әзіл етіп:

– Сен мына керегенің арасынан көріп, санап алып айта-сың! – деді.

Есіргептің тапқанын, дәл айтқанын теріске шығарған жоқ. Есіргеп тағы да мысқылдап:

– Е, іргеден қарап мен қыз ба, келін бе?! Аттың дүбірін айыра алмасам, мен малда нағып жүрейін! – деді.

Бобров енді шынға көшті.

– Күздігүні сен “биыл қыс жаман болады. Құмға кететін болсам, ең керегі ат болады. Мықты, семіз аттар құм ішінде жер қарауға, қоныс көруге керек болады” деген емес пең? Саған екі семіз ат әкелдік, – деді.

Осыдан соң Балжан жасап, баппен құйған қою шайды үй іші асықпай ұзақ іше отырып, шаруаның қамына кетті.

Есіргеп “Алатау бөктерінде де қыс қатты ма?” деп сұрап еді. “Бұ жақта қардың қалың, қыстың қатты екенін қайдан білдің?” деп Бобровтан сұрап еді. Бұның оқымысты қонағы биылғы қыс туралы екі түрлі белгіні айтты. Біреуі – Есіргептің өзі күздігүні айтқан, күн райына қарап айтқан тәжірибе. Және Алматының ескі қарт бақшашылары айтатын тәжірибе болатын. Биылғы қыстың қарлы, суық, ұзақ болатынын Алматы менен оның атырабында көп жүретін Бобров жиі еститін. Соған қосып ол, Есіргеп-

ке екінші деректі тағы айтты. Бұнысына Есіргеп аз сеніп, аз ілтипат жасаса да, Бобров әсіресе даусыз сенетінін білдірді. Қыстың бұл өңірде биыл қарлы, суық, ұзақ болатыны туралы күн райын бағатын институт пен станциялар долбар айтады екен.

Бобров ақ қойларының қамын отарға келгенде ғана ойлап қоймайды. Алматыда өзінің кабинетінде, ғылым институтында және Жер Наркоматында да үнемі ойлай жүретін Бобров, күз басынан-ақ биылғы ақ қойлар үшін ең алғашқы қатал сын болатын құмның қысы туралы ұдайы сұрақ салып жүруші еді. Есіргепке қыс жаманатын айтумен қатар, Асан екеуі малдың мұндағы күйін сұрай бастады.

Шайды Есіргеп пен Балжан әрдайым ұзақ ішетін. Бұлар үйіне келгенде қазақпен қазақ боп, шабанмен шабан боп кететін Бобров, Есіргеппен жарысқандай боп, шайды сағат бойы ішуге бар еді. Қазірде екі дос сол шайды ұзақ сілтеп, әңгімеде отыр. Есіргеп отардың қысылып отырған жайын мәлім етті.

Қазіргі бұл отардың отырған жері құмның дәл өзі емес, құм менен даланың дәл жапсарласқан тұсы. Бұл араны Қарашенгел дейді. Қыстыгүні де қатпай жататын, қайнар бұлағы бар. Есіргеп қыс қарсыз болса, құмға мал бара алмайды, онда су жоқ деп, осы соңғы суға арқасын тіреп, тым құрса қыстың ортасына шейін осы қоныста болмақ екен. Өйткені бұл жерде дала жағында даланың жақсы шөбі, әсіресе қой сүйетін шөбі – жусан мен шағыр бар. Екінші жағы құм болса, онда құмның жалғыз асыл шөбі – изен мен еркек бар. Қар қалындағанша қоныс та жақсы, мал да күйлі еді. Ақ қой бұл өңірге өмірде алғаш келгені осы болса да, дәл осы айдың ортасына шейін семірумен келген екен. Енді міні, қар түсті де, өріс қысқарып қалды. Қойды алыс өріске апарып, жаюға болмай қалды. Енді күн-күн сайын шұбырынды болған және желініп қойған тақырдың арасында қап, жүдеп барады. Қыс қысып кетті. Құмға көшпей айла жоқ. Оны Есіргеп шолып келді. Осы жайын бір айтып, құмға көшу өзінен-өзі даусыз ашық тұрғанын білдірді.

Бобров құмға барса, ат көліктің сай болуы қамтамасыз етілгенін айтып, үй ішінің азық жайын, ұн шайдан кемтар емес екенін және сұрастырып, осы өз азаматындай боп білгісі келген. Шай құйып отырған Балжанға қарап:

– Құмға көшсе, отар алысқа кетеді. Балжанның шайы мен ұны көп пе? Шайсыз боп басы ауырмай ма? – деп еді. Балжан күлді де:

– Шайды уайым қылмаймын, Боброп. Уайым боса, өзгесі болады ғой. Өзімізге жететін ұн-шай бар! – деді.

Бобров тағы қалжындап:

– Шай болса уайым да жоқ. Қазақша “шай болса – көңіл жай” деп айтатын бар ғой. Құмға көшуге Балжан әзір! – деді.

Есіргеп болса, әңгімені өзілдеп ауыстырып, өзіне, үй ішіне соңғы ауыр тиген үй ішінің уайымына көшті.

– Әй, Бобров-ай, құм біздің бала күннен үйренген құм емес пе? Оған барудан қорқатын Балжан жоқ қой. Бірақ бүгін мен қатты уайымдамын... Қыстыгүні, жаздыгүні босын, осындай ойда жоқта сен келгенде, өзімнің туған інім келгендей қуанып қалатыным бар ғой, тегі. Сонымен күліп отырмын. Жаз келсең біз айран, шай-шалап ішсек, оны бірге ішіп, туысқан боп кеткесін. Жаман үйімізде етегің төсек, жеңің жастық боп жантая кетіп, өзімізше жатып-тұруың бар. Сонына қарап, сенің Алматыда, қала берсе Қазақстанда дәу атың барын, шоң оқымысты екенінді ұмытып, еркімізбен сырласа береміз, – деді. Ақылды, шешен кісінің, үлкен бір сыр айтардағы саналы толғауын толғап алды.

Бобров күрең шайды әлі сілтеп отырып, қасқа маңдайы мен әжімді, қызыл сары жүзіне шыққан терді таза орамалымен сүртіп отырып, қырықпа қой терісінен істелген құлақшынын маңдайына шалқайта киіп, Есіргепке таңдана қарады. Жүнін сыртына қаратып тіккен қырықпа қара қойдың терісінен істелген ұзынша тонын шеше түсіп, иығына ғана жамылып алды. Есіргептің әр кезде Бобровқа сыр айта беретіні болатын-ды. Осы екі қарт шалы мен кемпірі майданға кетіп, хабарсыз жоғалған баласы Сайлыбек туралы ауыр мұңдарын айтқанда, іштегі шерлерін, кейде қазаққа айтпайтын шерлерін осы Бобровқа айтып, жылайтын да кештері болған.

Қазірде “Есіргеп уайымы бар” дегенде, Бобров сол Сайлыбек жайы болды ма деп, тың хабар шықты ма деп, ойлап қалған болатын. Тегі, қайғылы ата-аналарды майданға кеткен баласы туралы жұбататын сөзді Бобров жұрттың бәрінен көп айтатын, ол аса көп мысалдармен осы соғыс-

тың кей кезінде жоқ болып кеткен, тіпті өлді деп қаралы қағазы келген талай адамның тірі болғанын үнемі айтып отырушы еді. Қанипа мен Әсия Сайлыбектің өлгені даусыз екенін бұл үйдің ішінде, сол екеуден екеу болып қана дәл білетін. Мынау қарттардан Сайлыбектің өлімі даусыз шын болғандығын екі жас әйел де жасыратын. Айнала көрші-қолаңда КИЖ-дің үлкенді-кішілі қызметкерлері де Есіргептер көзінше ол жайды ауызға алмайтын. “Айтпаңдар, қайғысын қатайта беріп керек емес” деген сөзді кейбір адамдарға, әсіресе Қанипа мен Әсияға Бобров өзі айтқан-ды.

Қазір Бобров көңілі күпті қарттар сол Сайлыбек жөніндегі ауыр шындықты естіген болар деп ойлап еді. Есіргеп болса, Бобровпен сырластық бойынша, одан іштеңе жасырмауға бекінген соң, қасындағы таза, мінезді жігіт Асаннан да именіп, іркілген жоқ.

Ендігі айтылған сыр, уайым Бобровқа да, Асанға да ойда жоқ оқшау, тосын хабар болды. Рас, Бобров Есіргепті жақсы білгенмен, олардың, барлық шабан атаулының тұрмысын, тілін, сыртқы өмірдегі әдет-жайын да жете танығанмен де, дәл мынандай күйдің үстінде не сөз айуы керек. Бір үйдің ішкі өмірдегі аса қиын ішкі сырына қалай араласудың бабын таба алмады. Қысылғаннан қызарып, терши түсіп, көп үндемей отырды. Тек бірталайдан соң ғана өзінің не істеуіне керек екенін аңғарды. Жай өмірдегі турашыл, оқымысты, әділ адамның көлденеңнен айтатын қалыстық пікірін айту-ды дұрыс деп білді. Сондықтан қысқарақ қайырып:

– Есіргеп, сендерге мен не айтамын. Бұл айтуға қиын жұмыс. Қайғырған сенікі де дұрыс. Ол да әлі өмір сүрмеген жас адам. Әсия жаман адам емес, білесіңдер. Оның бір ғана жазығы бар, онысы жас болғаны. Бірақ оған не айла бар? – деп, басын шайқап, тағы да қысылды. Тершіп отырып, бұндайда ешкімге жаман ойламайтын ақ көңілді, оқымысты, таза тәрбиелі адамның дағдылы бір адамгерлік сақтығын айтты:

– Ойлау керек! Есіргеп, Балжан! Сендер әке-шеше, сендерде ақыл бар. Өмірді білесіңдер. Араз болу оңай, адамды жазалау оңай. Бірақ көп-көп ойлану керек! – деп тоқтады.

Есіргептің әлі не істеп, қалай шешері мәлім емес, оның Бобров пен Асанды, таңертең Қанипаны сектендіргендей бір ауыр сөзі бар: “Бұл келін баламның әруағын қорлады.

Менің қарт басымды жұрт көзінде жер қылып, жаман ұятқа қалдырды. Енді ол менің үйімде қалай тұрады? Ол тұрса, оның бойындағы арамнан біткен ұрпақты көріп, мен қайтіп бұл үйде тұрамын? Екеуіміз екі айрылу керек. Ал, ол кетсе, мына қыстың ішінде мұншалық малды қайтем? Балшықтан кісі жасай алмай отырғанда, бұл отарды қайтіп сақтаймын. Құмға көшу керек. Бұл жерде енді бір жұма отырса, қойдың алды ашығып, бұрала бастайды. Жыл мойыны тақамай тұрып, малға жұтты шақырған деген соның дәл өзі болады. Ал, құмға көссең, оның қасқыры да қатты. Кейде суық дауылы да болады. Түн күзеті Әсия қолында болғанда қысы-жазы уайымым жоқ еді. Енді міні, кісім де жоқ, басқа күшім тағы жоқ болғалы отыр. Екеуің жақсы кепсің. Бірақ мен жаман боп отырыппын. Уайым деген осы. Малда жай жоқ, адамда күй жоқ. Дағдарып отырғаным мынау. Бірақ не болса да, бұл келін енді менімен тұрмақ жол емес деп отырмын”, – деген.

Жаңағы қысқа сөзінде Бобровтың Әсия мен Есіргеп арасын татуластырғандай боп, Әсияның жайын ұғу керек дегенді емеурін етіп сөйлеуінде Есіргептің осы айтқан сөзінің үлкен себебі болған. Бобров, бір жағынан, Есіргептей қарт адамның өзінше қыңыр ұғымын толық түсінеді. Екіншіден, Әсияның жайын да ұғады. Ол өмірде әр уақыт болатын хал талай мінсіз, жақсы адамның да басынан кешетін жай екенін аңғарады. Мал жәйін, отардың күйін Бобровтың өзі басқаратын, адамдар мен отар мұңын, биылғы қыстың қатерін еске алса, үміт қылған ең жақсы жаңа тұқым – ақ қойдың жәйін еске алса, ол бұның өзін де қатты қинайды. Неғыларды білмей, ашу намыспен Есіргеп толғанды. Енді не қыларды білмей, өзінің ғылымдық үлкен тәжірибесі үшін, жауапты ойды шеше алмай, Бобров та қатты сергелдеңге түсті. Шай ішуі тоқталып, үнсіз томсарып, папирос артынан папирос тартып, түтінін бұрқылдатып, ойланып қалды.

Осы кезде отынын алып Әсия да жеткен еді. Қонақтар онымен шолақ қана амандасты. Үй ішінде барлық сөз үзіліп, жым-жырт болысты. Тек Балжан ғана сыртқа шығып, Әсияның отынын түсіріп жүр. Өзіне:

– Тондың ғой, балам, отыршы, жылыншы. Күндіз ұйқың да шала болды, тыным алмадың ғой. Ас ішіп, жылы

бүркеніп жатып, көзіңнің шырымын алшы, – дейді. Дағдылы адал, момын бейілімен келінінің қамын жейді.

Әсия келіп, үй ішінің сөзі тыйылған соң, Асан Есіргеп пен Бобровқа жаңа бір ұсыныс айтты.

– Қойдың жайылысы қалай екен? Күйі қалай? Далада жүргенде барып көзбен көріп, аңғарсақ қайтеді? – деген.

Осы сөзді Бобров тез қостады да, екеуі қастарына Есіргепті ертіп, атқа мініп, өрістегі Қанипаның қойына қарай кетті.

### III

Есіргепке Бобровтар әкелген екі семіз аттың біреуі ұзын, сұлу келген тор төбел ат еді. КИЖ-дің жылқысындағы жақсы аттың барлығын құлын, тайынан түгел білетін Есіргеп тор төбел аттың келгеніне әсіресе ырза болды. Қазір қойға қарай жүргенде соны ерттеп мінген. Жаз бойы құр жүрген тор төбел жаңа ғана тоқым салынып, Есіргеп міне жөнелгенде пысқырып, үркектеп, ауыл тұсынан ығыса шықты. Бірақ аздан соң-ақ өзінің дағдылы жылпос аяңына түсіп, қасындағы екі атты аяң жорғасымен бүлкектетіп келеді. Есіргеп камқорлығына отар қамын ойлап, екі бірдей құр атты Бобровтың өзі жетелеп әкелгеніне сүйсінгенін айтты.

– КИЖ жылқысының ішінде бәйге болса осыдан шығады деуші ем. Әкесі – Орлик, шешесі – Адай биесі. Бұл биыл алтыға шығады, әлі жас қой. Мініп алсаң, тақымыңды қуантады. Биылғы қысқа бұны маған серік қып бергенің ақыл бопты, Бобров! – деген еді.

Бобровтың өзі де тек қой ғана емес, КИЖ-дің бар жылқысын да білетін. Ат үсті жүріске осы өңірдің құм қыстап, тау жайлап жүрген қартаң қазағының ешқайсысынан кем емес. Аса мықты болатын. Оның бір мінезі: жаздыгүні де, қыстыгүні де өзі жүріп, көріп таңдап алатын ылғи қазақы аттарды таңдап мінетін. Қазір де бұның астындағы төртбақ келген қазақы мес қоңыр ат еді. Ол тор төбел емес, өз атын мақтады:

– Мен Орликтің де, Вальфастың да балаларын алыс жолға мінбеймін. Маған бәрінен де осы қоңыр ат өзі жақсы. Жарыссам да, сенің мақтаған тор төбеліңнен осы атым өзі озады! – деді.

Есіргеп оны әзіл ғып күле түсіп:

– Бобров, сен анау меринос қойыңның рамбулье, өртембер, прекосің бар ғой, соған сынақысың. Ал, тегі, ат жөнінде мен саған неғып көнейін. Осы төр төбелді түбінде бір бәйгеден келтірмесем, сонда көрерсің. Биыл маған тор төбелді әкеп бергенің, тегі, ақыл болды. Баптап мінем. КИЖ-де болса әркім бір шапқылап қор қылады. Көктемге күтіп бір шығарайын. Өзіңнің көз алдында бәйгеден бір келтіріп берейін. Ат сынақы екенімді сонда танырсың, – деді.

Қой ішіне келгенде Қанипадан Бобров соңғы күндердегі жайылыстың қиындап бара жатқан барлық халін жақсы ұғынды. Түгел отардың орнығып жайылмай, шашырап жүгіріп, тыным таппай жүргенін, осы қойларға жақындай бере, Есіргеп пен өзі де іштей анық аңғарып келген еді.

Енді Қанипа бұларға Қарашеңгелден көшпесе, отар жайы жаман болып бара жатқанын айтты. Кейбір қойлардың жүдеп, бүйірі солып, ашығуға айналғанын да айтып берді.

– Кәні, жүргін, өздерің көзбен көргін. Қандай қойлар ашыға бастағанын да айтайын! – деп, астындағы қоңыр биені тебініп, топты бастады.

Алдымен жүдей бастаған қай қойлар екенін білу керек. Өлі жүдемей, мойымай келе жатқан мықты қойлар қайсы екенін де білу Бобровқа, Асанға да ерекше қажет. Олар қойындарынан қағаз, қарындаштарын алып, ақырын ғана, асықпай, жай жүріп отырып, Қанипа көрсеткен қойлардың бәрін түсіп ұстап, жазып алысып жүрді. Есіргеп те жүдеген қойлардың қай топ екенін жақсы аңғарып, өзінше топшылап, түйіп келеді. Өзерлі, тәжірибелі, білгір топтың барлығына айтпастан мәлім болатын бір жай бар.

Жаз басында КИЖ шаруасы осы Бобров, Есіргеп бастауымен өздерінің ғылымдық үлкен бір әрекетін, тәжірибе науқанын атқарған. Онысы-ақ қойлардың өзін іріктеп топтау. Тұқым, текке бөліп, анықтап жіктеу ісі болатын. Ұзақ күндерге созылған бұл істі Қанипа, Әсиялар да, Балжан, Есіргеп те бонитировка дейді. Сол бонитировкада өсімге жіберілетін тұсақ саулықтардан бракка шығарылатын қойлар ажыратылған. Өсімге жіберілетін саулықтардың өзі де бірнеше класқа, көбінше – бірінші, екінші клас-

қа бөлінген болатын. Үшінші класс – нәзіктеу бітімі бар топ деп саналады. Бірақ осы ақ қойлардың нәсілін шығаруға бір буын солардан болмай және болмайды. Сол бонитировка уақытында қазіргі Қанипа алдындағы мың қаралы қалың отар қойы түгелімен номерленіп, мойындарына өз нөмірін тағып шыққан. Қазір жүдеулік ретімен қағазға түсіп жатқан көбінше үшінші класс қойы. “Құмға баруда ауыр сыннан өтуі қиын-ау” деп осы қойдан Қанипа мен Есіргеп те сескенетін. Бар қойдың көпшілігін аралап, жүдеулерін санға алып, Бобров тоқтаған кезде, Есіргеп Бобровқа өзінің көлденеңнен түйген, тәжірибе ойын айтты.

– Сен нөмірің мен қағазыңа тіркедің ғой, осы күнде өзіңе қай қой жүдегені жазуың бойынша айқын шығар. Мен жазу білмейм. Мынау үлкен сыйпырыңды да танымайм. Бірақ осы жүдеген қойдың бәрі тек үшінші класс екенін түйіп тұрмын. Осыным тура емес пе, айтшы өзің? – деді.

Бобров көзін сығырайтып, күлімсірей түсіп, Қанипаға қарап:

– Қанипа қалай дейді екен? Оның тәжірибесі не айтады? – деп сұрады.

Қанипа да іркілген жоқ:

– Жәкем жер қарап құмға кетіп, төрт күннен бері жабылыстағы қой ішінде боған жоқ. Қойдың жүдегені әсіресе осы төрт күн ішінде мүлдем көбейіп кеткен еді. Менше, бұ кісінің сөзі тура деді.

Есіргеп ақ қойдың осы бір алуанын әр кезде ұнатпайтын.

– Қыстың басына жаңа кірдік. Бұ тілеуің құрғыр болса, әлі әзір, құлқын сәріден құмның қысын ұнатпай жатыпты. Бұған февраль – мартта не тауып берем? Осыны да бір бракқа шығармай қойдың, тегі! – деп, Бобровқа әр кезде айтатын қияс бір дауын тағы айтып тұр. – Тым құрса күздігүнгі қашыруда бұларды аз қосуың керек еді. Көктемге шейін арықтап, аман қаған күнде де қоздай амай жүрсе, көйтем. Қоздаса да арық болып, қозысын жарытпай, төл шығыны мол боса, құрығаны да бар еңбегіміз. Қинадың-қинадың, биылғы мынау ауыр қыста тек мені де қинадың ғой! – деген еді.

Өз жауаптылықтарын ерекше, қамқорлықпен ұғып тұрған шабандарға Бобров бұл уақытқа шейін үн қатпаған. Барлық сөздерін аса үлкен ілтипатпен тыңдап тұр еді. Енді

Қанипа мен әкесіне осы қыс бойына көңілдеріне күдік қалдырмайтын тиянақты бір жауап айту керек. Өз тәжірибесінің ғылым үшін, мемлекеттің халық шаруасы үшін не байлауы бар екенін білдіруге бекінді.

– Осы жүрген отардың мың қойы – тегіс көктемде қоздайтын қой. Мен бонитировканың өзінде де бір-ақ түрлі қой, бір класты ғана алғаным жоқ. Әдейі осы үшінші класты да қосқамын. Брақты бөлгенде бұлардың ішіндегі ең жақсы, ең мықтысын осы сенің отарыңа шығарғамын. Күздігүнгі қашыруда да әдейі жібергемін. Біліңдер! Ұмытпаңдар! Ақ қойдың бәрі бірдей бір тегіс емес. Ғылым тәжірибесі ылғи таңдаулы қоймен жасалмайды. Өздерің білесің, екінші класпен үшіншіні қатар алмасақ, біз бұл тұқымның жақсысын да таңдап ала алмас едік. Қыс бұл қойларға да, біздің тәжірибемізге де қатты сынның қысы. Біз үшін КИЖ-дің барлық шаруасы үшін, тәжірибе бөрінен қымбат. Құмда қысқы жайылыста, тебінде аталары, шешелері ешуақытта жүрмеген прекос, рамбульені де тәжірибеге салғамыз. Жүз он алты, жүз он килограмм салмағы бар, выставкада бәйге алған қошқарларды да сол тәжірибе үшін құмға жібергеніміз бар еді ғой. Соның көбі өліп те қалған. Бірақ тәжірибе үшін қымбат, тәжірибе үшін біз сол тұқымның өзін де құмға айдағамыз. Енді ол күндер кетті. Үшінші класс қойлар мынау қой да, қазір өзге қойдан бұрын ашыққанмен, бұл қыстың бейнетін тартады да, көтереді. Есіргеп, сен қозылар үшін қорқасың, мен сол қозылардың келесі жыл құмға өздері мықты боп келуі үшін енелерінің ішінде, осы күннің өзінде бейнеттің бәрін көріп өткені қажет деймін. Өлгені өледі, ал өлмей қалғаны сенің отарыңа келесі жылы балуан қой боп қосылады. Және арықтағанмен, әлі де осы кластың қойының өзінде де көп күш бар. Сенің отарыңның қойлары элит қойы, тұқым қойы болып бөлінгенде мен бәрі бірдей болмайтынын білгем. Бірталайы Қанипа екеуіңді қинайтынын да білгемін. Бірақ оның жауабын, бір жағынан, өзіме, өзімнің жауаптылығыма жазғамын. Бұны доклад жазып, КИЖ-ге де, Наркомземге де білдіріп қойғамын. Саспаңдар, тек құмға көше бер! Шапшаң көш! – деді.

Осыдан соң қойдың күйі туралы сөздерді аяқтады да, Бобров Қанипаны бөліп ап кетіп, оңаша әңгімесін Әсияға

арнады. Қанипа Бобровпен өз әкесіндей еркін әңгімелесті.

Әсияны өзінің кінәламайтынын және бұрынғысындай дос көріп, қазір де әсіресе жаны ашып, жақсы көретінін айтты. Арасында бір жылап алып, Бобров көңілін бір жақтан тиыштағандай болды. Бірақ сонымен өзара әкесінің ашуы, өкпесі қатты екенін айтты. Және Әсия мен екеуі енді бір үйге сыйыса алмай, екі жаққа бірінен-бірі безер боп тұрғанын жасырмайды. Сөзінің аяғында:

– Біздің үйдің жайын өзің білесің ғой. Сайлыбектің өлгенін сен де білесің, Әсия екеуміз де көптен білгеміз. Шал, кемпірге айта алмаймыз. Әлі де айту керек емес. Бос уақыттары болса, түстерінде көріп, аман деп қуанысады. Құмалақ сап, тағы да “тірі” деп, “келеді” деп, үмітпен күн кешеді. Бірақ Әсия жас болған соң жаңылған шығар. Болмаса, Молтай үйде болса, оған тиетін еді. Екеуінің алмақтимек болған жайларын мен білгем де, мақұлдаған ем. Жәкеме өзім айтып, тоқтатам деп, Әсияның көңілін жай қып едім. Енді міні, Әсия әрі екіқабат, әрі осы малдың тұтқасы. Оны үй ішінен су шыққандай қып, жалғыз басын қудалап, күйдіре берсек, не бомақшы? Өзің шалды ақылға көндір. Көнбесе, тым құрмаса, “бір айдан соң кісі тауып жіберем. Әсия қолында тұрмасын десең, сонан соң қайтарғын. Қазір сыр білдірмегін. Әсияны ренжітіп жылатпағын. Өзіңді өзің қинамағын. Тым құрса сабыр қып, бір ай шыдағын” деп, соны айтып кет. Бомаса, отар ойран болады. Мал да қырылады. Біздің бәріміз де қор боламыз. Талай жылғы еңбек құмдай шашылады, – деген.

Бобров бағана шайдан бергі өзі бабын таба алмаған ойдың бар тетігін Қанипа бергенде, қатты ырза болды. Қой шетінде жүрген қоңыр, момын Қанипа қандай? Жел қағып, күн күйдірген қара торы жүзі бар. Сұлу тұнжыраған қара көзді, жас әйелге Бобров адамшылық, аталық мейірімен, алғыспен қарады. Бобровтың бұл отардағы кәрі-жас достарының сырты жұпыны. Бірақ бәрінің де ішінде шыншыл, адал жүректі адамгершілік бар. Талай оқыған адамдардың үй ішінде табылмайтын жақсы мінез бен зор адамгершілік осы қой шетіндегі қоңыр лашықта нық ұялағанына кейде тереңдеп ойлап, қатты таңырқайды. Сүйсіне қайран болады. Қанипаға аса жақын сырлас жүзбен, жылы қарап, ақырын сөйлеп:

– Қызым! Сен жақсы жүрегің бар адамсың. Мен КИЖ-дің бастықтарына, Алматыға, сені “сондай ақылды совет азаматы бар, тамаша жақсы комсомол қыз бар” деп айтып барамын. Әсияны ая. Жаманшылық ету, кінәлау әрбір иттің де қолынан келеді. Сенің мінезің тек жақсы адамның ғана қолынан келетін мінез. Айтқан ақылыңды алдым. Шалмен мен сөйлесермін. Болмаса, көнбесе, амал жоқ, сендерге көмекке біреуді жібереміз. Бірақ ол Әсия болмайды, білесің. Әсияға да сендерден кеткен жаман. Оған менің сөзімді сен айт. Мен білген Есіргеп болса, совет малын ол аяйды. Еңбегі малға сіңіп, өзіне қатты көмекші болып қыстың бір, екі айында жақсы істеп шықса, ол барлық өкпесін ұмытады. Әсиямен бұрынғысындай тату болып кетеді. Сондықтан Әсия бұл жерден кетіп қалам деген сөзді айтпай тұра тұрсын. Шыдасын. Ол жас қой, мықты ғой! Серігі, досы сен де барсың, туған шешесіндей Балжан бар. Оны және сөкпейтін, кінәламайтын, қайта жақсы азамат деп, ақ қой үшін мақтауға іліндірем деп жүрген мен бармын. Бір шалдың ашуын көтерсін. Отардан басқа ешнәрсені ойламай жүре берсін! – деді. Екеуінің біріккен ақылын Қанипамен оңашада осылайша қорытты.

Осы түнде, Әсия дағдысы бойынша қой шетінде күзетте жүргенде, Асан мен Балжанды ұйықтатып тастап, Қанипаға еттен кейінгі түн жарымындағы шайды құйғызып отырып, Бобров Есіргепке көп ақыл айтты. Келіні мен екеуін татуластырып, жарастырудың ниеті еді. Әр кезде Бобров сөзін Қанипа да: “осынысы тура ғой. Жәке, қойсаңшы. Жәке, саған не болды?” – деп, әр кез тоқтатып, әкесін ойландырмақ болып еді. Бірақ екеуінің де сөзі Есіргепті жеңе алмады. Оның бар ойысқаны, бір айға шейін өлсе де, мал үшін, шаруа үшін, Бобров үшін шыдап көрмек. Бірақ Әсияның одан әрі бұнда болғанын, кейін осы үйде бұл үйдің баласы емес, бөтен баланы тапқанын, оны алданған адал көңілді ата-ананың көзінше, бауырына алып, міні, сендерді алдап, қараңғыда тапқаным деп жазғызып, емізіп отырғанын көре алмаймын. Онда Сайлыбегім шын өлгені. Бір өлгені емес, күнде өлген боп, көз алдыма күйік болады. Бобров, әкем тегі, мені бұл азаптан, бұл тозақтан құтқар. Бір айдан соң кісінді жібер. Өзге сөзді неғыласың, кәйтесің! – деген.

Осымен ақыры ұзақ ауыр әңгіме Қанипаның күндізгі айтқан сөзімен аяқталды. Көптен ойланып жүріп айтқан ақылымен үйдегінің бәрін де күрсінтіп, ренжітіп барып аяқтаған еді.

#### IV

Осының ертеңінде Бобров пен Асан Есіргеп үйін өздері жығысты. Қарашеңгелден бұл отарды көшіріп, Сартау-құмның қалың ішіне апарып, қондырысты.

Құм біріне-бірі ұқсаған теңіздің бұйра толқынындай, шошақ-шошақ құм төбелерге толы. Бұнда су жоқ, адам мен мал пана қылатын орын да аз, тек құм төбелердің қалыңдап, түйіскен кейбір жерлерінде, ауыл орнындай боп қалған терең, кең алап болады. Құмтөбенің басынан қарағанда бұл алап терең бір құр апанның түбіндей. Шыңырау түбіндей, аясы азғантай боп, дөңгеленіп жатады. Құмды қыстайтын ел осы тостаған аясындай айналасы қоршаулы ықтасын орынды мекен етеді. Құм арасында жиі кездеседі. Осындайлық орынды қыс қонысты “шұқыр” деп атайды.

Есіргеп екі күн бойы құмды кезгенде жәйіліс жағдайын түгел шолған. Биыл осы өңірде қойға азық болатын изен мен еркек дейтін шөптің жеткілікті екендігіне көзі қанды. Көңілі нық сеніп қайтқан. Қазір үйін әкеп қондыратын шұқырды да сол келісінде белгілеп кетіп еді. Құм арасында жол да жоқ. Тау менен кең біткен сай-сала да жоқ. Біріне-бірі ұқсайтын құм шошақтар, жасынан осы құмның тағысындай боп жадысын біліп өскен Есіргеп болмаса, өзге кімді болса да тез адастырады. Есіргеп алғаш келіп қайтарында “көшпен жүріп адаспайын” деп, дәл осы шұқырдың тұсындағы бір құм шошақтың басына қарақшы шаншып кеткен-ді. Бұрыннан құмды қыстайтын ауылдардың, отарлардың әр кезде өз шұқырының тұсына “біз мұндамыз” дегендей қарақшы шаншып отыратынын ол бұл жолы да көшіп келмей тұрып, әдейі қолданған. Құм ішіне, осы шұқырға көшпен ілесіп, Қанипаға болысып, ақ қойларды жылжытып айдап отырып, Бобров пен Асан бірге келді.

Асан қайтайық десе де, Бобров асықпайды. Бір жұмадай өзінің тұмарша қалайыға нөмірлерін бастырған, әр генерациядан өткен, әр кластың тұқымдық сыпатын сақта-

ған қойларының күйін бақты. Ертеден қара кешке Қанипаның қасында Есіргеп екеуі жүріп, ақ қойлардың күйін аңыстады. Құм ішінде Қарашеңгелдей емес, қар жұқа. Көп жерінде күңгей беттеріндегі қар көбінше тоқтамай, тез еріп, тез сіңіп кетеді. Құмның биылғы Есіргеп айтқан тағы бір қасиеті, қойға қорек болатын изені шыққан жерлерінде етектей боп, мол тармақтанып, құнарлы боп өсіпті. Және еркек дейтін екінші шөбі бойшаң боп ұзарып шықпай, қысқа бойлы, нәрлі боп, дөңді, құнарлы боп шығыпты.

Ақ қойлар құмға келгелі Қанипаны алғашқы екі күннің ішінде-ақ ырза қыла бастады. Жүрістері аз ғана. Боларболмас қылтанақ болса, қалдырмай жеп, құмның өзін жалап та қорек алғандай. Бүйірлері де тез шыға бастады. Бір жұманың жәйілісінен соң, отардың бар адамы боп кешке жақын қойды шұқырға әкелді. Қанипа мен Әсия қойды иірген шақта, ерекше риза қылған үшінші кластың қойы болды.

Анау көргенде бүйірі солып, баяу тартып қалған саулықтар қазір қайтадан бүйірленіп, ширап, сергек боп апты. Қанипа мен Әсия осы қойлар турасындағы Есіргептің уайымынан аса қатты сескенуші еді. Қазір екеуі жүгіріп жүріп, анада нөмірін жазып алған жүдеу қойлардың әрқайсысын ұстап әкеп көрсетеді. Бобров пен Есіргептен қойлар күйі үшін айтылған көңілді, сенімді сөздерді естіп, шаршамастан жүйрік қойларды қызына қуып, дамылсыз ұстап әкеледі. Құм ішіндегі бір жұма жәйіліс отардың қыс турасындағы әзіргі қорқыныш уайымын недәуір сейілтіп тастады. Құмда бұл күнде бұлтты күндер болса да, қара желі мол суық күндер болса да, қалыңдап қар да жауған жоқ. Тек таңға жақын ғана қылаулап қояды. Немесе теріскен басына, изеннің тырбықай жалпақ бойына қырауытып қана түседі. Түс ауа еріп кетіп отырады. Енді Есіргеп көңілінде әзірше мал үшін тынышталған ой бар сияқты. Қой ішінен үйге келе жатқанда, Бобровка өз тәжірибесін түйіп кеп:

– Қысың бұл қалыпты болса, мен отар үшін уайым жемейм. Қар қалыңдаса, құмға бір ілігіп алдым, енді осыдан осылай бата берем. Тек бұ құмның да шанда бір құтырып келетін қысы болады. Қары қалың түсіп, боран тұрып кететіні болады. Сондай бір пәлеге ұшырамасам, әлі әзір қорқынышым тегі жоқ! – деген.

Бобровтың да көңілі жайланғандай. Осы түн соңғы рет қонақшыл Балжан мен Әсия қолынан ет жеп, шай ішті. Киіз үйде соңғы рет қалың көрпе астында бұйығып, ұзақ тыныш ұйықтап алды. Келесі таңертең атқа қонуға айналды. Дәл жүрерінде Әсиямен оңаша сөйлесіп:

– Есіргеп пен Балжан бірталай жыл жақсы тұрған атаң-анаң, Әсия! Енді шал да, сен де ажырасамыз дестіңдер. Ол оңай емес, жақсы да емес. Екеуіңе де жақсы емес, бірақ айтқан соң болмайды. Мен бір ай бірге тұрындар деп екеуіңнен де уәде алдым ғой. Бір айдың ішінде орныңа кісі жіберемін. Сонан соң қайтарсың. Жайыңды КИЖ-ге, ферма бастығына да айтып кетемін. Сені ешкім сөкпейді, одан шошыма. Бірақ, сенен сұрайын, мынау бір айда шалмен ұрыспа. Өзің көңіліңе түк алма. Қайта жақсы тату болуға тырыс. Бұлар жақсы адамдар ғой. Кеткеніңде де артыңнан жамандамасын. “Әсия жақсы еді-ау” деп қалсын. Сондай мінез көрсетіп, сондай еңбек етіп кетуіңді тілеймін және саған сенемін, қызым! Ал, сенің төрт жылдан бері осы қойдың тұқымына сіңірген, жақсы шабан болған еңбегіңді мен ұмытпаймын. Менің еңбегімді бағалайтын жұрт болса, Есіргеп, сен, Қанипа үшеуіңнің еңбегіңді бірге бағала тамын. Сол менің саған беретін сертім! – деген.

Әсия Бобровқа жауап айтқан жоқ. Тек оның сөйлеп тұрған кезінде, әрбір сөзінің тұсында “ұқтым, жақсы... айтқаның болсын... Қанипа барды айтты. Қамымды жепсің, ағамдай достық айтыпсың, рақмет, Жәке, рақмет!” – деп, көзіне жас алады. Шын алғысқа толған көңілі Бобровты да бұған шын, қарындастық, балалық бейілімен “Жәке” дегізді. Бобров Әсияның қолын ұзақ қысып қоштасты да, аттанып жүріп кетті.

## V

Әсия бүгінгі түннің тез өткенін, таңның тез атуын сонша асығып күтеді. Өзіне белгісіз үркектеген қауіп сезімімен күтеді. Сол қобалжудан ба, ішіндегі кішкентай, ғажайып тірлік алып келе жатқан ұрық та бүгін жиі қозғалады. Оң бүйірін түрте береді. Аспанды төмендеп торлаған, тау салмақты, ауыр қара бұлттар қаптап алған қараңғы түнде қалың бұлт бірін-бірі қуады. Аспан әлемі қатты бүлінген-

дей. Тау толқын боп аунап ұшады. Жоғарыда құтыра соққан қатты дауыл бар тәрізді. Шұқырдың айналасындағы құм шошақтардың басында да қатты жел құтыра соғып тұрған тәрізді. Аспаннан жауған қар не қиыршық, бұршақ аралас жауындай ұшқындап, ауыл үстіне түсіп тұрған құм жауыны бар. Әсияның үстіне сол қиыршық құм ұсақ тас аралас, сытырлап түседі.

Іңірден бері басталған осы әлек дүние ауыр толғағы Әсия отырған кішкене шұқырды құлшынып іздеп, қастана қимыл еткендей. Иттерде тыным жоқ, өрекіп үреді. Әсіресе Әсияны қобалжытатын бұның күндегі түн серігі, жалған үрмейтін сенімді серігі қара шолақ төбет – Таймастың үргені. Ол қазіргі кезде, түн ортасы тақап қалған шақта осы шұқырға қадалып кеп, қамалап тұрған өзгеше қатерлі пәлені сезгендей. Артқы екі аяғын кезек тарпынып, кішкене шұқыр айналасын жорта шапқылай аралайды. Қатты сақайып, тынымсыз айбар шегеді. Әсияның қасынан бапылдап, долданып үріп ағызып өтіп бара жатқан бір кезінде жас әйел оны шақырып, “Таймас! Таймас!” деп қасына тоқыратты.

– Не көрдің? Сен не көрдің, Таймас, – деп, басын сипады. Жонынан еркелете қағып, тілсіз серігінен қауіпті түннің күдігін сұрайды. Таймас Әсияның қасында тағы да қатты талпынып тұрып, құм шошаққа, батыс жаққа шәншіліп үріп тұрып, ытқи жөнелді.

Дәл осы кезде ышқына соққан желдің ұйтқып келген қатты бір лебі шұқыр үстінде үйіріле борандатты. Қыстыға ышқынып кеп, құтыра ойнақтады. Бұл күнге шейін шұқыр ішінде, ықта жатқан қойлар тыныш еді. Құмтөбені паналап отырған кішкене қоңыр үй де тыныш болатын. Енді осы азғантай аядағы барлық жан иесі мынау бір оқыс соққан, шәншіліп төбеден соққан дауылдан тегіс үрке оянды. Біріне-бірі сүйенісіп, ығыса, аз шұқырда тығыз сығылысып жатқан қойлар маңырай түрегелісті.

Ақ қойдың қалқиған құлақтары тынымсыз түннің қатерлі зәрін қайтеді, қайдан келеді дегендей тыңдай қалған сияқты. Дәл осы уақытта жаңағы Таймас шапқылай жөнелген батыстағы құм төбеден асып келіп, Әсияны қатты сескендірген долы түннің, елсіз түннің аса бір жайын үні келді. Ол – жақыннан шыққан үн. Осы отарға қадалған кәр

сияқты аямас қастық үні. Ысқырып ызың қаққан түн дауылының үнімен бірге, шулап ұлыған қасқыр үні келді. Біреу емес, толып жатқан қомағай топтың үні.

Әсия қорқақ емес еді. Қолында құлаш төс жара қайың шокпары болатын. Соны жерге қадап, қысып ұстап, мынау үнді сескеніп тыңдайды.

– Тілеуің құрғыр, құмның бәрі қасқыр ма? Қандай көп өздері... Япырай, таң да атпады-ау! – деп, тағы біраз тыңдай түсті. Мынау асау түнде бұл отарды торыған қасқырдың саны шын-ақ көп тәрізді. Ұлыған үн бір ғана батыс жақтан әлденешеу болып шықса, енді қарсы жақ – шығыстан да естілді. Алғашқыдан да тақау кеп өшіккендей. Түн аспанына ұзақ, жәйін қадап тұрып, қатты созады. Шулап ұлыған көп долының үні тағы келді. Қазір Таймас кішкене шұқыр айналасын құйынмен бірге ұйтқып, толассыз шыр айналып жортып жүр. Қасында ақ қаншық, дүрегей тазы да үру мен жүгіруден тыным алып, толас тапқан жоқ. Әсия маңыраған қойдың қобалжып, қозғалақтаған тобынан да, қазіргі сәтте бұның бір өзінен пана тілеп, қорғауды сұрап тұрғандай қатерден шошыған үндер сезеді. Өзінің жалғыздығынан аласыз амалсыздыққа ұшырайтындай шарасыздық сезеді. Мынау түнде қасқыр шапса, қалың қойға ие болу да қиын. Аузынан шыққан лебізін шұқыр үстінде әлі де қатты ысқыра ызындап тұрған дауыл қағып әкпетіп жатса да, Әсия бар күшімен жиі-жиі айғайлайды. Жон астындағы қомағай бөрілерге айбар шегеді. Сескенген үн емес, ашулы, батыл үнмен шырқап айғайлайды. Осы айғайын тыймастан, қой шетімен оралып кеп, қоңыр үйге тақады.

Үй ішінде ұйқыда жатқан жақындары бұл кезде тегіс оянған тәрізді. Жаңағы бір кезде ышқынып соққан алғашқы дауыл екпіні бұлардың кішкене баспанасын сықырлатып, сілкінтіп, ұйық шаңырағын сындырып, талқандап кетердей болған. Сол дауыл екпінінен оянған үйге Әсия тақай бере сөз қатты. Бір айдан бері атасымен Әсия бір-біріне тура жауаптаспайтын. Іштеріне жиылған қырын қабақ, қырбайлық әлі де кеткен жоқ-ты. Сондықтан қазірде де Әсия Есіргепті шақырмай, Қанипаның атын атап дауыстады. Үй ішінен Қанипа мен Есіргеп екеуі қатар үн қатып:

– Уа, немене? Әсия, малың аман ба? – десіп, дабыстап еді.

– Өзір мал аман. Бірақ түн дауылдап кетті. Айнала шулап қасқыр ұлып тұр. Жылдам киініп шықпасаңдар болмас! – деді де, қой шетіне қарай тағы асығып жөнеліп кетті.

Үйде бағана оянған Балжан қатты қорқып, нала қып, асығып киініп жатыр. Әсияны аяп, дамылсыз сөйлеп жүр.

– Қарағым-ай! Жапа жалғыз... аяғы да ауыр, жаурап бітті-ау. Қасқыры, пәлесі тағы анау. Шықшы шапшаң. Шық, жүгір, Қанипа, қасында бол. Жүріндер! – дейді. Жылдам киініп, есікке қарай ытқыған Есіргеп пен Қанипаның артынан өзі де ұмтылып келеді. Біресе сиынып, біресе қорқады. Әлдекімді қарғай түсіп, қайта-қайта Әсияны аузына алып құрақ ұшып жүр.

Есіргеп пен Қанипа есіктен аттай бере айғайлап, екі бөлініп, қойды қоршай жүгірісті. Бұл кезде шұқырдың алыс шетінде Әсия тынымсыз айғайын салып, сақайып жүр еді.

Әлі де аспанда ауыр қара бұлттар шарпыса ұласып, біріне-бірі шапшығандай. Түн дауылы түйдектеп айдап, жөңкіліп жатыр. Суық қара жел шұқыр ішіне ақтарыла ысқырып соққанда, қалың жүнді ақ қойлар да тегіс тұрып алыпты. Бет қарай алмай желге жонын беріп бүрсен қағады. Қотанның әр шетіндегі адам айғайы күзеттің қатайғанын көрсетті. Иттердің үрісі де қарсылықты толасыз білдіріп тұр.

Енді бір кезекте батыстағы құм төбеден қар аралас, қиыршық құм борандатты. Шұқыр үстін әлек дүниенің мұнарлы топанымен басып кетті. Желге қарсы адам айғайының дыбысы бес қадам жерден де естілместей. Дауыл енді барынша пәрмендеп, қатты үскіріп, ышқынады. Дәл осы сәтте алғашқы қасқыр үні шыққан жақтан, құм белден аса бере, бір топ ұры бөрі шұқыр ішіне қарай ағыза ақтарыла шапты. Қанипаның қасынан, айғай-шуға қарамастан, үшеу-төртеуі жұмарланып, жұбын жазбай ағып келіп, қойға кірді. Басында шошынғаннан Қанипаның үні шықпай қалып еді. Қой ішіне қасқыр тақай бергенде қақ жарылып, дүбірлей жүгірген қойлардың арасында бара жатқан бөрілер, оң мен солдағы қойлардың құйрығына, бүйір, тамағына ырсылдап ауыз салды. Осыны көргенде мал үшін күйген Қанипаның ашу, намысы қайнап кетті.

– Қасқыр, қасқыр, қасқыр! – деп айғайлағанда, дауысы енді ерекше ащы боп, қатты шықты. Қойдың ылди жақ

шетінде Әсия болатын. Шығыс шетінде Есіргеп еді. Екеуі де Қанипа хабарын лезде ұқты.

Олар отарға қатты қауіп төнгенін қойдың тас-талқан боп үріккенінен-ақ сезген еді. Екеуі де айғайын салып, қасқыр жүрген жаққа қарай ұмтылып келеді. Бірақ есі шығып, қалың сендей жосылып қашқан қойлар бұлардың өзін жығып кеткендей. Ілгері жылжитпай, кейін тықсырып барады.

Амалы жоқ, бірақ өлердей күйген Әсия ұзынша шоқпарын қос қолдап көтеріп ап, қайнаған бір намыскер ерлікке басып қой арасында жұлқынып тұр еді. Дәл осы кезде мұның айналасындағы қойлар қақ жарылып ағыла берді де, алды ашылып қалды. Босап қалған Әсияға қарап, ақ қойлардан түсі бөлек, түнде қоңыр түсті көрінген қомағай қасқыр азулары ақсиып, тақап қалған екен. Әсия өз бойынан ендігі қайраттың қалай атылғанын өзі де аңғарған жоқ. Қара барқын қасқыр Әсияның сол жағындағы бір қойға ауызды салып жіберіп, енді жұлқи бергенде, тақ қара тұмсықтың тұсынан, қой мен қасқырдың құлағының екі арасын дәлдеп алып, қайың шоқпармен құлаштап тұрып періп қалды. Тағы шоқпарын көтеріп, тездетіп тағы ұрмақ еді. Дәл осы кезде Әсияның күтпеген көрінісі болды. Дүңкиген үлкен, долы бөрі тұмсығынан шаншылыпты. Дәл Әсияның аяғына қатты құйрығын сарт еткізіп ұрып, тоңқалаң аса жығылды. Әсия жығылып жатқан қасқырды қара тұмсықтан “төбеңнен ұрғыр, жат солай” деп, тағы да табандап тұрып екі үш рет сарт-сарт ұрды.

Бірақ айналадағы қой әлі құйын ұйтқытқандай жосып жүр. Бір жерде дүрегей тазы қаңсылап таланып жатқан сияқты. Дауысы қарлығып, өлердей аптыққан Есіргеп жан ұшырып бақырып жүр. Жылап зарлаған Балжан да жан ұшырғандай боп Әсияның қасына жетіп кепті.

– Жаным-ай! Сәулем-ай! Еркек сенен садаға кетсін! – деп, Әсия өлтірген қасқырды тұмсыққа тепкілеп жүр. Бірақ Әсия енесіне қысқа ғана сөз қатып:

– Тұмсықтан ұрып жықтым, бірақ қайтадан ес жиып кетпесін, мықтап өлтіріп алыңдар. Қойды бөліп ап кетті ғой деймін. Қалғанына ие болыңдар. Мен бөлінген қойдың соңынан кеттім! – дей сала, шұқырдың ылди жағына қарай, шоқпарын көлденең ұстап ап, жүгіре жөнелді. Аз уақытта ауыл

үсті тынышталғандай боп, қойлардың жүгірісі басылды. Енді бір-бірінен “Не болды? Не болды?” десіп, бір ғана сұрақты мың көмеймен қайырғандай. Ұқсас үнмен маңырасып, бір ғана жәйді дамылсыз сұрасып тұрғандай. Оқыс соққан құйын дәл шұқырдың үстінде қазір біраз толастаған сияқты.

Есіргеп, Қанипа, Балжан бірін-бірі айғайласып табысқан жерде Балжан шүйінші сұрағандай, шаттанып айғайлады.

– Садаң кетейін Әсия, Әсияны көрдің бе, тегі... Қасқырды өлтірді ғой. Өз қолымен ұрып өлтірді ғой! Жүр бері, міні, көр! – деді.

– Айналайын-ай! Азаматым-ай! Қайран Әсия-ай! – деп жүрген Есіргеп пен Қанипаны ертіп, өліп жатқан көп бөрінің қасына келді. Дәл осы кезде жаңа толастаған құйын дауыл тағы да ышқынып, құм ұшырып, қар боратты. Қиыршық таспен беті-қолды тілгілей ұрып, қайта құтырып соқты.

Есіргеп Қанипа мен Балжанға асыға бұйрық етіп:

– Тарандар, барындар қойдың шет-шетіне. Тағы шабады о қу! Сал айғайды, тыным таппа, тегі! – деп, өзі де қойдың бір шетіне шығып алып, айғайын салып отыр. Кейде жүгіре түсіп, қотан айналасын шолып шығып, қойдың азайып қалғанын, шұқырдың бұрынғы шарасынан біраз кеміп тұрғанын таниды. Әсияныкі рас, үріккен қойдың біразы жосып, бөлініп кеткен болу керек.

Сол қойдың артынан кетейін десе, Әсияға болысайын десе, бұндағы малдан қорқады. Ауыл үсті әлі қатерде. Қанипадан білуіне қарағанда, қораға шапқан қасқыр біреу емес, бір топ болатын. Солар қайта оралып, мынау суық дауыл түнін пайдаланып, тағы да шабуға мүмкін. Бөлінген қой қанша болса да, мынау малдан аз ғана, әуелі бұл жақты амандап ап, о жаққа содан соң ұмтылу керек. Және ол қойдың соңынан, қанша қиын бейнет көрер болса да, Әсия кетті. Әсияға қай күнде болса да өзінен бетер, қайратты ер-азаматтан бетер сенетін Есіргеп көңілі осыны да біраз жұбаныш етті. Әлде бөлінген қойды тез тоқтатып, қайта қайырып та алар деген еді. Есіргептің түн баласындағы Әсиядан соңғы екінші сенімді сергек сақшысы Таймас болатын, қазір ол да жоқ. Оны да бір медеу көреді.

Осымен шұқыр айналасындағы мал амандығын бағып, Әсия тез оралар деген үмітке сүйеніп, Есіргеп көп бөгеліп

қалды. Қазір таң да қылаңдап атып келеді екен. Шұқыр үсті әбден тынышталып болды. Енді Есіргеп асыға жүгіріп жүріп, өреде жайылған аттарын іздеп арпалысты. Жақыннан қолына тиген ақ шеке бие болды. Соны ұстай сала ауыздықтап ап, жайдақ қарғып мініп, енді Әсияны іздеп шаба жөнелді.

Есіргеп іздеп тапқанша, Әсия көрген қиыншылық пен бейнет орасан еді. Ол шұқырдағы қотанды тастап жүтіргенде, біраз кешігіп қалған екен. Тек Таймастың үрген үнімен ғана, бөлініп кеткен қойдың аңғарын білген. Шоқпарын иығына салып алып, құстай ұшып, ұзақ жүтірген. Дауылды түнде бөрі қуған, безіп үріккен қой, шұқырдан ұзап, құм белден асып, жосыпты. Құтырып соғып тұрған дауыл, жотаға шыққан қойға қарлы боранда қақап соғып, ықтырып әпкете беріпті. Кем қойса, бір жарым шақырымдай жер тынымсыз жүтірген соң барып қана, айғайын үзбеген Әсия қойға жеткен. Мұның айғайы Таймасқа ес болып, Таймастың үргені бұған шақырғандай атой болып, екеуі қой қасында тізе қосты.

Түнгі шабуылдан соң қайта жағалап, қойларды жанасалай шапқан қасқыр біреу екен. Бірақ енді қойға бата алмапты. Түнде кеп шұқырға шапқан қасқырдың саны төртеу еді. Бұлар арлан бөрі бастаған бір ұяның биылғы күшік тобы болатын. Түнде Әсияның сәтімен өлтіргені анық долы арлан бөрінің өзі екен. Бір күшікті Таймас сол түнде бүктеп, өлтіріп кетіпті. Қалған біреуін және тақымдап, бөксесін жұлып жаралап, бездіріп жіберген. Ендігі қалған жалғыз қасқыр көп қойдың батыр қорғаны, есті қорғаны боп ылғи жанасалай шапқан бір Таймастың өзінен қасқырлық қастығын асыра алмапты. Бөлініп шыққан қойдың бірде-біріне тіс те тигізе алмапты. Әсия жеткенде адам айғайынан және Таймастың зәрлі, кәрлі үнінен сескенген соңғы күшік бөрі тайқып, сырттап, жөнеле беріпті.

Екі өкпесі қабынып, аузына тығылған Әсия, қойдың санын барлағанда жетпіс-сексен шамалы екен. Бұл тақай бергенде, Таймас қасқыр кетісімен әлі де маңырай қашқан қойдың алдын орап, үріп шығып, еріксіз шошыта үркітіп, алдын тоқтатты. Итінен дабыстап, сүйсініп айналған Әсия да қолындағы шоқпарымен жағалай жасқап, қойларды еріксіз тоқтатысып жүр. Бірақ құм жотасында қарсылап

соққан қатты дауыл, бұл қойды ауылға қарай қайта айдауға ырық бермей қойды. Қара төбетпен Әсияның тілсіз күйде ұғысып жатқан тынымсыз әрекеті біреу-ақ. Қойларды құм жотасындағы бір болымсыз ойдым қобыға жеткізіп, сол арада шырқ иіріп, ілгері жылжитпай тұрып алмақ. Қасқыр алғашқы шапқаннан бері үнемі жүгіріс-арпалыстан толасы болмаған Әсияның қазір қызыл күрең жүзін моншақтап аққан тер басыпты. Енді ғана бір азғантай тоқтап, ентігін баса бастады. Дәл осы кезде ішіндегі кішкентай жан тағы да оң бүйірін қатты соғып қойды.

Тек таң әппақ атқан соң ғана қойдың шұбырындысымен шапқылап асыққан Есіргеп, Әсияның қасына келіп жетті. Оның қырағы көзі жол бойында бір қойдың да өлексесі жатпағанын және ақ құм мен алашабыр қар үстінде бір тамшы қан жатпағанын болжап келген. Әсия жақындап қасына келе бере жайдақ атынан секіріп түскен Есіргеп, бұл түнде ер қайратын оқтай атқан өзінің еңбек серігі Әсияға ұмтылып келе береді.

– Қойың аман ғой, Әсиям, алтыным? – дегенде, Әсияның көзінен көптен бері шықпаған, қатып, іркіліп қалғандай жұмарланған бір тамшы жас ыршып кетті.

– Аман, Жәке, Жәкетай! – деп қана, айықпаған ата алдындағы ұятын мойнына алғандай, төмен қарады.

– Қарағым, қарағым! Сайлыбегім сенсің ғой, қанатым серігім! – деді. Ақ көңілді, біртоға таса мінезді, буырыл сақалды Есіргеп Әсияны құшақтап, маңдайынан сүйді.

Бұл кезде сөз қатуға мұршасы келмей, екі көзін, иығын төмен салып тұрған Әсия түн бойы дәл осы сағатқа шейін қалың өрт ішінде алысқан, от намысты, өр қайратты Әсияға тіпті ұқсамайтын еді. Есіргеп өзінің сыртқы киімін шапшаң жұлқып шешіп, ақ шеке биенің тақыр арқасына арта салды. Ақ биені сулығынан тартып Әсияға әкелді.

– Кел, мінгін. Мін де шапшаң үйге қайтқын. Болды, өлемісің, әкем тегі. Тез үйге барып, жан шақыр, тыныштық ал. Жат үйге барып! – деп еді.

Әсия қойды көрі атасына жалғыз тастап кетуге көнген жоқ.

– Жоқ, Жәке, түк шаршағам жоқ. Өзіңмен бірге қойды айдап барам. О не дегеніңіз? Атына өзің мін, мінбеймін! – деді.

Есіргеп:

– Жә, қой! Қойғын, қайтпасаң тым құрса мына атқа мініп, айдас. Мен жаяу жүремін! – деді де, Әсияны ақ шеке биеге еріксіз көтеріп салды.

Атасы мен келіні сәске уағында боранға қарсы бұл топ қойды зорға қиналып, жәй айдап отырып, ауылға әрең жеткен еді.

Қанипа мен Балжан “бөлініп кеткен қойды түндегі көп қасқыр талқандап қырып бітірді-ау” десіп, Әсия үшін және де жүректері қобалжып, тыным таба алмай отыр екен. Енді Есіргептер қойымен дін аман үйге жеткенде, бұл екеуі күліп, қуанып, дабырлап сөйлеп, қарсы алысты. Балжан ақ шеке биеге Есіргептің шапаны салынып, Әсия мініп келе жатқаны әсіресе өзін қуантарлық жақсы ырым көрген еді.

Әсия мен Есіргепті таң атқан соң, мұндағы қойды түгендеген Қанипаның хабары әсіресе қуантып, ырза қылды. Олар түндегі шапқан қасқыр көп қойды мерт қып кеткен шығар деп ойлаған еді. Қалың топ қасқыр болса да, қарбалас үстінде көп қастық ете алмапты. Мың қойлық отардан өлімші қылып жаралағаны тек үш қана қой бопты. Қалған бес қойға тістері тисе де, жеңіл жаралапты. Есіргеп:

– Бұлар өлмейді. Мал аман. Ең шоңын қораға алғаш араласқанда Әсия ұрып жыққан соң, қалғандары қыра алмағанын көрмеймісің. Құдай сақтады. Бұл қуаныш, тек жолдарың болсын. Малдарың әмісе осылай аман босын, қыздарым. Еңбек етсең осылай ет! – деді. Өз көңілін де көтеріп, үй ішінің өзге жандарының да көңілін әбден жайлады.

Осы күні түс кезінде боран басылған соң, изенді төбеге қойын жайып жүрген Қанипаның қасына Бобров жіберген бала жігіт Әлім жеткен еді. Қанипа бұны білетін. Жасы он алтылар шамасында болғанмен, бұл осы КИЖ-дегі бо-саң, еріншек, жалқау баланың бірі болатын. Адам табылмаған соң, ер қарасы болса да, амалсыздан барсын деген сияқты. Қанипа бұнымен амандасқан жерден:

– Немене, Әсияның орнына келдің бе? Бобров сен бар да, Әсияны қайтар деп жіберді ме? – деп сұрап еді.

Әлім сондай тапсырумен келгенін айтты. Әсия түсі сұрланыңқырап, қабағын шытынды да:

– Келгенің жақсы, бізге көмегің тиер. Тым құрса қой қоздарда керегің мол болады. Бірақ айтып қояйын, ұғып

алғын. Біздің үйге барғанда “Әсияның орнына келдім, ол қайтады” деген сөзді айтушы болма. Қайта, Әсия екіқабат болған соң, “қойдың күзетінде соған көмектес деп жіберді” дегін. Сөз осы, ұқтың ба? – деді.

Иығы салбырап, тұнжыраған босаң бала Әлім ақ тісін ақситып, ыржиып күлді де, “бопты, айтқаның босын” деп, ауылға қарай жүре берді.

## VI

Жыл басынан қатаң боп басталған биылғы қыс ұлан-ұзақ, ауыр қыспақ қыс болды. Суығы бір жағынан, қалың қары екіншіден, Алматы, Алатау алабын бүрістірген жұтаң жыл ызғарынан босатпай қойды. Бұл күнде Алматы маңындағы Іле, Қаскелең, Жамбыл аудандарының малдары және осы аудандардағы үлкен қой совхоздары, КИЖ шаруасы да қысылшаң күйде. Көптен бері қыс ызғары өкшелеп қуғандықтан, барлық мал құмға кеп тығылып жатқан.

Бірақ бұл отарлардың көбі құмға қыс басынан жетпей, жылдағы күйге сеніп, қарды қалыңдатып алды. Құмға жетер жолдары қарлы болған соң, мырза құмның пайдасын молынан көре алмады. Қойлары қалың қарда аш күйде, шұбыртпамен көшкен соң, құмға жеткенше, тұралап келген.

Сондықтан қазір де қыс аяғы тақаса да, мал баққан шаруа иесі адамдар жан шақырғандай қуанып, айтатын жыл мойны тақаған кезде талай отар қысылып отыр. Жұт бір колхоздың фермасын етектен алса, бірін жағадан да алды. Көп қойларын аязымен, жақ жұтымен жалап, жойып барады.

Бұл кездер астанаға жақын аудандардың басшылығын да үлкен қарбаласқа салды. Малды жұттан құтқарамыз деген аса асығыс науқанға бәрін де жұмылдырған еді. Астананың өзінде, Алматының облыстық партия комитетінде, атқару комитетінде күндіз-түн мал қамын ойлап, тығыз шараларды қамдап, жиі-жиі өткізіліп жатқан жиылыстар бар. Ісшіл, қысқа, шолақ мәжілістер лек-легімен Алматыдан аудандарға, құмға қарай көп адамды асықтыра жөнелтіп жатыр. Олар жауапты қызметкерлер, шаруа қайраткерлері, ірі мамандар болатын. Кей совхоздар, кейбір қатты қысылды деген колхоздар отарларына, құм ішіне машинә-көлік қалың қардан, ұзақ жолсыздан жете алмас-

тай болған соң, дәнді азық топ-топ үлкен самолеттермен күндіз-түн жөнелтіліп жатқан.

Бұндай қарбалас шараларға келгенде облыс, аудан басшылығына республиканың ең жоғарғы партия, совет орындары өздері де тығыз көмек етуде. Құмдағы мал күйін көз алмай бағуда болатын. Алматының тап ортасындағы өкімет үйінде түн бойы еңбек шамы сөнбейді. Жауапты кабинеттерде қазір құмдағы мал жөнінен ақпар берілетін болса, өзге хабардың, қам-қарекеттің бөрінен бұрын кезекті сол алады. Радио-хабарлар мен аудандардың телефон сөзі күндізгі, түнгі ең зор түйінді қозғайды.

Тек мал шаруасын басқарып, ескерген үлкенді-кішілі орындар ғана емес. Дәл бұл күндер Алматы үстіне сұрланып, бұлт төніп, қапалақтап қар жауса, қабақ шытып, аяз келсе, астанадағы тұрғылықты еңбек адамдарының көбі-ақ жүт жайын, қыс қаупін ұзақ сөйлейтін болған.

Өздері бұл күнде оқу тәрбиесімен, еңбек әрекетімен, үй іші бала-шағасымен қала адамы болып кетсе де, қазақтың оқымысты жас жұртшылығы мал қамын қатты ойлайды. Кешегі аталарының, аналарының мал бағып, көшпелі тіршілік кешкен шақтағы мал жөніндегі қам-қарекет, алыс тәсілдері естерінен кетпеген.

Осы күндер Алматының әсем сарай, опера театрына келіп, “Евгений Онегин” сияқты сырлы, сазды классик операны сүйсініп, ұғып тыңдай жүрген қазақ қауымы көп-ақ. Бірақ операны тыңдай отыра, әрбір үзілісте, фойеде, кабинеттерде, ложаларда, партердің алдыңғы қатарларында отырған қазақтың оқымысты еркек-әйелдерінің мәжілістері өзгеше. Басқа шаһар жұртшылығының есіне келмес оқыс тақырып боп Сартаукұм жайы сөйленіп кетеді. Және соның ешбір таңы жоқ болатын. Ондағы отарлы қойдың жүдеу-жадау күйін сөйлеседі. Сартаукұмға жайылыс жөнін білмеген кейбір шаруалардың сиыр жіберіп, жұтатып жатқанын сынап, шенейді. Қоздайтын қойдың қамын уайым етеді. Туатын төлдің уызға жарымай, мына суық көктемде көп шығындауынан қорқысады. Сол мәжілістердің әр үзілістегі қайталай беретін тақырыбы осы болса, таң емес. Және осы шаруа күйіне көңіл бөлушілер кім деңіз? Ол жер бөлімдерінің, Жер Комиссариатының, Жоспарлау комиссиясының, облыстық атқару комитетінің я болмаса мал шаруа,

ғылымдық институтының мамандары мен жауапты басқарушылары ғана болмайды. Қазақтан шыққан ірі оқымысты, жоғарғы мектеп оқытушылары, профессор, доценттер арасында, жазушылар мен суретшілер арасында, композиторлар мен халық артистерінің арасында да қазіргі мал жәйі ең соны, ең зор мағыналы тақырып есебінде әңгімеленеді. Мәдениет, өнер майданының мал шаруасынан сырт көзге алыс тұрған адамдары да, сол операның әнді, сәнді залында, өздеріне кездескен партия мен өкімет басшыларынан Сартау құм жайын сұрасады. Ондағы қой-қозы жайын өз бастарының үлкен бір қиын мұңындай етеді. Көп сұрақтар беріп, зор ілтипатпен сөз қылысады.

Қыс бойында Сартауқұмның қалың ішіне батып, ақ қойлар отарын ауыр қайрат, айықпас ынтамен, күндіз-түнгі тынымсыз еңбекпен сақтап келе жатқан Есіргеп шаруасының мұңы мен жәйі де, март аяғында қой қоздауға тақаған кезде, жаңағыдай қалың жұртшылықтың үлкен қамқорлықпен ойлайтын жәйі болған-ды.

Құм ішіне өз отарын өзге шабандардың бәрінен бұрын ерте апарып жайғастырған Есіргеп, осы өткен айларда малды басқару, жұттан арашалау жөнінде өзгеше өнер көрсетті. Қыс бойы үй ішіндегі серіктерімен биылғы бар қиындыққа қасарысып шыдасуға сертесіп алған. Әсіресе ғинуар ішінде, алай-түлей боран ішінде отарына шапқан қасқырдан малын амандап қалған соң, үй ішімен берік бір байлау жасаған. Онысы – қыстың ортасында қиналудан, күйсіздіктен қорғанбай жиі көшіп отыру турасында болатын. Шұқырдан соң шұқырды жиі ауыстырып отырмақ.

Алғаш құмға келгенде бұл отар ел-жұрттан жалғыз жырылып кеткен, оқшау отар еді. Қыс қатая бастағанда, қиналып сасқан колхоздар мен совхоздардың бірталай шабандары Есіргеп ақыл тапты десті. Олар да Сартауқұмның Есіргеп отарына көршілес көп шұқырларына келді. Құмға Есіргепті өкшелей кеп кірген КИЖ шабандары: Жүзбай, Қыстаубек, Қожаш сияқтылар болатын. Бірақ олар да қар қалыңдаған соң құмды ойлап, қойларын құмға жеткенше қыс қиыншылығына бұрлықтырып алып келді. Есіргеп болса, Қанипа, Әсияларға жиі көшу жөнінен ақыл салғанда:

– Балаларым, биыл сендерден бір тілегім болсын. Қыс қабағы жаман. Жаздан-ақ осы аңғарын жақтырмаушы ем,

осы болар деп сезушем. Қазір көршімізге құмды паналап, көп отарлар келіп тығылып жатыр. Кімісі аман, кімі жаман болад – болжап болмайды. Көп отардың қойы құмға үйренген қазақ қойы болған соң, әлде төзімділік қып, аман да қалар. Біздің баққанымыз құмды алғаш көріп отырған бөлек тұқым. Осының қамын ойлап, “әлдеқандай болады” деп қорыққаннан елден аулақтап, қыс басында-ақ құмға кеп тығылып ем. Енді көрші келген отарлар құмның сирек отын таласа жеп, біздің қойдың өрісін тарылтатын боп отыр. Бұрын келген біз босақ, әзір қойымыз күйлі. Көшіконтаннан құм ішіне алыстап кетуден қорықпайды. Сендерден өтінішім босын. Дәл осы көпір қыс өткенше әлсіремей, жұрт іздемей-ақ шыдай тұрайық. “Келіндер, айына екі-үш көшіп, қойдың өрісін үнемі сонылап отырайық. Сол еңбегіңе осы қойларың татиды. Еңбегінді артыңдағы елің-жұртың ақтайды. Мен жер шалудан, соныдан соны табудан қол үзбеймін. Сендер тек “ал көш” дегенде, көш те отыр! – деген-ді.

Осыдан соңғы қыстың екі жарым айында, апрельдің бас кезіне шейін ақ қойлар отары Сартау құмның бар сонысын асықпай шүйгіп жүріп, баптап жеді. Сонада Бобров әкеп берген екі аттың қайраты да көп тиді. Күн суытып, құм қары қалыңдай берсе, я тор төбел, я қызыл атқа мініп алып, бір күн, екі күндік азығын қоржынына салып ап, қайратты қарт Есіргеп жапа-жалғыз, тынбай жортып, құм кезеді. Қардың жұқа жеріне изен, еркек қалың тұрған жерлерге және көңі бар жайлы жылы шұқырларға үйі мен отарын лезде көшіреді. Қыс көрінен қысылмады. Қойларын сәл де болса жүдетпеді.

Қой күйлі болғандықтан, бұның жас серіктері де қабақ шытпай, қынжылып жүдемей, құлшына қайрат етті. Жер шалудан, үй көшіруден бос болған күнінде де Есіргеп ертеден қара кешке атынан түспейді. Қанипа қасында боп, қойдың жәйілісін бағады. Әр топ қойдың шөп жесін, жүрісін, төзімділігін сынайды. Көп аңысын аңдайды. Бұл айларда құм қасқыры біліне беретін болған соң және Әсияның аяғы ауырлай бастаған соң, түн күзетін Есіргеп жалғыз Әсияға міндет қылмады. Қасына Бобров жіберген бала жігіт Әлімді қосқан. Күзет мықты, сенімді болсын деп, түнгі жүріске жылпос, ақ шеке биені Әлімге мінгізіп қойды.

Соған тыным алдырмай, түн бойы ауыл айналасын атпен күзеттірген.

Әсия бұл кездерде мол ішікке оранып, жылы киініп отырады. Күнде Балжан өзі баптап салып беретін текемет, бөстек үстіне жайланып отырып, әнменен, сақтық күзет айғайымен уақыт өткізеді. Ол түн күзетінің басқарушысы болып, қыстың ұзақ таңында бір мызғымайды. Әлімді де тыным алдырмай, қотан айналдырып жүргізіп қояды. Бұл отарға осындай сақайған күзет соңынан құм қасқыры қайта беттеп соқтыға алмайтын болды. Олардың тобы болсын, жекесі болсын, құм шетінде кейіндеп қалған көп отар жағына ауысты.

Март аяқтап келе жатыр, енді аз күнде қой қоздайтын шағы жақын. Ұзаққа созылған қыс керенаулап, өз шеңгелінен құмдағы малдарды әрең-әрең босатып, енді-енді ғана шегініп барады. Құм қары тез еріп, шегінумен қатар, Есіргеп отары сол қарды өкшелеп келеді. Қойды күндегі өрісімен баптап жая отырып, апрельдің басына тақағанда, он күн ішінде алты-жеті көшіп, жылдағы қой қоздататын жері – Қанбұлақ, Жылыбұлақ тұсына жетті. Осы араға келіп қона сала, бұрынғы жылдарда, жақсы жылдарда жас қозыларды паналататын жер үйшікті тынбай қазуға, түзеуге, тазалауға кірісті.

Мөлшерлі күн, өлшеулі айы жеткенде, Жылыбұлақта отырған ақ қойлар отарының үстіндегі кең аспан мөлдіреп көгере бастады. Жарқырап, жадыраған жылы күн келді. Дәл осы күндерде апрельдің алғашқы күн шуағы мейірлендірген, қазір де жайылысқа мамырлап, ақырын жылжып барып жүрген ақ қойлардың ене құрсақтары жіби түсті. Биылғы жылдың тұңғыш төлдері дүние жүзіне шыға бастады.

Қозы күндіз де, түнде де қауырт туады. Алғашқы үш күннің өзінде жүзге жуық қозы туған еді. Есіргептер әзірлеген үш үйшіктің астарына құрғақ көң себілген болатын. Сол үйшіктердің қазір екеуі толып қалды. Қойдың жиі қоздауынан Қанипа мен Әсия қатты күпті. Ендігі қалған үйшік біреу-ақ. Қозы сыймайды, ендігісін қайтеміз? Күн жылына бастағанмен, түн әлі ызғарлы, суық. Үйшікке сыймаған жас қозы қатып қалады-ау деп қайғыра бастаған еді. Қыста құм кезіп, суық сорып шыққан қойлардың қозысы әлсіз, сүті де аз боп туады. Оның үстіне үйшіксіз болса, төлді

амандап қалудан ақсаймыз-ау деп қорқып еді. Қойдың осылай қауырт қоздауы басталып, төртінші күн өткенде, Бобров пен Асан тағы жетті.

Көптен көріспеген достарына Бобров дәл бір ұзақ жолға кеткен осы үйдің қымбат, ыстық жақынындай келді. Ол Есіргеп, Балжанмен ұзақ қол сілкісіп амандасты. Әсияның қыстыгүні қасқырды өлтірген қайратын құттықтап, арқаға қағып құшақтап, амандасты. Үй сыртында атынан түсе сала, ала қоржынды толтырып әкелген сыйларын Қанипа қолына сол арада табыс етіп жатыр. Балжанға деп көп шай әкепті. Жастарына кәмпит, тәттілерін, шай, көйлектерін берді. Күліп, қуанысқан жас әйелдерден інілік алғысын алып жатыр. Асанның да жүгі бар екен. Ол – қозылардың салмағын өлшейтін кір. Осы көктемде биылғы қозыларға айрықша ғылымдық, зерттегіштік баға беріледі. Сонда кір оқымысты мамандардың аса қажет аспабы болады. Бобров Есіргептен қойдың дін аман боп, биылғы қатты қысты, ауыр жұтты елемей шыққанын түгел білді. Бұндағы жас әйелдердің қозылар турасындағы, үйшік жетпеу турасындағы қауіп-күдігіне түгел қанды. Келе сала, бүгін туған қозылар мен үш-төрт күн бұрын ең алғаш туған қозылардың өзін де, Әсия, Қанипаны да анық жұбата-тын қорытындыға келді.

– Үйшік аз деп саспаңдар. Ақ қой қазақ қойынан уызды болады. Есіргеп екеуміз екі жылдан бері солай деп ойлаушы ек. Биыл мынау жұт жылдың өзінде сонысы аса қымбат сыпаты болып отыр. Үйшікте үш күн тұрған қозың көп салмақ қосыпты. Олардың шешелері бұларды құс төсекте, жылы жайда тірлік етесің деп тапқан жоқ. Үйшікте үш күн тұру жетеді. Шешелері шыдаған ауыр жағдайға бұлар да көнеді. Үйрене берсін, шыныға берсін, бұ да тәжірибе. Ақ қойдың нәсілі туралы, тұқымдық сыпаты туралы биыл жасайтын біздің байлаулы қорытындымызға бұл үлкен қосымша болады. Туғанына үш күн болған қозыларды бүгін-ақ үйшіктен шығарып, орнын ендігі жастарына босата беріңдер! – деп бұйрық, нұсқау берді.

Осыдан кейін шаруа қамқорларының көңілі жайланып, қыстың соңғы қысылшаңы күпті көңілдерден жадырай берді. Бұрын туған қозылар үйшіктен маңырай шығып, кешкі жайылыстан қайтқан енелерінің бауырына кірді.

Алғашқы суық түндердің өзін-ақ сол ежелерінің ығына, бауырына, жүндес бүйіріне тығылып жатып, күйзелмей өткерді.

Бобров осы келгеннен мың қойлы отар түгел қоздап болғанша қайтқан жоқ. Апрельдің орта кезінде тең жартыдан артық қой қоздап болған еді. Ақ қойлардың жұтқа мықты, жайылысқа мығым, құмнан қорықпас, асыл жүнді, көп жақсы сыпатынан басқа, тағы бір белгісі байқалады.

Қазақ қойының өсімінен бұның төл саны да қара үзіп, озық боп шықты. Бобров КИЖ қойының әр тұқымды баққан отарында боп, биылғы төлді орта есеппен бес жүз қойдан шамалап, есептеп келген еді. Мынау отарда ақ қой туралы сол есебін қорытқанда жүз саулыққа жүз он алты қозы туғанын білдірді. Дәл осы жылда қазақтың құйрықты қойы жүз саулыққа тоқсан екі қозы берген екен.

Енді жыл аяғы бұл отар үшін игілікке айналды. Күн мейлінше жылынумен қатар, Жылыбұлақ атырабындағы бозғыл, тақыр төбелерге аласа жусан мен тықыр өскен шағыр, шытыр пайда бола бастады. Күн нұрланып, қуанта туады. Қызара балқып, жылы самал кешке айналып, сүйсіндіре бастады. Маңғыстап мамыр, баяу көктем келді. Ересек тартып қалған ақ қозылар көктем шаттығын сүтке тойған бойынан ең алғаш білдіре бастады. Топырлап жүгірісіп, қалқан құлақтары сербеңдеп, секіріп ортқып, ойнай береді. Балжанның қазаны толып, уыз пісіріледі. Тегене, шарасы толып, қаймағы қалың, қою тәтті айран-қатығы молайды.

Жылыбұлақтың қар суымен молайған ағысы алысқа жарқырайды. Кең сайды құлдап, өлке бойына қақ тұрғызды. Көктем көркін айнадай мөлдір бетіне түсіреді. Осы суға ертелі-кеш тобымен ұшқан жыл құсы кеп қонады. Қиқулап шулап, жаңа көктемді ақ қанаттарын сабалап ұшып, қошемет етеді. Қаз қаңқылдап, шағала, қызғыш шырылдай созып, үн қатады. Биік көк аспанда, әсем көктем ертегісіндей боп, шығыс ертегілерінің ақ кепті пері қыздарындай боп, ұзын қатарымен сұңқ-сұңқ үн толқынын салып, аққулар шырқап, маңып өтіп жатады.

Дәл осы апрель ортасында, ең соңғы күндерге шейін түнгі күзет пен жас қозылар қамынан өзінің ойын бөлмеген қайратты, төзімді жас әйел Әсия өз өмірінде ең алғаш

рет ана болды. Жарым күндей толғатып, түс ауа өзінің алғашқы перзентін тапты. Бірнеше ай бойында, жас анасының құрсағында оң бүйірін түртіп жүрген перзент ұл боп туды.

Бұл ортада бөгде, бөтен әйел жоқ. Сондықтан кіндік шеше боп Қанипа өзі қам етті. Бүгін күнұзын ат үстінен түспеске бекініп кеткен Есіргеп кешке шейін оралған жоқ еді. Бобров болса, “Әсия халінде әлде қандай қиыншылық болса, дәрі-дәрмек пен көмегім, себім тиер” деп ауылда қалған. Әсияның аман босанғанына Балжан мен Қанипа қатты қуанышты еді. Бобров үй іші әбден жайланып болған соң, әйелдердің ортасына келді. Қызара күліп, әлденеден ұяла түсіп:

– Құтты болсын, жақсы болды! Қандай жақсы болды. Бұл бала бақытты бала болады. Жақсы көріңдер, Балжан, Қанипа, сендер Әсиядан да жақсы көріңдер! – деді.

Осы жолғы келісінде Бобров Қызыл Армияның жауыз дұспанды жапыра қуып, қан жоса қып бара жатқанын айтқан. Жауды Берлинге апарып тыққанын және аз күнде Берлин құлайтынын, дұспанның табан астына түгел түсетінін қуанышты хабар етіп айтып берген-ді.

– Жау жеңіледі, соғыстан азамат қайтады. Ел қуаныш, жеңіс тойын, биыл жаз бойы тойлайды! – деген сөздерді Асан екеуі кешкі шай мен ас үстінде көп әңгімелейтін. Есіргеп, Қанипалар соғыстың біту жөйін, азаматтың қайту үмітін Бобровтан сұрай түсіп: “айтқаның келсін, дегенің болсын, тілеуің берсін!” десетін.

Әсияның босануы осындай бір көп жұбаныш, көп үміттің тоғысқан шағына тап келді. Күліп келген көктемнің мейірлі, нұрлы, шаңқай түсіне дәл келді.

Есіргеп далада қой шетінде жүрген кезде:

– Шал, қуана бер. Әсия босанды. Саған жақсы немере болатын ұл тапты! – деп, сүйіншіні Бобров өзі сұрады.

Есіргеп үн қатқан жоқ. Тек Бобровтың бұның үй ішіне, өзіне шын достығына сүйсінді де, үндемей ғана Бобровтың қолын қысып, көп ұстап тұрып, арқасынан қақты.

Көпке шейін екеуі ешбір жайдан сөйлей алмады. Бұлар қойды жайып, жаңа қоздаған қозылар болса, Есіргептің атының екі бүйіріндегі үлкен киіз қаптарға салып жүріп, кеш болғанда ғана ауылға қайтысты.

Бұл уақытта Асан мен Қанипа үйге текемет, сырмақтар жайып, өздерінше жақсы бір көңілді кеш өткізбектей екен. Шілдехана, қалжа түні сияқты. Бобров күнұзын Есіргеп қасында жүргенде, бала туралы көп айтты. Жарытымды жауап ала алмаса да, Есіргепті бірталай жуасытып, мойындатып келгендей еді. Осы түнде Есіргеп өзінің үй ішіне кірген өзгеріс туралы ас алдында бір-ақ қана сөз қатты.

– Ер-азамат жауды жеңген қарсыда туған екен. Бұның атын “Жеңісбек” қоям, “Жеңісбек” болсын! – деді. Әлдебір тілекті, аталық батаны күбірлеп қана айтты да, Балжан, Қанипаларды жылы шыраймен жұбата түсіп, бетін сипады.

## VII

Арада жыл жарымдай мезгіл өтті. Бұл мезгіл ақ қойларды Қазақстан халық шаруашылығы мен бүкілодақтық халық шаруасын басқаратын зор орындардың түгел танып-біліп, бағалап, қабыл етуінің мезгілі болды. Ақ қойлармен қатар, солар нәсілінің дүниеге жаңа бір тұқым боп келуіне себепші болған әрі ғалым, әрі шабан, зерделі профессор Бобровтың да Отан халық шаруасына сын жылдарда сіңірген ірі еңбегін танудың, бағалаудың жылы болды. Профессор Бобров өзін бағалаған жұртшылықтың төменнен жоғарысына шейін барлық жұртшылығына өзімен қатар еңбек еткен бір топ жас оқымысты мамандарды бірге танытты. Және әсіресе өзі жүріп, Алматыдағы басшылық орындарға өз аузымен ерекше алғыстар, мақтаулар айтып, Есіргеп үй ішінің еңбегін де танытып, бағалатты.

Жаңа тұқым туғызу оңай жұмыс емес-ті. Ол он төрт жылдай осы Қарғалы бойында, осы КИЖ шаруашылығының соңында, қысы-жазы қол үзбей тәжірибе жасаудың қорытындысы болып шыққан.

Бұл тұқымды шын, жаңа, асыл нәсіл деп танып, бағалап алу да оңай болған жоқ. Қойлардың ғылым тіліне түсіп, баяндама, зерттеуші мақала, тәжірибе қорытқан алғашқы кітаптар боп қағаз жүзіне түскен сипырлы, санды деректері үнемі биология ғылымының бұрынғы-соңғы негіздеріне сүйеніп қағазға түсті. Сол күйде қалыптанған ақ қойлар хабары, Есіргептер тәжірибелері қадағалап сынаудың талай сатысынан өткен.

Әуелгі саты Қазақстанның мал шаруасын ғылым жолымен зерттейтін институт – КИЖ болған. Соның оқымыстылар кеңесі өздерінің көп ірі ұсыныстарымен Ауыл шаруа академиясының қазақстандық филиалы – ВАСХНИЛ кеңесіне ақ қойлар дерегін ұсынған. Ауыл шаруа ғылымының Қазақстандағы ең жоғарғы, ең білімдар абыройлы орны осы еді. Бұның басында отырған қазақтан шыққан биология ғылымының докторы Әмір болатын. Ол өзі де дамылсыз тәжірибе ғалымы болғандықтан, Есіргеп пен Әсиядан басталған құмдағы ауыр еңбек жемісін әр кезде қадағалап сұрап, жақсы біліп жүруші еді. Бобров ісінің де ең зор, ең ынталы тілеулесі, дос көмекшісі осы болатын. Ақ қойлар жайы бұның қолына келісімен үлкен істің кең баға берілу жолы енді басталды.

Бобровпен ақ қойлар жаңалығы – Қазақстанның Жер Комиссариатында, Халық Комиссарлар Советінде, Одақтық Жер Комиссариатында, Мәскеудегі мал шаруасын зерттейтін атақты ғалымдар жиылған институттар мен академияда бірер айдың ішінде түгел мәлім болды. Ақ қойлардың туысын Әмір Одақ бойына үлкен сенімді қуанышпен мәлім етті. Осындай дәлелді деректер жайынан үлкен дабыл, ғылым дабылын берген мәлімдемелер соңынан Мәскеуден айрықша ірі мамандар комиссиясы шықты. Қазақстан шаруа орындарымен біріккен комиссиялар Ұзын Қарғалы бойына тартты. Есіргептің отарындағы ақ қойларға талай рет келіп, зерттегіш, танығыш, білгір көздермен бар сапасын анықтады. Шын жаңа тұқым, асыл тұқым деп танып қайтты.

Тағы бір кезекте Алматы қаласынан бес машинаға, қала көшесінде жүретін сәнді машиналарға мінген бір топ ірі адамдар Есіргеп отарына Әмірдің бастауымен Бобровтың өзін ертіп, келіп қайтты. Бұл келген топ Қазақстандағы Орталық партия комитетінің басшылығы мен Министрлер Советінің басшылары еді. Қазақстанның халық шаруасына ұшан-теңіз пайдасы, қасиеті бар үлкен жаңалықты аса қымбат бағалайтын жандар. Анық дос, тілектес басшылығын білдіре келген топ болатын.

Осы соңғы келген қонақтар ақ қойларды тудырған барлық КИЖ адамдарының еңбегін бағалады. Еңбекке сай сый мен құрметін атайтын зор тілеулес адамдар болды.

Осыдан бірнеше айлар өткенде, Одақтың ұлы орындарын түгел сүйсіндіріп, тегіс аралап өткен ақ қойлар жайы мен Бобровтың еңбегі енді ұлы Одақ атынан аталып, қаулыға айналды. Отан сыйының тіліне ауысты. Он төрт жылдық қажымас еңбегінің жемісін Бобров татты. Оның Асандай білімпаз көмекші жас достары да саты-саты лайықты сыйларын Одақтың Жоғарғы Совет қаулысымен алатын болды. Ғасырлар бойындағы халық тәжірибесі, ел даналығы, ақ қойларды Алатау мен құмдарда шүйгізіп, семіртіп, молайтып сақтаған Есіргептер еңбегі де сол ұлы Одақтың Жоғарғы Советінің қаулысында және айрықша аталды. Есіргеп үйіне бұл қаулылар сүйінші тілеп келген хабары үлкен шоғыр, мол сый болып келді.

Есіргеп Еңбек Қызыл Ту орденін алып, Әсия, Қанипа “Құрмет” ордендерін алды. Және осының үстіне Балжан бастаған барлық үй іші адамдары әлденеше мыңнан және тағы бәйге алатын бопты.

Ақ қойлар жайындағы Отан берген баға, қадірлі сый бұл ғана емес, тағы бір алуан еді. Бобровтың ғылымда тапқан тәжірибелі жаңалығы үшін озғын оқымыстыға қасындағы азын-аулақ көмекші тобын қоса бағалап, Сталин атындағы қадірлі бәйге және берілетін болды.

Ақ қойлар да жаңа бір ат алды. Енді ол қойлар дүние жүзінің қой жөніндегі ғылымдық тілінде “қазақтың жібек жүн қойы” деп аталатын болған. Сол жібек жүн қойдың жәйі осы жаңа бесжылдықтың алғашқы жылында шыққан республикалық, одақтық баспа жүзінде сан рет жазылып, мол жұртшылыққа түгел танылды. Қазақтың жібек жүн қойын білмеген қазақ оқушылары да жоқ еді.

Осындайлық бірі артынан бірі келген игіліктердің, қуаныштардың арты Қарғалы суының бойында, күздің ашық, жылы, жәйлі бір күнінде мамандар мен шабандардың қызықты, қызу бір тойына әкелді.

Қарғалыдағы Есіргептер тойына қуаныш білдіре келген қонақ көп. КИЖ-дің өз қауымынан басқа көршілес аудан – Жамбылдан, Қаскелеңнен, Алматы қалалық ауданынан келгендер бар. Астананың өзінен де сан машина көп алуан оқығандар жұртшылығын әкелді. Ұзын Қарғалының кең көгал сызатына, жасыл белге орала біткен етектегі отарлар қонысы ойдым-ойдым көгалдарына қонып, бие байлап,

түйе сауған, қалың қойларын семіре жайған көп отарлар болатын. Сол отарлардан Есіргеп қуанышына қоса қуанған шабандары Жүзбай, Қожаш, Есбайлар бүгін Есіргеп үйінің жанына өздерінің үйлерін көшіріп әкепті. Ыдыс-аяғын, көрпе-жастық, кілем-сырмағын, асжаулық-орамалдарына шейін бар бұйымдарын көмекке әкеліпті. Аттылы, арбалы, түйелі қонақтар Қарғалының жоғарғы-төменгі бойларынан, екі жағасынан Есіргеп отарына ағылып келе бастады.

Қатарлап тігілген, кішілеу, қоңыр үйлер бүгін келіп жатқан қалың қонаққа үнемі үзбестен ас беріп, сыйлаумен болды. Қазір Әсия, Қанипа, Балжандарға қосылған Ұлбике, Бағила, Әнипә сияқты көп кәрі-жас әйелдер дамылсыз самауырлар қайнатты. Жерошақ басындағы қазандардан табақ-табақ еттер тасумен, тыным алмайды. Бірақ қонақшыл үйлердің жұртты күтуінде бірде-бір ретсіздік жоқ.

Ақырын күлісіп қана, қарбалассыз, кейіссіз қимыл еткен әйелдер арасында қонақ күтуді өзі басқарып Есіргеп жүр. Оның қасында Асан, Әлім сияқты, Қожаш, Жүзбай сияқты кәрі-жас серіктері де шаң-шұң шығармайды. Неше жүздеген адамдарды бірнеше ғана момын, қоңыр үйлерден тойдырады. Қымыз бен өзге ішкілікке қандырып, қызара бөрттіріп шығарып жатыр.

Әр үйде әр алуан көңілді жиындар бар. Бір үйде әнші, ақын әйелдер мен жігіттердің айтысы жүріп жатыр. Тағы бір үйде, орталық кең үйде, қаладан келген қонақтар арасында атақты халық әншісі үнді шешен домбырасын бебеу қақтырады. Мың бұралған күміс толқынды сырлы, күйлі әндерін шырқайды. Дәл түс кезінде ас ішіп, жайланып болған соң, барлық жиынды сыртқа, кең көгалға шақырған, салтанатты қысқа мәжіліске шақырған үндер келді.

Дөңгелене отырған жиынның артында түгел кеп тұрған ел де көп. Олардың сыртында аттарына мініп ап, енді ат үсті ойынды күткен жас әйел, жас еркектер топтары тұр. Жүйріктеріне зорға тыныштық алдырып, дөңгелек айналып, ауланы бөлек бір жиын жасап, жағалай қоршап тұр. Оқымыстылар мен шабандардың қуаныш тойына өзі басшылық еткен және Есіргептің барлық үй ішімен қатты тату достық тапқан биология ғылымының докторы Әмір еді. Ол Қазақстандағы ауыл шаруа ғылымдарының ең жоғарғы

орны – ВАСХНИЛ атынан, Ауыл шаруа академиясының атынан мәжілісті ашты. Аз сөзбенен ақ қойлардың халық шаруасына беретін зор сипатын айтып өтті.

Бобров пен Есіргептер еңбегінен туып, молайған асыл нәсіл биылғы жылы Қазақстанның қақ жарымына тұқым шашуға таратылып жібергенін баян етті. Кавказдан, Еділ бойынан, Дон жағасынан, алыс Украинадан осы тұқымды қойлардың сол жаққа барып, ұрық таратуын тілеп жатқан атақты ірі-ірі совхоздардың талаптарын айтты. Қазақстан сахарасында Сталиндік жаңа бесжылдық жоспары бойынша жанданатын, қазір иен жатқан Бетпақ шөлі, Мойынқұм, Қарақұм, Қызылқұмдар бар. Құт жайлаулары, салқын, самал белдері миллиондаған қой түлігін тосып тұрған – Ала-тау, Алтай, Тарбағатай, Ұлытаулар сияқты ұлан-ұзақ өрістер бар. Әмір осының көбіне Бобров, Есіргептер еңбегінің жемістері – жібек жүнді, еті мол, төзімге берік, ақ қойлар тарап орбитінін айтты. Ұзын бойлы, келбетті, сұлу жүзді Әмірдің әр сөзінде Бобров пен Есіргептердің ұзақ жылдар бойындағы қысқы, жазғы қажымас қажыр, саналы азаматтық еңбегіне арналған алғыс, шын достық білініп тұр еді.

Осы мәжілісте ұлы Одақ қаулысымен аталған сыйларды Қазақстан Ұлы Советінің атынан тапсыра келген жауапты хатшы сөз сөйлейді. Ақ құба жүзі бар, салмақты, сабырлы сөзі бар жоғарғы өкімет өкілі Бобровтан бастап, Әсия, Қанипа, Балжандарға шейін арнаулы сыйларын беріп, ордендерін кеуделеріне тағып тұрып, барлық еңбек ерлеріне Отан алғысын айтып тұрды. Көңілді, қысқа, салтанатты жиылысты колхозшы ақын ескек жырмен құттықтады. Есіргептерді Қазақстанның көркем өнері де құрметтеді. Өнер тілімен құттықтауға келген, дөңгелек, қызыл жүзді, толық денелі, сыршыл әнші “Қанатталды”, “Көгершінді” қалқытты. Шабандар ортасының қуаныш мерекесін гүлге, бұлбұл сазға бөлегендей боп еді. Үні мен әсем ырғақ әніне бар Қазақстан қанық болған әншіні Ұзын Қарғалы бойындағы колхозшы, шабандар да өз орталарының адамындай біледі екен.

Ат үстінде тұрған көңілді жастар даурыға тілек етіп, әншіге оның атақты “Құлагерін” де айтқызды. Талап етіп, соңғы әнін сол “Құлагермен” аяқтатқызды. Кең өлкеде

қоралап қой, үйірлеп жылқы өсірген колхоз елі атақты Құлагер жүйріктігін желпіне, сүйсіне тыңдаумен ілес, осы мәжіліс тарқай бере, ат үсті ойынға өздерінің астындағы сәйгүліктерінен бәйге, Құлагер сапасындай шабыс өнер тілеп, ат үсті ойынға шықты.

Осыдан соң, күнұзын бәйге аттарды жарыстыру бір алуан қызу көрініс той өткеннен кейін, ат үстіндегі барлық қайраты мен талабы күшті тойшылар серке тартуға кірісті. Аттарымен жігіттері сай КИЖ қонаққа келген аудандардың колхозшыларымен бәсеке жарысқа түсті. Күш сынасу қызуында күні бойғы сән-сауығын өткізді.

Бобров пен Есіргеп ат үсті қызудан да, көпшілік сауық-сайранынан да қалысқан жоқ. Додаға түскен неше жүз атты ойыншылар біріне-бірі серкені бермей, қалың қырқыс-тартыста жүр. Бобровтың оқымысты жас көмекшілері, орыс жігіттері де көкпарда жүр.

Тегінде, Бобров маңындағы қазақ мамандары сияқты, орыс жастарының бәрі де Бобровтың өзінен үлгі алатын. Шабандар тұрмысына шын бейілімен, ет бауырымен араласып, қанығып кеткен болатын. Олар да Бобровша Балжанның қою шайын сүйеді. Қою қатығына, жазғы қымызына қазақтан бетер құнығып алған. Жатыс-тұрыста, ат үсті шабыс-жүгірісте шабандар не істесе, неге шыдап, нені қызық сауық етсе, соны олар да өздерінің аса құмар машығы етіп алған. Бұлардың қазақ тіліне де аса жүйрік боп алғандары бар. Солардың ішінен қазір додаға бар жанын салып, зор қызумен түсіп жүрген Оксенов Федя, Бойко Семен болатын.

Бобров пен Есіргеп дода үстінде қырқысып жатқан аттылар тобынан биігірек бір төбеге шығып, қызулы жастардың үндерін тыңдайды. КИЖ жігіттері қалың қырқысу үстінде бірін-бірі айғайлап атап, үн қосады. Сонда көп шабандар серке тартуға сенімді Бойконы шақырады. “Семен, Семен” деп бір үн салса, тағы бір кезде Федяны “Петке, Петке” деп шақырып қояды.

Басындағы қалпағы қайда қалғаны мәлім емес, шеке-сінен әлденеден қан аққан, сұйық сарғыш шашының түбіне шейін беті-басы қып-қызыл боп, қайратқа басып алған Семен доданың тап ортасында. Сұр серкені тақымына басып ап, жүздеген аттылардың арасында жиі-жиі

көрінеді. Бұны КИЖ шабандары айғайлап шақырса, Семен да үнемі ұрандап, үн салады. Өзіне сенімді серік болған Қожаш, Қыстаубек, Жайлаубек аттарын қайта-қайта шақырады. Бір кезек Қожаш қолына серкені берді. Адай айғырға мінген Қожаш топтан сытыла қамшылай жөнелгенде, артынан ілесе шапқан Семен мен Федя: “Қожаш, Қожаш! Әруақ, әруақ! Адай, Адай!” – деп айғайлайды. Қожаш пен Адай күрең айғырды қоздырғанда дәл бір өздерінің жеті атасына сиынып, ата әруағын ұрандап шақырғандай болады.

Ойын-қызу арасынан бір уақыт ауылға оралған Есіргептің алдынан Жеңісбек жылап шықты. Қызғылт жүзді, мөлдіреген мойыл көзді, кішкентай қара кекілі бар Жеңісбек атасының алдынан әлдекімді шағып, қатты жылап келеді екен. Бүгінгі күні бойғы көңілді күйінен Есіргептің ең алғаш күйініп, өзгергені осы шақ еді. Күн баласындай, көркем нұрлы, кішкентай Жеңісбек қазір бұған жетімсіреп жылағандай көрінді. Кішкентай баласына жаны қатты ашыды. Ат үстінен еңкейіп кеп, алдына көтеріп алып:

– Әкем, кім тиді? Кім жылатып кетті менің кішкентайымды? Жарығым, жалғызымды – деп, бауырына қатты қысты. Жеңісбектің тақырлау төбесінен, құлағынан сан рет жабыса сүйеді. Иіскелей түсіп, еміреніп сүйеді.

Омырауларында жаңа ордендері жарқыраған, қонақтарын түгел сыйлап болған, енді таза киімдерін, барқыт кемзалдарын киіп, бастарына қызыл жібек орамалдарын тартқан Әсия мен Қанипа шеткі үйдің жанында тұр. Жеңісбек үшін құрақ ұшып жаны қалмай, аймалап келе жатқан Есіргепке қарап, сүйсіне күліседі.

Есті қарт Есіргеп былтырғы жылы жас нәрестенің атын өзі қойғанда, соғыстағы жеңісті бір мерзім етсе, өзінің қиырлығын жеңген жаңа туысқа және мойындап “Жеңісбек” қойған екен...

## ШЫҢҒЫСТАУ

### I

Базар хикаяшыл, тіпті қиялшыл қарт болатын. Қазір мына қасында отырған баласы Медеттің кішкене күнінде Базар айтпаған ертегі, хикая қалған жоқ шығар. Ол әңгімелер ішінде кезеген ерге кездескен ат басындай алтын қандай көп еді. Фашықтық сағымына бой ұрған сұлу жас жігіттің алдынан қашатын басы алтын, арты күміс киіктер қаншалық еді. Тылсым есік, тас қамаудың ар жағынан, жер астынан табылатын, дүр гәуһардың ортасында отырған сұлу перизат шаһзадалар – бәрі-бәрі мол еді. Жүрген аяққа жөргем ілінгендей боп ерінбеген ер әлгі сұлуды алып, қазына күреп қайтатын. Кім біледі, әлде, тіпті, бүгін инженер-геолог болып кен іздеп жүрген Медеттің осындайлық алтын байлық іздегіш болуына сол бала шақта әкесінен естіген қиялдық сұлу әңгіме-аңыздар себепші де болған болар. Бірақ бұл күнде ешкімнің ойында жоқ. Әке мен баланың көріспегеніне тоғыз жыл болыпты.

Жас оқымысты, инженер Медет өзінің оқу, өсу жолында әкесін ұмытқан жоқ-ты.

Өйткені Медеттің білгені мен көргенінің бәрі Базармен жауласып, оған қайшы кеп, оны жеңіп, тонап отырды. Әкесі Ескендір Зұлқарнайынды мұсылман деуші еді. Ескі Юннан тарихы оны бекер деді. Жерді көтеріп тұрған көк өгізді Коперник жоқ етті. Қазақтың түбі Мұхаммед пайғамбардың сахабасы Ғақашадан тарайды деп еді. Оны моңғол-түрік тарихы теріс етті. Дүниенің шеті Каф тауы, ол диюлар, перілер мекен еткен жер десе, дәл сол Каф – Кавказ тауларында экспедицияда жүріп, Медет өзі үйленіп те қайтқан.

Химияны ет пісіруден білген, астрономияны космогония ертегісінен білген, тарихты лақаптан, ата санаудан білген, есеп ғылымын қой санынан білген сияқты әлсіздікті Медет көп аяған еді.

Әкесіне қазіргі бір тартымды, шолақ әңгімеде де осы өңірді сондай мүмкіндігі ашылмаған, жас өлке деген. Өзінің желілі ойларының бір ұшығын ғана шығарған-ды. Бірақ баласының бұл өңірді кішірейтіп сөйлегенін Базар ұнатпады. Бұлар дөң басында отыр еді. Әңгімелері үйлеспегендіктен, орындарынан тұрып, қыстауға қарай аяндады. Базардың аласа ескі қыстауының қос мұржасынан кешкі түгін будақтап тұр.

Баласымен дауласып келе жатып, Базар осы таудың қолхозшы, шабандарға, аудан қызметкерлеріне айтып жүретін желілі әңгімесінің біріне түсті.

– Дүниеде даңқы шықпаған, жас деген немене сөз? Білмегеннің сөзі. Болмаса дәл осы өңір қадымнан мәлім дейді... – Әкесінің “қадымнан” деген сөзінің тұсында Медеттің ойы қатар жарысты... Іштей жарысады. – Қадым!.. Қадым деген адам есінде әлдеқандай ескілік көрінгенмен, геологияға айтқызсаң, сүт пісірім есепті дейді...

Базар сөйлеп келеді.

– Тау аты – Шыңғыс... Бұны атам заманнан атақты Шыңғыс хан мекен еткен... Биігінің аты – Хан. Ол, тіпті, өз қыстауының желкесінде тұр. Сонау көк тау – Орда... Шыңғыстың ордасын тіккен жері... Мінеки, аудан тұрған тау аты – Қарауыл. Қолбасы батырлары, нояндарының жортуылға шығатын биігі... Жас бола ма осындай дүние? – Базар дауласып келеді.

Медет дауласқан жоқ. Әкесінің хикая дауында аса қыңыр екенін біледі.

## II

Базар сөйлеп келеді...

“Найман, Сыбанмен Тобықты алысатын бөктер де дәл осы бөктер... О да қадым заманда болған, жастығы қайсы?..” деп келеді.

Медеттің ойы тағы да өз желісімен тарихи геологияны бойлап келеді. Бір Шыңғыс емес, тіпті Сібірдің барлық тауы өзінше жас таулар дейді. Геологияның соңғы пікірі рас, третичний дәуірде қазақ сахарасының Ұлытау, Көкшегау, Мыржық, Дегелең сияқты таулары бар... Бірақ соған тіркес дәуірде Сібір тауының көбінің бітімі қайта бұзылып, бертінде шейін өзгере келген. Мысалы, шығысқа қарай басса Маңырақ, Тарбағатай, Сауыр, Алтай, одан ары Саян, Становой таулары, мынау жақын өкпе тұстағы Қалба тауы – бәрі де сол белгіні білдіреді.

Медет ойы тек осы Шыңғыс жайында біраз басқарак, екіұдайылау. Семей қаласының меридианынан оңтүстікке қарай тартса, соның батыс жағындағы таулардың қалыптануы ертерек тоқтаған, – дейді тарихи геология. Әлде, Шыңғыс сол қатардың тауы болар...

Міне, ескілік пен жастық жөнінде әке мен баланың дауы осындай екі салада жатыр еді. Медет оны білдірген жоқ. Тек қыстауға қарай келе жатып, әкесін үндемей тыңдайды да, қолынан тастамайтын асыл балғасымен әр тасты бір алып ұрып сындырып, жеке сынықтарға бір рет үңіле түсіп, қайта лақтырып тастайды. Базар өз дәлелін тағы айтып келеді.

– Жердің жаманы жоқ, тек көркейтетін ер тусын, – деп бір қояды. Онысын Медет те орынды сөз көреді.

– Жерім жаман деген жоқ... Жері жаман болғандықтан өнері басылып қалған жоқ кешегі Абайдай асылдың. Ол да осы өлкеде туып, осы бөктерде тірлік еткен, алпыс жасына дейін... Анау Ордада құс салатын. Дәл осы бөктерде Тоғжан деген Сүйіндік қызымен ғашық отын тартқан. Қандай әсем жыр қалдырып, өлеңіне көрік берген... – деп бір кетті.

Медет бұл әңгімені ілтипатпен тыңдады. Кешкі күннің сәулелі биік басын алтындап, жарқын, әсем рең берген алыс Орда көңіліне өзгеше ыстық, жақын көрінеді. Тек қана ескісімен, әсем естегісімен ғана тірлік етпей, жер санатына қосылып, жаңғырса етті осы тұманды сұлу көкшіл тау.

Әкесі сөйлеп келеді. Әсіресе, қорытқан сөзі дөп тиерлік сөз еді: – Үмітпен ұл өсіріп, құрметпен қыз жетілдіріп жа-

тырмыз... Қайта соны ақтандар... Өзің ғана болдым демей, жерінді де, ағайыныңды да көркейт, үмітін ақта. Туған өлкеңе өнерінді әкел, түгі, – деді. Бұл тұста Медеттің осы тауларды көптен кезіп жүрген мақсұты мен әке пікірі бір сағаға құйғандай болды. Бәсе, бәрінен де сол арман. Медеттің мынау күндерінде бұл өңірден ететін талабы да сол. Әрине, өзіне алатын міндеті де осы да. Жері мен ауданын Отан білер, барлық совет халқы сүйер өлке болса екен дейді. Сондай болып сүйгізу үшін мынау ұлы соғыс, Отан соғысының керегіне керек-жарағын, жабдығын, қазынасын қоссын Ордалар мен Шыңғыстар.

Бұл кезде екеуі қораның тау жақ бұрышына айналып келе жатыр еді. Үнсіз Медет қораның бұрышына қадала қарап, тоқтаңқырап қалып, бір кезде дәл бұрышқа тақап келіп, балғасын көтерді. Базар да бұған айналсоқтап, тоқтап қап еді. Медет қой қораның бұрышына қаланған бір үлкен ақ тасты балғасымен соққылай бастады. Базар қораның тасын сындырғанды жақтырмады. Қораның қабырғасын бүлдіресің ғой деп тоқтатпақ боп еді, сөйткенше болмады, жоғарырақ қаланған бір тасты Медет сындырып жіберіпті. Сынып түскен ақ тасты бөліп алып, үңіле қарап, басында аңырып қайран боп, артынан тағы тесіле қарап алып, қуанып, жымия бастады.

Базар қорасын аяп, құймаға залал келді-ау деп тақап келіп еді.

Медет қолындағы бөлек тасты жерге қойып, тағы төменірек жерге қаланған ірге тастың бір кесегін ұрғылай бастады. Оны бұрынғыдай емес, тіпті қатты ұрады. Асығыс соғып жатыр. Шал енді ескі қорасын бүлдіріп жатқан баласына ыза болды.

– Қой енді! Өшің бардай бұ не? – деп, баласының қолына жармаса бастап еді.

– Тоқтаңыз, әке... былай тұрыңыз. Мән бар! – деп, Медет құлшына соққылап, үлкен ақ тасты тағы қақ бөлді. Бұл кезде ескі қораның жоғарғы қалауы қопсып, қатар тастар жіктеуі босап, аралары ашылды. Ескі былжыр топырақ боп үгітіліп, саулап төгіліп жатыр.

– Ойбай-ау, бұның не? Бүлдірдің ғой, жаным-ау, – деп, Базар ұрысарманға тақады. Мынау үлкен тасты тағы да

бөліп, құлатып түсіріп алған Медет енді жерге тізерлеп отырып, біржолата қадалып жатты. Ашуынан да таңдануы басылмаған Базар енді кеп баласы қадалған тасқа үнілді. Ақ тастың қалың ортасынан тартылған бір сарғыш жалпақ қисық сызық бар... Түсі тас сияқты емес, мыс, жез сияқта-нып жарқырай сарғаяды.

– Бәтір-ау, мынаның түрі қалай?.. – дей беріп еді. Медет тасты құшақтап қысып, кеудесіне шейін көтеріп, қадалып көз алмай тұрып:

– Тоқтаңыз, тоқтаңыз!.. – деп барды да, бір сәтте күліп, әкесіне бұрылып жарқырай қарады:

– Мынау қой қораның тасында алтын жатыр, әке... Алтын..! Ойлап па ең? Сезіп пе ең?.. Алтын! – деді.

Базар аңқиып, аңырған бойында аузын аша беріп, екі санын салп еткізіп ұрды да, үнсіз келіп, өңі сұрланып барып, кара қорданың үстіне жалп етіп отыра кетті.

– Қарағым-ау, не дейсің?.. Медет жаным-ау, не дейсің? – деуге ғана дәрмені келді...

Көзіне моншақтай жас оралыпты... Медет тастың сынықтарын ала сала, асығып атқа мініп, жақын жердегі жолдастарына, отрядына қарай шапты.

Базардың жөн сұрап, бірдемелер ұғынуға мұршасы да келмеді. Тек білгені осы қораның іргесіне, құймасына қаланған ақ тастың бәрі де тегін емес, осы тастардың қай арадан алынғанын әкесі жақсылап ойланып есіне түсірсін. Отряд келеді. Ертең осы қораның маңын зерттеуге алады, – деген үздік, шолақ сөздер болатын.

Қорасының тасы қайдан алынғанын білмейтін Базар ма?

Медет отрядтағы жолдастарымен бірге түн бойы тастың нәрін айырумен болды. Күмәнсіз, анық. Базардың қой қорасына қаланған ақ шақпақ тас “желілі” алтын шеккен тас боп шықты. Және ең қымбат қасиеті: алтын проценті бұл желіде аз емес, мол, аса мол жатқан болды.

Тек енді көп пе екен осы тастың қатысы... Өндіріс ошағын орнатуға татитын запас мол ма? Ертең қолға алатын сол жәйі... Бағана баяу, сырдаң Медетті енді танып болмастай еді... Түн бойы ұйықтаған жоқ. Таңды атыра алмай, қоңыр күздің жарық айлы түнінде ұйқылы сар қабақта жалғыз өзі арлы-берлі кезіп жүр.

Бала шағында тайға шапқан, бұзау қуған, қозы қайырған бөктері мынау жұлдызы қалың түнде анандай қалғып, түнерген қалың биік таулармен, сонау ұзаққа шалқып кетіп жатқан сар селеулі өлкесімен қазір өзгеше ыстық, соншалық жақын секілді... Мейір қойнын ашқан анадай... сағындырған салқын қоңыр түн осы... Сағымданып тұрған қиял мекеніндей.

Жалғыз бөктерінің ақырын ескен қоңыр желі де жақсылық лебін үздіксіз үміттей майдалап сергітіп соққан сияқты.

Дүниеге сыры ашылмаған, берерін бермеген үнсіз мылқау алып Шыңғыс тауы, қазір мынау ай астында жеңіл көкшіл тұманға оранып тұрып, мырза сенімін бергендей. Медет қиялы әке қиялынан ары болмаса бері емес екен. Бірде қиялшыл, бірде сергек, зерек ойы көп жайларды шарлайды. Сонау жауыздық пен игілік майдандасқан қан кешуде Қазақстан ұлдары алысып жатыр. Қазақстан фронтқа азық, киім жөнелтіп жатыр... Жас республиканың барлық саналы, қайратты тіршілігі Ұлы Отанның керегіне, көмегіне жарасам деп анталап, таласа барып жатыр... Аймағы үлкен Қазақстанның Алтайы, Жезқазғаны, Балқашы, Қарағанды, Қосшағылы буырқана бұлқынып, асығыс қарқынмен асыл бұйымдарын аттандырып жатыр. Отан үшін.

Осы ойларының арасында Медет:

– Шыңғыс... біздің алып Шыңғыс ше? Жер иесі ерінді, жер үстіндегі малыңды беріп қоймай, кенерең де тебіренсе, не етер еді? Сен де Отан мұқтаж болған мол қазына атсаң, не етер еді деп, – жүрген... Жауға атылған он оқтың сегізін Қазақстан жері береді екен. Сол сөреден сен қалсаң жөн бе, Шыңғыс! – дейтін... Әлі де... Бүгін мына түнде де соны айтады...

Талай қайырып айтады. Тек күндегідей емес, бүгін бір үлкен үмітпен, сенімді, қиялшыл үмітпен айтады...

Ұйқысыз алағызған көңіліне алтын кенінің дүние жүзіндегі даңқтылары елестейді. Әлемде әйгілі Франция, Америка қазбаларын, Англияның империясы қазынасын байытқан Клондак, Колорадо, атақты құт қазынасы Родезия – бәр-бәрінің қатарына Шыңғыс... Шыңғыс аты тізілсе... Шыңғыс сыйы Одақ, Отан сүйіп атарлық сый боп танылса...

Ертеңгі қиял әңгімесін жетпіс жасқа жеткенше өмірлік қуаты етіп өскен Базар шалдың алақандай жері танытса. Ат басындай алтын іздегендерді ердің ері деп баласын жетіл-ткен Базар шалдың, колхозшы Базардың баласы тапқан болса...

Қиялдың ұшы-қиыры жоқ еді...

Осыған орай, Хан биігінің бөктерінде Базар шалдың қорасы да бұл түн тыным көрген жоқ...

“Қарашоқы” колхозының қой фермасын басқаратын Базар қарт бағана Медеттен айырылысымен, ес жиысымен, фермасының барлық шабандарына, барлық әйел-еркек, көрші-қолаң достарына, тіпті бар осы жердегі бала-бауыр бәріне алтын жайын сүйінші деп мәлім еткен. Содан бері кеш бойы Базар қорасымен көршілес қыстаудың барлығында да әңгіме, лаулаған қуаныш, үздіксіз күлкі еді. Базар өзі де Медетке ұқсап қораның бірнеше ақ тасын шабандар көзінше сындырып қараған. Содан бері жұрттың аузындағы ақ тас... Қолдарының жабысқаны да сол. Көздері де әрбір жаңа кезекті Базар ертегісінен туып, осы араға жиыла келіп, жымдай боп шөккен алтындар “біз-біз” – деп шығашыға келетіндей қарайды. Базардың ерте күннен көршісі, туысы боп кеткен Көшпесбай деген жиені бар еді... Ол тіпті бүгін осы алтынның буына масайған сияқты. Құдық басына барып бір қайтып:

– Ойбай, біздің тасты құдықтың да бәрі алтын! – деп келді. Осы қораның ауыз су алатын құдығы да тастан құйылған. Көшпесбай ерікті зерттеуші болып ымырт жабылғанда сол құдықтың ішіне қиялдап түсіп, бар үлкен тасын санап шығыпты. Бәрі де ақ тастан қиыстырылған. Қыстыгүні құдықтың бетін бастырып қоятын жалпақ ақ тас бар еді. Бүгін Көшпесбай қуанғаннан соны талқан етіп, көп сынығын алып кепті... Базар екеуі көп даурықтың артынан кешкі асқа үйге кіргенде, қазандық алдындағы жазығы жоқ жалпақ сұр тасты да талқан етті... Қорадан шыққан алтынды жалғыз бұлар емес, қатын-қалаш, бала-шаға да енді үй мен тыстың бәрінен іздей бастаған. Базардың бар әңгімесін өзіндей ұққан ертекті жас шабан Сандықбай да бір кезде лапырып, қуанып келеді. Қолына екі үлкен күйелі тасты көтеріп, сұр шекпенін қап-қара ғып былғап апты...

– Оны айтасың, бер қара... мынаны қара! – деп, қыпқызыл боп күліп қуанып кеп, екі тасты жаңағы екі шалдың алдына тартқан табақтай қып әкеп қойды.

– Уә, бұ қай тас?!

– Күйелі тас қой! – дескен үлкендерге Сандықбай.

– Ойбай-ау, біздің ошақтың бұтына қойған тас қой. Осы екеш осы да алтын... Міне, – деп, Медет әкесіне көрсеткен сызықты о да дәл тауып нұсқап отыр.

Ертекші, әңгімеші колхозшылардың да бүгінгі қиялы шалқығандай серпіседі.

– Айтам ғой... Осы ферма жарықтықтың төлі сондай өсуші еді. Қойы қандай семіз келеді.

– Алабөтен ғой... – деп Көшпесбай мақтана басады...

Үй іші:

– Ал енді бөсті, – деп келекеге ауысайын деп еді.

– Әй, не дейсің, түге! Алтынның буы ше? Алтынның буы адамды да есіртеді. Қойды тек қоя ма? Оған ырыс беред те! – деп таймай таласады. Бұнысы Базарды үлкен ойға салды. Ол Көшпесбай сөзін тіпті орынды көрді.

Шалқып, даурығып отырғанның бірі Сандықбай еді.

– Жә, бұл алтынның көзі қайда, кіндігі қайда жатыр бұл? – деп Базардан сұрады. Базар алғашқы қуаныштан енді бойын жиыңқырап алған... Әйелі үлкен жүзі жиырылып, жадырап күліп отырды да:

– Е, соны менен сұра! Бәрін бекітіп, түйедей матап, бірің – “көз”, бірің – “кіндік” бол деп келген мен ғой, тегі... Менен сұра, – деді. Үй іші Сандықбайды мазақ етіп күле бастап еді... Базар өзі бұл тұста күлген жоқ.

Бір алуан өмір қиялын ойлауда екен:

– Жасым отыз беске келгенше кісі есігінде жалшы боп, қыз айтқызып, қалың төлеп ала алмай, жар қызығын, бала қызығын да кеш көріп ем... Пайдашы боп ішкі жаққа барып, батырақ малай боп та жүрдім. Сақал-шашым ағарғанша өзіме өзім жеткен күн көрмедім. Қор еткен жоқтық еді. Сонда әйтеуір тым құрса ауызбен мейір қандырайын деп алтын тапқан ырыстының жайын әңгіме ете беруші ем. Сөйтіп, түсте көріп, ертегіден емініп жүрген алтыным қой қораның тасында, құдығымның басында, от басы, ошақ

бұты қасында жатыпты... Мазак етіп жатты-ау осы мені...  
Ә! – деді.

Үйдің іші Базар жүзіне мүсіркей қарап қапты. Кей ша-  
бандар күрсіне түсті.

Көшпесбай мойымас қарт еді. Ол жүдеген жоқ.

– Ырысың бар шалсың, не керек. Өзің таппасаң, сол ал-  
пыс жыл айтқан алтынды табатын ұл тудың... Ол тапты. Не  
қыл дейсің! – деді. Базар оңай сергіді. Қуанып сергіді. Бұл  
ой әзір өз басына келмеген еді.

– Бәлі, бәлі, дәл айттың! Ұл тапқаным өзі – сол алтын  
тапқаным екен... Алтын менде болғанша, елде болсын. Мені  
ұл қуантсын, ұлым елін, жұртын қуантсын!.. – деді.

– Бұл советтің ырысы бар деймін ғой. Жолы, жөні елге  
жәйлі болған соң солай ғой. Бағы ассын өзінің. Жауға ти-  
ген соққының бірі осы болсын, қысқасы... Кәрі Шыңғыс  
екеші ол да атой шыққан күндерде ел мен жұрттың көме-  
гіне алтын қойнын ашты десін! – деп, Көшпесбай байсал-  
ды сөз айтты. Осы әңгіме кезінде кешкі ыстық асын ішіп  
шыққан көрші қыстаудың шопандары тағы да шулап  
келісіп жатыр еді.

Барлық ферма бүгін старатель боп кетіпті... Көрінген  
кесек тасты аударыстырып қарау, бөлшек-бөлшек сынды-  
ру тегіс парыз болғандай. Келгеннің бәрі енді Базарға  
бірдеме айту қажет сияқты көреді. Бірақ әркім әр алуан  
сөйлейді. Біреулер Базарға қайырлы болсын айтқан, біреу-  
лер әлденеден көңіл қос айтады. Ертеде таппай, өмірің  
жоқтықпен еш боп өтіп еді дегеннен болса керек. Базар  
бұндай екі алуан сөздің екеуін де бұл кеште үнсіз қарсы  
алды. Дағдарып, не айтарын білмегендей.

Жиын үйге сыймай, жарық айлы түнде тысқа шығып,  
онда да көп даурықты. Ендігі әңгіменің бәрі:

– Бұл ақ тастың жатағы қайсы?

– Қораның тасы қайдан тасылған еді?

– Базар өзі салып па еді бұл қораны? Қашан қопарыл-  
ған тастар екен?.. – деген орынды сұраулар болатын...

Қазірде Медеттің отряды да сөйленіп, ауызға қайта-  
қайта алынып жатқан сұраулар да осы еді. Базар бұл жәйді  
алақанындай білетін.

– Бұл қора дәл осы Медет туатыннан бір жыл бұрын салынған. Ақ тасты қайдан тасыды дейсің? Тас тасып әкеп үй, дүкен салатын мұршасы қане Базардың? Алтын тасың, ақ тасың дәл осы өздерің табаның басып тұрған тақыр төбенің ішінде. Осы қораның астының бәрі ақ тас, – деді.

Көшпесбай үндемей таңдай қағып, таңырқаған жұрттың бәрінің көңілін қалжыңмен қорытып:

– Қысқасы, айды басқан бұлттай сары алтынды жамбасымның астына басып жатқан өзім едім десейші! – деді. Жұрт осындай күлкі қалпымен түн ортасы ауа бере зорға тарқасты... Үркер төбеден өтіп бара жатыр. Шыңғыс тауының үстіндегі жұлдыздар бүгін соншалық жиілеп, бадырая түсіп, шаншыла қарап тұрған еді.

Келер таң атар-атпаста Медет он шақты кісі тобымен Базар қорасына келді. Тас қора тұрған тақыр төбе бұл өңірдің, бұл ауданның болашағын өзгертетін жұмбақ сырдың төбесі боп тұр... Базарды отряд адамының бәрі көңілді жүзбен күліп амандасып, ортаға алды...

Базар ынталы сөйлеп жүріп, отряд адамдарына әуелі қора тамын түгел көрсетіп, ақ тастан қаланған іргені, бірнеше қораның кіндігін, бұрмасын, сыртқы күймаларын көрсетіп шықты. Аузы түндегі өз жайын айтқан әңгімеде болатын. Инженерлер қораның қалауын бұзбастай етіп бірнеше жердің тасын жарып, сындырып, бір-біріне көрсетіп өтті. Медет бастаған үлкенді-кішілі мамандар бас изесіп, аз сөзбенен жөн табысып, аралап жүрісті.

– Енді осы тастарды алған жерімді көріңдер, сыр сонда ғой, – деп, Базар тақыр төбенің шығыс жақ етегіне қарай бастады... Ертеде қазылған кең апан бүгін түйетайланып, топырақ басып, тегістелуге айналған еді. Бірақ дәл қыстауға қараған шетінде тік жарлауық болып қалған кішілеу шұңқыры бар. Сол кенереде қалың ақ жартас жардай боп тұр екен... Көне топырақ басқандықтан сарғыш реңді. Бірақ бітім-тегіне қарағанда, қораға, құдыққа, қазандыққа барған кесектерінен жат емес...

Осы күн күні бойы отряд қыза іске кірісті. Бір бұл ара емес, тақыр қылып төбені жан-жағынан төрт жерден қазғылап қолға алды. Базар қорасы төбенің дәл басында, тап

орта тұсында еді. Оның тұрған жері де бұрғыланып, терең түбіне шейін ақтарылатын болды.

Күн түске жақындаған шақта Базар қорасына қарай андыздап асыққан жүргіншілер көбейді. Көршілес колхоздар, фермалар, Базарға көңілдес ағайын, жақындар бір алуан. Өзгеше топ-топ болып аудан қызметкерлері, мектеп жұртшылығы, барлық аудан активі келіп жатыр. Келушінің бәрі де ең алдымен Базарды көруге асығады. Тағы да түндегідей қайырлы болсын айтысады. Бүгін Базар кешегідей іркілмейді.

– Қайыры халыққа болсын!.. Қайыры ортақ болсын бәрімізге! – деп желпініп, қуанып қарсы алады. Тақыр қызыл түгел зерттеліп шықты. Алтыны мол тастың запасы да аса мол екен. Отряд қолымен ұстап, көзбен көріп өткендей болды.

Осы күндер отряд дәл осы Хан бауырынан жиырма шақырым жердегі Қыдыр деген адырдан тас көмір де тапқан еді. Енді Шыңғыс бөктері алтыны, көмірі мол бөктер болғандықтан, өзгеше өндіріс бөктері болуға бет қойғанын екінің бірі ұғынып, сеніп тұр. Кешегі заманда көшпелі аудан, бүгінде көбінесе мал баққан аудан, облыс орталығынан алыс қалған, қатынасы қиын оқшау аудан. Енді өзгеше бір тарихқа, өзгеше бір жаңғырған дәуірге ауысатынына бүгінгі жұртшылық сондай ырза, соншалық шат еді.

– Шыңғыс, кәрі Шыңғыс, Отан ұран салғанда, алтыны мен асылын ала аттанды! Тыс байлығын беріп қоймай, қойынын да ашты, іш сарайын да беріп тұр. Жауға қарсы жұмылған бірліктің бұл бір өзгеше балғын белгісі болсын, – деп, Медет бүгін жиын жұртқа сөйлеген еді.

Сөйтп, Базардың қиялы, ертегісі шын алтын табысқа, асыл өндіріске әкеп қосылған күні, Отан соғысының майданынан алыста, майдан түгіл, облыс орталығынан да жырақта жатқан, қатынас жолдарынан қиғаш жатқан алыс түкпір, ғасырлар бойы үнсіз Шыңғыс бөктерінде де патриоттық үлкен қызудың, шын жалынның қуанышты, жарқын куәсі болды.

**Пьеса**







Девиз “АРКАЛЫК”

## **СТОЙКОЕ ПЛЕМЯ**

**Пьеса в 4-х действиях, 7 картинах**

*(Перевод с казахского)*

На конкурс лучших современных советских пьес



## Действующие лица

Дауренов Иса – министр, 42 лет.

Есенов Салим – руководитель центрального научного учреждения, 40 лет

Назарбеков Бек – директор института животноводства, 35 лет.

Балашов Василий Иванович – профессор, 50 лет.

Бектенов Сапар – кандидат наук, молодой ученый.

Есиркеп – старший чабан, 60 лет.

Асия – жена его сына.

Канипа – его дочь.

Балжан – его жена.

Сеитова Сара – молодой специалист, аспирантка Балашова.

Першин – работник министерства, специалист по животноводству.

Молтай – чабан, 28 лет.

Бекбол – старший чабан.

Дамели.

Улбала.

## ПЕРВЫЙ АКТ

### *Первая картина*

Кабинет министра. На совещании присутствуют Есенов, Назарбеков, Балашов, Бектенов, Сеитова, Есиркеп, Асия, Бекбол и Молтай.

Д а у р е н о в. Товарищ Сталин сказал, что Казахстан должен стать базой социалистического животноводства на востоке. Совет Министров Союза неоднократно принимал специальное решение относительно развития животноводства нашей республики. Идет война. В годину испытаний, в дни испытаний нельзя ограничиваться спокойным рассуждением, что я-де, мол, не сижу сложа руки, я – работаю. Этого мало. Я хочу услышать ваши мнения, предвидящие не только наше сегодня, но и наше завтра, ваши мысли, направленные к обеспечению дальнейшего роста нашего хозяйства. В этом – задача сегодняшнего совещания. Подготовились ли вы к такому обсуждению?

Е с е н о в. Товарищ министр, мы принесли сюда и наши общие мнения, и наши отдельные разногласия.

Б е к т е н о в. Разногласия действительно есть. Но немало у нас и одинаковых мыслей по интересующему вас вопросу.

Д а у р е н о в. Понятно. Позвольте мне сначала сказать о требованиях, стоящих перед сегодняшним совещанием. В ваших руках – наука. В ваших руках – многовековой опыт народа. И институт, и экспериментальная база есть у вас. В вашем распоряжении свыше десяти тысяч овец. Десять лет с лишним вы проводите опыты. Скрывать не приходится, результаты неважные. Каждую зиму мы страдаем от джута. Непомерно велик и падеж. Между тем, на Украине создана порода овец “аксаниянова”, на Кавказе – новая порода “рамбуль”. Под боком у нас, в Рубцовке, выводят породу сибирских мериносов. Может ли биология, генетика, селекция в целом принести в Казахстане свои плоды? Назовите мне место на Ала-Тау, на Алтае, в Сары-Арка или по берегам Сыр-Дарьи, Яика, Есиля и Иртыша, где в

прежнем, отсталом Казахстане, не пастись скот? Мало того — разве хоть раз в году не топтали стада пустующие: Бетпақдалу, Қызылқумы, Мырзашол, Моенқумы, Бозоя, Сартауқумы, Карақумы, не питаюсь былинками, растущими среди этих песков? Для каждой из этих географических зон следовало бы дать новую породу. А ведь мы не дали ни одной. Не правда ли? И вот я спрашиваю вас, представите хоть одну породу или нет? Какие мысли таите вы в головах? Какие достижения держите в руках? Какие разногласия, какие сомнения и затруднения смущают вас? Давайте поговорим обо всем начистоту.

Бектенов. Я думаю, что после ответов профессора Балашова на наши вопросы стало ясно, что для комиссии недостаточно данных для выводов. По-моему, будет поспешно выносить решение сейчас.

Дауренов. Как по-вашему, Першин?

Першин. Товарищ Бектенов за то, чтобы не спешить, и я полагаю, что это будет самое правильное.

Дауренов. Та-ак. Следовательно, комиссия воздерживается от выводов?

Бектенов. Выходит так. *(Пауза.)*

Сара *(Балашову)*. Василий Иванович! Вы будете высказываться против такого отношения?

Балашов. Нет, Сара. Комиссия вправде. Что я могу сказать?

Сара. Так позвольте, товарищ министр, воздерживается Василий Иванович, скажу я. Выскажусь против того, что комиссия не хочет сделать выводов сегодня. Можно?

Дауренов. Можно, Сара, говорите.

С а р а. Товарищ Бектенов, я имею вопрос к вам. Скажите, пожалуйста, можно, по-вашему, по фенотипическим признакам судить о наследственных и измененных свойствах, о новых породных признаках вообще?

Б е к т е н о в. Можно, если эти признаки устойчивые.

С а р а. А если в течение 13 лет эти признаки сохраняются, все укрепляясь? Это устойчиво или нет?

Б е к т е н о в. А вы можете утверждать на основе тринадцатилетних проявлений об устойчивости или вечной неизменяемости признаков?

С а р а. А разве академик Иванов не тринадцатилетним, а даже десятилетним своим опытом не вывел асканийскую породу?

Б е к т е н о в. Вывел, правильно.

С а р а. Правильно? Конечно, есть и такие точки зрения, что нельзя вывести искусственно новую породу, что все решают гены. Немало утверждали об этом менделисты, морганисты, также Бетсон и Чермак. Но разве это путь нашей советской науки?

Б е к т е н о в. Нет, конечно, это путь формальной генетики. Но разве незаконно наше требование точно проведенных научных данных?

С а р а. Да, вы правы в том, что нужно узнать об анатомических, физиологических особенностях. Но задача исследования наперед. Не сможете ли вы, видя такие явные изменения у этих овец, утверждать, что этих особенностей нет в них?

Б е к т е н о в. Утверждать этого, конечно, не смогу.

С а р а. Так какое вы имеете право не сказать, что новая порода есть, что породные признаки явны? (*Бектенов молчит.*)

Е с е н о в. Абсолютно права Сара. Мы считаем это нашим достижением. Применение опыта Балашова ко всем видам скота является обязанностью нашего института животноводства. Это — одно. Второе — мы просим вас, Есеке, войти в Совет Министров с ходатайством о вынесении постановления об обязательном увеличении поголовья белых овец в колхозах и совхозах с тем, чтобы в 1948 году их стало не менее 70 тысяч. Мы располагаем точной выкладкой и знаем, что в настоящее время можем передать наших овец в четыре области,

а позднее — в шесть. От имени нашего научного центра я представляю товарищей, создавших новую породу овец, к высшей награде — Сталинской премии.

**Дауренов.** Салим сказал свое заключение. После окончания войны над нашей Родиной снова взвывается знамя Сталинской пятилетки. Страна вернется к мирному труду. Сейчас, здесь мы обсуждаем ту отрасль народного хозяйства, развитие которой будет возложено в предстоящей пятилетке на несколько областей нашей республики. И еще одна задача стоит перед нами — это забота о людях, которые заняты выращиванием скота, которые круглый год кочуют со своими стадами по степи и по пустыням. Земли, являющиеся раем для животных, не должны быть местом ада для людей. Пойдемте, познакомимся с условиями жизни Есекена, его семьи, Азии, только что разрешившейся от бремени.

**Балашов.** Вы своевременно подняли этот вопрос, товарищ министр.

*(Дауренов, Есенов, Балашов уходят.)*

**Бектенов.** Сара, я прошу вашего позволения, чтобы я мог признаться в одной правде. Промолчать, скрыть было бы упрямством, мелочным самолюбием. Вы крепко осадили меня. Ведь победил ваш труд.

**Сара.** Сапар! Как это хорошо с вашей стороны, Сапар. Так скажите сами об этом Василию Ивановичу.

**Бектенов.** Это испытание?

**Сара.** Разве не было у нас уговора об этом? Как кончаются испытания наших трудов, так испытания переходят на вас — не так ли мы говорили?

**Бектенов.** Я буду учиться на ваших опытах.

**Сара.** Достоинства вашего характера заслужат мое искреннее уважение, Сапар.

**Бектенов.** У меня большие стремления, но я еще не достиг их. Вся работа впереди. Я о многом мечтаю. Вы знаете о моей научной мечте. Я хочу вывести не одну, а несколько пород, чтобы одна была лучше другой, чтобы они расселились и в Арке, и на Иртыше, и на Яике и на Сыр-Дарье.

**Сара.** За эту вашу мечту я уважаю вас.

Бектенов. Но еще не закончены даже первые шаги.  
Сара. Это не беда. Всего достигнете, было бы желание.  
Путь хоть и долог, но радостен и светел.

Бектенов. А вы согласились бы быть помощницей мне на этом пути?

Сара. Я с вами готова идти на край земли.

Бектенов. Какую радость даете вы мне, Сара. (*Возвращаются ушедшие.*) Василий Иванович. Вы давеча сказали, что изучение биологических особенностей новой породы считаете для себя обязательным. Это ответ настоящего ученого. Я многое обдумал за это короткое время, я хочу принести вам искреннее поздравление. Разрешите присоединиться к заверению в том, что буду учиться у вас, брать пример с вашей работы. (*Целуются.*)

Балашов. Поздравьте также нашего старика, и Асию поздравьте.

Бектенов. Я буду учиться у вас, Есеке.

Есиркеп. Пусть твое учение будет заключаться в том, что ты выведешь такую породу овец, которую я смогу пасти в песках. И ты ее выведешь.

Бектенов. Непременно, Есеке. Это — цель моей жизни. Пусть быстрее наступит тот день, когда ты, твоя жена, вся милая семья уведет в пески овец выведенной мною породы.

Есиркеп. Да сбудется твое желание.

Асия. Желаю вам удачи. Только я уже не увижу ее.

Есенов. Почему? Что ты говоришь, Асия?

Сара. Посмотрите, она и ребенка вынесла. В дорогу, что ли, собралась?

Асия. Мне нужно уходить.

Канипа. Ты и впрямь собралась, Асия?

Бек. Зачем? Куда она уходит?

Балжан. Не значит ли это, что ты хочешь покинуть меня? Разве не люблю я тебя, как родную дочь? Разве обижала я тебя когда-нибудь?.. Ты уходишь, чтобы исполнить волю Жеке? Думаешь, что если на смену тебе пришла Улбала, так ты должна уйти? Ты хочешь отобрать у меня ребенка?

Есенов. Что такое? Это правда, Есеке?

Е с и р к е п. Вижу, слово осталось за мной, Секе, Исеке. И я его выскажу. Младенец еще даже именем не наречен. Я ни разу даже не взглянул на него. Не отогрелось еще мое сердце. Но, Асия, выслушай меня. Видишь — пришла весна. Все кругом, кроме черного камня, зазеленело, зацвело. Везде воцарилась радость. Весеннее солнце растопило лед. Неужели я холоднее льда, бездушнее камня? Молтай — мой товарищ по работе. Не чужой человек. Я буду растить его ребенка, как своего. Даю в том слово. Вернется, возьмет — его дело. Но я сделал свое старческое упрямство. Да уже понял я, что не вернется ко мне Сайлыбек. Этот ягненок родился накануне Великой победы над заклятым врагом. Он победил и меня. Пусть же носит он имя Женисбек — сын победы. *(Берет ребенка на руки.)* Ягненок, сладкий ты мой Женисбек. И никуда ты не уйдешь. Будешь расти на моей груди. Будешь ждать отца. А ты, доченька, прости старого Жеке. *(Целует Асию и жену.)*

З а н а в е с

**Ғылыми  
түсініктемелер**





## **“Манас” – киргизская народная героическая поэма”**

Ташкенттегі Орта Азия университетінің еркін тындаушысы ретінде оқып жүрген кезінде (1922–1923 жж.) М. Әуезов қырғыздың батырлық жыры “Манасқа” алғаш көңіл аударып, зерттемек болады, бірақ оның сәті бертінде, 1928 жылы осы университеттің аспиранты болып жүргенде ғана түседі. Осы жылы және 1930 жылдың жазында ел аралап, жырды орындаушылармен кездесіп, көп мағлұмат, деректерді жазып алады. “Манастың айтушылары Бөлек, мұнан 121 жыл бұрын Асық руынан Келдібек 50 жастағы кезінде айтады екен. Келдібектің туғанына 171 жыл болды. Ел аузынан жинаған бір топ деректер де Бөлек құраған сөздер” – дейді (182-бума).

Сол 1930 жылдың 18 наурызында жазған ғылыми есебінде “Манас” жырына қатысты арналып жазған еңбектеріне көбірек тоқталып, қазақ-қырғыз эпосын жанрлық тұрғыдан қарастырып, оның тарихи ерекшелігі мен мұра салмағына қатты көңіл аударғанын, бұдан былай осыларға қатысты ел айтуындағы нұсқалар мен деректерді жинай беретінін, бірнеше тарауға бөлінетін монографияға айналдырмақ ойы бар екендігі жөнінде айрықша бөліп айтады: “За истекший год мною окончена 1 глава о сказителях и слушательской среде “Манаса”, эта глава прочитана мною в н.ч. на одном из собраний научно-исследовательского кружка при Вост. фак.-е САГУ, и была в свое время представлена на отзыв моему руководителю М.Ф. Гаврилову” (Гос. архив в Ташкенте. Ф.Р. 38, оп. 1, д. 336, п. 7, об. 8).

Осы жылдың жазында М. Әуезовтің Фрунзе қаласына ғылыми іссапарға баратындығы жөнінде құжат сақталған (САГУ, оп. 2, ед. хр. № 217, сверка №30, начала 1930 года. С. 138.) және 29 маусымда Қырғызстанның ғылыми-зерттеу институтымен отырған келісім-шарттың екінші тармағында 1 қарашаға дейін еңбекті аяқтайтындығы көрсетілген. Әрине, ойға алғанының, жоспарла-

ғанының барлығы орындала бермейді. Белгіленген уақытта уәдеден табылмауына тағдыр талқысы кедергі болып, ол ойының жүзеге асуына тек 1934 жылы ғана мүмкіндік туды.

Осы еңбегінде автордың өзі мына сияқты атаулар мен ұғымдарға сілтеме жасап, түсініктер берген:

**“Сказители. Сюжет. Стиль.**

1. 5-б. **“...от сказителей “Манаса” Сагымбая Оразбакова и Саякбая Каралаева”** – Последняя запись еще не закончена.

**Сказители эпоса.**

1. 14-б. **“...рискованным утверждение академика Радлова”** – Радлов. Предисловие к 3-т. “Образцов”.

**Тема “казатов” (походов).**

1. 37-б. **“...описательно можно представить в следующем виде”** – Здесь мы имеем в виду сагимбаевский вариант. Об особенностях дополняющих или расходящихся с данным вариантом у Каралаева, будет сказано ниже.

**Тема “аш” (поминок).**

1. 46-б. **“...в изобилии сопровождающие песню об отвязывании верблюда”** – По прежнему обычаю на таких торжествах, как “аш”, одной из необходимых игр является отвязывание верблюда. Сущность ее заключается и в том, что совершенно голая женщина, отбиваясь от нападающих на нее мужчин, в то же время должна зубами развязать привязанного к колу верблюда, за что получает этого верблюда себе.

**Тема женитьбы героя.**

1. 47-б. **“...наслышавшись о высоких достоинствах Каныкей, дочери хана Шатемира”** – По сообщению Абдрахманова, Сагимбай не выдает своего Шатемира за Амир-Темира. Он хорошо знает о последнем и считает его появившимся в эпосе гораздо позже Манаса.

**Другие самостоятельные темы.**

1. 53-б. **“...эпизод о “Заговоре семи ханов”** – Этот эпизод в заголовках песни, а иногда и в самом тексте именуется заговором шести ханов. Числа шесть и семь чередуются, но в речи Манаса указывается число семь.

2. 55-б. **“...в целом представляет несколько видоизмененную версию странствующего сюжета”** – Вернее не сюжета в целом, а мотивов, по определению А.Н. Веселовского. В данном случае – мотив встречи героев с циклопами – людоедами.

3. 57-б. **“О завоевателе уйгурского царства известно только, что он умер в 847 г.”** – Это утверждение, относящееся к 1940 г., не отвечает действительности. См. статью А.Н. Бернштама “Эпоха возникновения эпоса “Манас” в этом же сборнике.

#### **Характеры в поэме.**

1. 68-б. **“...положения героев и былинную обстановку”** – Соколов Ю. Былины. Литературная энциклопедия. Т. 2. С. 10.

2. 68-б. **“...два описания реки Орхон”** – Название, широко известное тюркологам по знаменитым орхонским надписям, включенное в поэтический контекст данной поэмы без изменения. Это название реки относится, очевидно, к числу позднейших наслоений.

3. 74-б. **“...как содержание и форма”** – В этом отношении большой интерес имеет начатая Наркомпросом Кирг. ССР и продолжающаяся сейчас запись всех сохранившихся напевов к стихам “Манаса” из уст самых жомокчу.

4. 76-б. **“На них жекен”** – Жекен – болотное растение.

5. 77-б. **“...именуемые Калдан и Ширен”** – Эти имена, между прочим, не всегда сходны с действительно имеющимися именами определенных народностей. Характерны имена Конурбай, Эсен-хан, данные китайцам, или Марди Калян, имя не то калмыка, не то китайца, на самом деле это – персидские слова – “большой человек”. Но есть много имен не киргизских и не мусульманских.

6. 78-б. **“В руках у меня золотой бакан”** – Бакан – шест, которым поднимают кошмы и верхнюю часть остова юрты.

7. 78-б. **“Пусть придет сель”** – Сель – поток.

8. 80-б. **“как, например, Афрасияб, Кейкау-Сийяуш”** – Это Сийяуш, очевидно, искаженное имя сына иранского шаха Кейхаус, из-за которого и велись непрерывные войны между Рустамом и Афрасиябом, между войсками Ирана и Турана.

9. 82-б. **“...своеобразном (тоже отмеченном печатью известного героизма) спорте”** – Почти все эффектные события “аша” составляют эти игры состязания: стрельба из лука, борьба, саиш (нечто вроде боя гладиаторов), скачки, отвязывание верблюда и др. Каждая из этих игр составляет целую песню, а скачки занимают даже две песни.

10. 82-б. **“...увеселительные игры занимают так много места”** – Исключение составляют гомеровские поэмы.

11. 86-б. **“А что такое “периште”?** – Периште – ангел.

Осы секілді өзге нұсқаларының да өзіндік ерекшелік, өзіндік айырмашылықтары барлығы, ауқым-аумағының қандай дәрежедеңгейде екендігі бірімен бірін қатар қойып қарастырғанда, салыстырғанда айқын көрінеді. Оны соңғы нұсқада ғана сөз етуге болады. Жалпы бұл басылымға 1944 жылы жазылған нұсқасы (179-бума, 1–134-бб.) ұсынылды.

*Т. Әкім*

## **“Абай – великий казахский поэт”**

М. Әуезовтің Б. Кенжебаевпен бірігіп жазған еңбегі. Абай Құнанбайұлының 100 жылдық мерейтойына орай, 1945 жылы КазОГИЗ баспасынан жеке кітапша болып шыққан. Өмірбаяндық, шығармашылық очерк түрінде, қазақ, орыс тілдерінде жазылған. Мазмұндарында елеулі айырмашылықтар жоқ. Ақын мерейтойы шараларының басы-қасында жүрген, жетекшілік рөл атқарған М. Әуезовке арнаулы түрде тапсырылған жұмыстардың бірі – осы мақала. 1945 жылға дейін де, мерейтой кезінде де Абай тұлғасы мен шығармашылығына қатысты көптеген еңбектер жазған М. Әуезовтің бұл мақаласы бағдарлама жоспарына енген, тірек сипаттағы жұмыстардың бірі болғандықтан, айқын, қатаң ғылыми сипатымен ерекшеленеді. Абайтану ғылымының негізін қалаған М. Әуезов пен әдебиетші-ғалым Б. Кенжебаев бұл еңбекке әртүрлі зерттеулердің нәтижесінде анықталған даусыз ой-тұжырымдар мен деректерді кіргізген. Ақынның шығармашылық өмірбаяны рет-ретімен, жүйелі түрде беріліп, бай шығармашылық мұрасының салалары, кезеңдері бірдей дерлік деңгейде, көлемде талданған.

1945 жылға дейінгі абайтану ғылымының жетістіктері өзіндік орын алған бұл мақала мағынасы, ғылыми деңгейі жағынан салмақты еңбек болып табылады. Қазақша нұсқасы жеке кітапша болып шығумен қатар, мерзімді баспасөз беттерінде де жарияланған. Қажетті түсініктерді еңбектің қазақша нұсқасына берілген ғылыми түсініктемеден қараңыз.

М. Әуезовтің академиялық шығармалар жинағының бұл томына кітап болып шыққан мәтін толығымен берілді.

***Р. Әбдіғұлов***

## **“Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері”**

М. Әуезовтің Ыбырай Алтынсарин жөнінде жазған ойлары ең әуелі Қызылордада басылып шыққан “Қазақ әдебиетінің тарихы” (1927 ж.) кітабында көрініс берген. Одан кейін 1933–1938 жылдары жарық көрген әдебиет хрестоматияларында да айтылады (Алтынсарыұлы Ыбырай // Әуезов М., Жолдыбаев М., Қоңыратбаев Ә. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы: 7-кл. Алматы: Қазкөркемәдеббас., 1933. 72–79-бб.; Әдебиет хрестоматиясы: 6-кл. арн. Алматы: Қазмембас., 1938. 151–153-бб.).

Жалпы, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында Ы. Алтынсариннің алар орны қаншалықты екендігін толғайтын бұл мақала алғаш рет “Социалистік Қазақстан” газетінің 1950 жылғы 11 сәуірдегі №74 санында жарияланған. Газеттің 3-бетіндегі мақаланың басында “Қазақ ССР Ғылым академиясының Ы. Алтынсаринге арналған ғылыми сессиясына” деген аңдатпа берілген. Міне, осы айдардың аясында жазылған аталмыш мақала бұдан кейін жазушының “Уақыт және әдебиет” (Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1962. 313–317-бб.) жинағына, он екі томдықтың 12-томына (Алматы: Жазушы, 1969. 55–59-бб.), жиырма томдықтың 19-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 242–247-бб.) енді.

Жоғарыда көрсетілген, әр жылдарда жарық көрген басылымдарға өзара текстологиялық салыстырулар жүргізілді. Салыстыру барысында айтарлықтай айырмашылықтар көрінбеді. Тек “Социалистік Қазақстан” газетінен бастап, барлық басылымдарда “Ыбырай” есімі “Ыбрай” болып берілген. Біз қазіргі орфографиялық ережеге сай “Ыбрай” емес, “Ыбырай” болып түзетілуін жөн көрдік. Екінші, мақаланың ең соңғы абзацындағы “Совет үкіметі, Сталиндік заман” деген сөз 12, 20 томдықтарда саяси түзетулерге түсіп, “Совет үкіметі, Совет заманы” болып кеткен.

Бұны да газеттегі алғашқы нұсқасы негізінде, “Совет заманы” емес, “Сталиндік заман” болып қайта қалпына келуін дұрыс деп таптық.

Жазушының академиялық шығармалар жинағына, мақаланың қолжазба нұсқасы сақталмағандықтан, алғашқы жарияланым ретінде “Социалистік Қазақстан” газетіндегі басылымы ешбір түзетулерсіз, толық күйінде негіз болды.

***Е. Қаныкейұлы***

## “Әбділда Тәжібаев”

Бұл зерттеу алғаш рет “Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері” атты кітапқа (Алматы: ҚМКӘБ, 1949. 261–257-бб.) жеке монографиялық тарау ретінде жазылып, кейінірек “Уақыт және әдебиет” мақала-зерттеулер жинағында (Алматы: ҚМКӘБ, 1962. 93–112-бб.) басылды. М. Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағында (Алматы: Жазушы, 1962. 12-том. 35–54-бб.) ішінара түзетулер мен қысқартулар жасалған нұсқасы, 20 томдық шығармалар жинағының 18-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 307–328-бб.) өзгеріссіз, сол қалпында шығарылды.

Бұл томға алғашқы басылымдардағы материалдармен өзара текстологиялық салыстырулар жасалып, ішінара түзетулерден кейін, мәтіні толық өзгеріссіз жіберіліп отыр. Мұндағы өзгеріске түсіп, қысқарған тұстар: “кілемшілер туралы жыр” (93-б.) – “кілемшілер туралы ертеке” (307-б.); “ақындылық” (95-б.) – “ақындықтың” (309-б.); “Қазақ әдебиетіне сіңірген елеулі еңбегі үшін” (99-б.) – “Қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі үшін” (313-б.); “Ол шөл кешу, еңбек елі үшін шөлейлікте болған” (104-б.) – “Ол шөл кешу, еңбек елі үшін өгейлікте болған” (116-б.); “өлеңдерден басқаша шыққан” (103-б.) – “өлеңдерден шыққан” (318-б.); “дарашыл сезім ішінде” (103-б.) – “драмашыл сезім ішінде” (329-б.); “Әбділда лирикасының” (105-б.) – “Әбділда шығармасының” (320-б.); “Кавказ тұтқындарының үлгісіне жақын өрнек алу” (108-б.) – “Кавказ тұтқындарының үлгісіне жақын өнеге алу” (324-б.); “Әбділда поэмасында сол дәрежеге, бар халықтарға бұл да сондай қасиетті күй өнері болады” (324-б.) – “...Әбділда поэмасында сол дәрежелес, бар халықтарға бұл да сондай қасиетті күй өнері болады. Бар халықтың жас-кәрісіне қадірлі әсері, қуаты бар көркем өнер қатал жаулықтарды жұмсатып, тұтқын елге азаттық әпереді” (108-б.); “Аққу” атты драмалық дастан да

ақынның сырлы, күйлі етіп шығармақ болған қысқа шығармаларының бірі” (324-б.) – “Аққу” атты драмалық дастан да ақынның сырлы, күйлі етіп шығармақ болған қысқа шығармасының бірі. Мұнда кегі қатал, зілі қатты хан өнерпазға адамдық құбылған жүз көрсетіп, аярланады” (108-б.).

1. 116-б. “**Инша жазу**” – араб сөзі, шығарма жазу.

2. 123-б. “**Шахметпен**” – Шахмет Құсайыновпен.

*С. Майлыбай*

## “Гениальные творения”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1949 жылы “Культура и жизнь” газетінің 31 мамырдағы санында шыққан. Содан кейін басқа мерзімді баспасөз беттерінде, жазушының шығармалар жинақтарында жарияланбаған. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған.

1949 жылы орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің туғанына (1799 ж. 6 маусым) 150 жыл толуына орай Кеңестер Одағында үлкен мерейтойлық шаралар атқарылған. Ақынның бұл мерейтойы Қазақстанда да тойланған. Одақтық, республикалық мерзімді баспасөз беттерінде көптеген материалдар жарияланды. Ақынның әртүрлі сипаттағы шығармалар жинақтары шықты, ұлы ақын шығармашылығына арналған ғылыми-зерттеу, танымдық еңбектер, өмірбаяндық-публицистикалық шығармалар жазылды. Ақынның адами, шығармашылық тұлғасына арналған көркем шығармалар жарияланды. Осындай жұмыстар театр, музыка, сурет өнері, т.б. салаларда да атқарылды.

Қазақстанда өткен мерейтойлық шаралардың басы-қасында жүрген М. Әуезов “Вдохновенный учитель” (Каз. правда. 1949. 6 маусым), “Пушкин и братские литературы Советского Востока” (Правда. 1949. 5 маусым) мақалаларын жазды. “Гениальные творения” мақаласы шыққан “Культура и жизнь” газетінің бұл санында Пушкин мерейтойына қатысты материалдар жарияланған. “Гений русского народа” атты бас мақаламен қатар, “Любимый поэт народов СССР” атты ортақ атаумен А. Сурков, А. Корнейчук, С. Вургун, Р. Глиердің мақалалары берілген.

М. Әуезовтің шағын мерейтойлық мақаласында А.С. Пушкин шығармашылығына қатысты қысқа, нақты бағалар берілген. Мақалада орыс оқырмандарына таныс емес деректер бар. Пушкин шығармаларының қазақ тіліндегі алғашқы аудармалары, Абай арқылы қазақтар арасына Пушкин, Лермонтов шығармала-

рының тарауы туралы сол кез үшін қызықты мәліметтер кездеседі. Пушкин мен Абай арқылы халықтар арасындағы әдеби-мәдени байланыстың, рухани сабақтастықтың мысалдарын көрсеткен. Тұрмысқа шыққан Абай аулы қыздарының жасауының ішінде Абайдың қолжазба жинағының болуы, оның ішінде Пушкин, Лермонтов еңбектерінің жүруі бүкілодақтық оқырман үшін қызықты деректер еді.

Бұл томға мақала газеттегі нұсқасы бойынша берілді.

***Р. Әбдігүлов***

## “После декады”

Мақала алғаш рет 1949 жылы “Театр” журналының №7 санында (25–28-бб.) жарияланған. Бұдан кейінгі уақытта жазушының жеке шығармалар жинағында, көп томдық кітаптарында жарық көрмеген. Қолжазба нұсқасы сақталмаған.

Қазақ тіліндегі драмалық шығармалардың орыс тіліне аударылуында, ол аударма пьесалардың Ресейдің орталық театрларында қойылу мәселесінде бірқатар кемшіліктер орын алғаны туралы жазушы осы мақалада орынды сын пікірлер білдіреді. М. Әуезов орыс, шетел классиктерінің бай мұрасынан үйреніп, заман талабына сай өсіп отырған ұлттық драматургия туындыларының қай сахнаның болсын көркін ашуға лайық екенін айтып, жоғары бағалаған.

Бұл мақала М. Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық басылымына осы журналдағы нұсқасы бойынша өзгеріссіз, сол қалпында ұсынылып отыр.

*А. Пірімбетова*

## **“Основа нашей жизни”**

Мақаланың 1949 жылы 24 желтоқсанда “Литературная газетада” жарияланған жалғыз нұсқасы ұсынылып отыр.

Жанр жағынан бұл шағын туынды публицистикаға жақын. Көтерілетін мәселе – әдебиет пен руханият тақырыбы. Әрине, мақаланың тапсырыспен жазылғаны көрініп тұр. М. Әуезовтің кеңестік дәуірдегі жетістіктер қатарына ру, тайпааралық, ұлтаралық жауласу мен нәсілдік кемсітушіліктің жоғала бастауын жатқызуын тарихи деректен ауытқу деп санауға болмайды. Сөз жүзінде болса да, мұндай идеология орын алғанын мүлде жоққа шығару үшін көп дәлел қажет. Ұлы жазушының Жамбыл жыры жеткен биікті ұлттық мақтаныш етуі де сенімді жағдай.

***Б. Майтанов***

## “Қазақ халқының зор ғалымы”

Мақала 1949 жылы Қаныш Сәтбаевтың туғанына елу жыл толу мерекесіне байланысты жазылған. Алғаш рет “Әдебиет және искусство” журналының (1949. № 5) 63–68-беттерінде, “ҚазКСР ҒА Хабаршысы” басылымының (1949. №4) 18–23-беттерінде жарық көрген. Бұдан кейін М. Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағы (Алматы: Жазушы, 1967) 11-томының 5–7-беттерінде, жиырма томдық шығармалар жинағы (Алматы: Жазушы, 1985) 18-томының 328–338-беттерінде жарияланған.

Мақалада жазушы геолог-ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірі мен қызметін жұртшылыққа кеңінен таныстырып өтеді. Қазақ халқының зор ғалымы, көрнекті мемлекет қайраткері Қаныш Сәтбаевтың бағалы қызметі республика көлемінде мәдени шара ретінде аталып өтуі іргелі елдіктің белгісі деп түйеді.

Мақала М. Әуезовтің елу томдық академиялық толық жинағына бұрынғы басылымдар бойынша өзгеріссіз жіберілді.

1. 150-б. **Комаров Владимир Леонтьевич (1869–1945)** – ботаник және географ, академик (1920), КСРО ҒА вице-президенті (1930–1936) және президенті (1936–1945).

2. 150-б. **Вавилов Сергей Иванович (1891–1951)** – көрнекті физик, КСРО ҒА академигі және президенті (1945–1951).

*К. Рахымжанов*

## “Самое большое счастье”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1949 жылы “Литературная газетаның” 24 желтоқсандағы санында жарияланды. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған.

М. Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағының осы томына газеттегі нұсқасы еш өзгеріссіз беріліп отыр.

Жазушы мақалада Орта Азия халықтарының өнер, білім, ғылым саласында жаңа сатыға көтерілгендігі жайында айтып өткен. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, тәжіктердің ән-жырлары мұнды-зарлы жоқтаулар түрінде болып келсе, ендігі жерде олар жаңа дәуірді, яғни партия басшыларын, жұмысшы және колхозшылардың еңбектерін, Ұлы Отан соғысы батырларының ерліктерін жырлады.

Сонымен қатар Орта Азия көлеміндегі республикаларда, Қазақстан мен Өзбекстанда Ұлттық ғылым академиялары ашылып, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Жоғары оқу орындары бой көтерді. Әр республикада симфониялық оркестр, опера театрлары құрылды, әдебиет пен өнерде жаңа дәуір, социалистік дәуірдің жетістіктері жырланды. Бұның өзі әр халық үшін, әр адам үшін үлкен бақыт болды.

*А. Болсынбаева*

## “Вдохновенный учитель”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1949 жылы “Казахстанская правда” газетінің 5 маусымдағы санында жарияланды. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. Жазушының елу томдық академиялық басылымының осы томына газеттегі нұсқасы еш өзгеріссіз беріліп отыр.

Мақала А.С. Пушкиннің туғанына 150 жыл толуына орай жазылған. Орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкин орыс әдебиетінің шамшырағы ғана емес, басқа да халық ақындарының рухани ұстазы бола алды. Пушкин әсері қазақ ақыны Абай, татар ақыны Ғабдолла Тоқай, әзірбайжан ақыны Ахундов және қырғыз, тәжік ақындарының шығармашылығынан көрініс тауып, ел арасында кеңінен таралды.

Абай Пушкинді басқа орыс классиктерінен гөрі сирек аударған. Бірақ Пушкин әсері Абай шығармашылығынан әрі терең, әрі айқын көрініс тапты. Оның табиғат суретін реалистікпен беруінде, лирикалық ойға шомуларында, махаббат сезімін терең түсінуінде, әлеуметтік сарындарының адамгершілік үнінде Пушкиннің көптеген сипат, белгілері бар.

Сондай-ақ Ғабдолла Тоқайдың татардың халық ақыны атанып, шындықты жырлауына Пушкин реализмі мол әсерін тигізді. Көптеген халықтар орыс мәдениеті мен Пушкин мұрасына қызығушылықпен қарады. А. Пушкин шығармашылығына зер салу – оның ұлылығын, даналығын тану, оның бай мұрасына терең үңілу болып табылады.

*А. Болсынбаева*

## “Тяжелая утрата”

Белгілі орыс актері Василий Иванович Качаловтың қазасына орай жазылған М. Әуезовтің бұл шағын мақаласы “Литературная газетаның” 1948 жылғы 2 қазандағы санында жарық көрді. Мақала бұрын-соңды томдарға енбеген. Газеттегі нұсқа бойынша тұңғыш беріліп отыр.

М. Әуезовтің мақаласымен қатар Л. Никулиннің “Бессмертный талант”, К. Фединнің “Голос Качалова”, В. Инбердің “Памятью сердца” сынды қазанамалары да газеттің осы санында жарияланды.

Качалов (шын фамилиясы – Швербович) Василий Иванович 1875 жылдың 11 ақпанында Вильнюс қаласында дүниеге келіп, 1948 жылдың 30 қыркүйегінде Мәскеуде қайтыс болады.

1900 жылы Мәскеу көркем театрына қабылданып, өмірінің соңына дейін сонда еңбек етеді. Сахнада көптеген рольдерді сомдаумен қатар, радиода көркем сөз оқудың шебері атанған.

1943 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, 2 рет Ленин ордені және Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады. 1948 жылы Қазандағы Үлкен драма театрына В.И. Качалов есімі беріледі.

М. Әуезов өз мақаласында В.И. Качаловтың қазақ актерлеріне ұстаздық рөлін атап өтеді.

*М. Ахетов*

## **“Как создавалась эта книга”**

М. Әуезовтің “Казахстанская правда” газетінің тілшісіне берген сұхбаты осы газеттің 1949 жылғы 17 сәуірдегі санында шыққан. Мұнда жазушы “Абай” романының бірінші кітабына бірінші дәрежелі Мемлекеттік (Сталиндік) сыйлық алуына орай газет осы кітаптың жазылуы туралы әңгімелейді.

Газеттің бұл санында осы сыйлыққа қатысты материалдарға арнайы бет беріліп, А. Брагиннің “От “Агаш-аяк” до “Абая” атты көлемді мақаласы, А. Фадеевтің, К. Симоновтың, Б. Горбатовтың, К. Фединнің, В. Ермиловтың, Вс. Ивановтың пікірлері жарияланған. Осы нөмірінде С. Бородиннің роман туралы “Выдающееся художественное произведение” атты мақаласы басылған.

М. Әуезовтің академиялық шығармалар жинағының бұл томына сұхбаттың газеттік нұсқасы толығымен берілді.

*Д. Қонаев*

## “Традиции русского реализма и казахская дореволюционная литература”

Мақала “Дружба народов” журналының 1949 жылғы 2-санында (123–139-бб.) шыққан. Қазақ әдебиетінің орыстың реалистік әдебиетімен байланысын жүйелі түрде талдаған көлемді мақала кейін көптеген басылымдарда (Ученые записки КазГУ. Алма-Ата, 1950. Т. 13. Вып. 5. С. 3–21; Ауэзов М.О. Мысли разных лет. Алма-Ата: Казгослитиздат, 1959. С. 434–452; Сборник статей о казахской литературе. Алма-Ата: Казгослитиздат, 1957. С. 5–30; Ауэзов М.О. Абай Кунанбаев: Статьи и исследования. / Под. ред. И.Т. Дюсембаева. Алма-Ата: Наука, 1967. С. 357–376; Ауэзов М.О. Собр. соч.: В 5 т. М., 1975. Т. 5. С. 250–273; Әуезов М.О. 20 томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1985. 19-т. 164–186-бб.; Әуезов М.О. Таңдамалы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997. 381–392-бб.) жарық көрді.

“Әуезов үйі” ҒМО архивінде мақаланың қолжазбасы сақталған (246-бума, 1–45-бб.). Қолжазба машинкада басылған. Қызыл, қара қарындашпен түзетілген жерлері бар. Түзетулер автордың және бөтен адамның қолымен жасалған.

М. Әуезовтің академиялық шығармалар жинағының бұл томына мақаланың газеттегі нұсқасы қолжазбамен салыстырылып барып берілді.

1.167-б. **Ахундов мырза Фатали (1812–1878)** – көрнекті әзірбайжан жазушысы, ағартушы-демократ, қоғам қайраткері, әзірбайжан реалистік әдебиетінің негізін қалаушы.

2.171-б. **Петрашевы** – М.В. Буташевич-Петрашевский басқарған ұйым, XIX ғ. 40-жылдарындағы қоғамдық-әдеби қозғалыс орталықтарының бірі. В.Г. Белинский мен А.И. Герцен жетекшілік еткен демократиялық, крепостнойлық билікке қарсы қозғалыс орыс қоғамдық ойының барлық салаларына, оның ішінде петрашевшілдер үйірмесіне де әсер еткен.

3.171-б. **Дуров Сергей Федорович (1816–1869)** – орыс ақыны. Дуров 1847 жылдан бастап М.В. Петрашевскийдің

үйірмесіне мүше болып, 1849 жылы тұтқындалып, Сібірге жер аударылған. Дуров поэзиясы демократиялық идеяларды көтеріп, элегиялық сипатта жазылған.

4. 172-б. **“Современник”** – 1847–1866 жылдары Петербургте шығып тұрған орыс журналы. Ай сайын шығатын журналдың басында Н.А. Некрасов пен А.И. Панаев тұрған. Журналға А.И. Герцен, И.С. Тургенев, И.А. Гончаров, т.б. атсалысқан. “Современник” либералдық, консервативтік журналистикамен қатты айқасқа түсіп, 60-жылдардағы революционер-ағартушылардың трибунасына айналды. Негізгі сыни ойлар Чернышевский мен Добролюбовтың мақалалары мен рецензияларында айтылды.

*Д. Қонаев*

## **“Как я работал над романом”**

Мақала “Ленинская смена” газетінің 1949 жылғы 24 наурыздағы санында жарық көрген. Осы газеттің үшінші бетінде қазақ әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігіне арналған айдармен берілген бірнеше мақалалар топтамасы бар. “Роман о великом Абае” деген ортақ тақырыппен шыққан осы арнайы бетте М. Әуезовтің “Как я работал над романом” атты мақаласы, Е. Лизунованың “Творческая победа Мухтара Ауэзова” атты жаңа кітап жайлы көлемді пікірі, “Абай” романының екінші кітабынан үзінді берілген.

Мақала М. Әуезов шығармаларының 50 томдық академиялық басылымына газеттегі нұсқасы бойынша әзірленді.

***Р. Қайшыбаева***

## “Степной батыр”

М.О. Әуезов “Степной батыр” атты әдеби сценарийді В.И. Кадочников және В.И. Филипповтермен бірігіп жазды. Бұл сценарийдің жазушы мұражайында сақталған машинкелік нұсқасының (653-бума) алғы бетінде: “Алма-Ата. Киностудия худ. фильмов. Фонд 1708, опись 1, по ед. хр. 181. “Степной батыр” (По народной казахской легенде “Сказание о Козы-Корпече и Баян-Слу”). Литературный сценарий. 2-ой вариант. Центральная объединенная киностудия худ. фильмов. г. Алма-Ата. 1944 г. октябрь” деген андатпа жазулар бар.

Міне, осыдан сценарийдің алғашқы нұсқасы 1942 жылы жазылса, ал екінші нұсқа келесі әдеби кеңесте толықтай дайындалып, өндіріске 1944 жылы жіберілгенін көреміз. Ал негізінде кино түсіруге дайындық басталып кеткенімен, В.И. Кадочниковтың мезгілсіз қайтыс болуы бұл жұмысты аяқсыз қалдырды.

Жазушының әдеби сценарийінің екінші нұсқасы ақ өлеңмен жазылған. Жалпы, М. Әуезовтің “Қозы Көрпеш – Баян сұлуға” деген қызығушылығы сонау 1925 жылдан басталып, жырдан үзіндіні “Таң” журналында (1925. №2. 70–72-бб.) бастырған.

М. Әуезов мұқият түрде жинаған Жанақ нұсқасы басқа нұсқалардың жақсы қырларын еш кемітпейді. М. Әуезов 1936 жылы жарияланған Жанақ вариантына жазған алғы сөзінде: “Қозы Көрпештегі” жырдың арнасы жүрген топырақтар – әр дәуірдің таптық, қоғамдық топырағы”, – дейді. Кейін бұл нұсқаны В. Потапова орыс тіліне аударып, 1968 жылы Алматыда бастырды. Кейінірек Ғ. Мүсірепов жазған “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” трагедиясында есейіп қалған Қозы мен Баян суреттеледі. Өкінішке қарай, М. Әуезовтің “Степной батыр” әдеби киносценарийі кинотанушылардың зерттеу объектісіне айналмады. Тек белгілі кинотанушы Б. Нөгербек “Кино Казахстана” атты моно-

графиясында киномұрадағы “Экран және экрандық-фольклорлық байланыстар” мәселесін көтергенмен, М. Әуезовтің әдеби сценарийі жайында сөз етпеген . М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресіндегі деректерде сценариймен жұмыс істеген уақыт жайында мәліметтер берілген.

*Р. Қайшыбаева*

## “Асыл нәсілдер”

### (екінші нұсқасы)

Жазушының бұл әңгімесінің үш түрлі жазбасы (47, 48, 49-бумалар) сақтаулы тұр, бәрі де машинкада басылған, бәрінің де өңделіп, жөнделген тұстары көп. Мұндағы еңбектенуінің түрлері де бір-біріне ұқсамайды және енгізген толықтырулары бірін-бірі қайталамайды, әрқайсысының өзіндік бітімдегі ерекшеліктері бар:

“Түн ортасы боп қалды, бірақ Әсияда ұйқы жоқ. Күзет қамы да емес, ой ұйықтатпайды. Бұл ой бір бүгін емес, соңғы екі жұмадан бері ішінде жүр” (49-бума, 1-б.); “Түн ортасы боп қалды, бірақ Әсияда ұйқы жоқ. Күзеттің жауаптылығынан да емес, Әсияны ой ұйықтатпайды. Бұл ой бір бүгін емес, соңғы екі жұма бойында ішіне терең орнап, үнемі өкіндіріп, қайнап, кеміріп жүр” (48-бума, 1-б.). Өзгешелік алғашқы беттің бірінші сөйлемдерінен бастап көрінсе, бұлар бара-бара аумақтанып, күрделеніп кете барады.

Осындай бірінде бар көріністер екіншісінде қайталанбайды, жазушы көп тұстарын өңдейді, өзгертіп жетілдіреді, енді бір тұстарын мүлде алып тастайды да, жаңадан толықтырулар қосады. Осылардың қатарында мыналар сияқты ешқайсысына енбей, қысқарып қалғандары да кездеседі: “...қазір Әсия есіне түсірейін десе, бастан кешкен анық халдің барлығы бұған айқын суреттей бірде-бір оралмайды. Тек жадында қалған жалғыз бір кез бар. Молтай екеуі күлкі-дырдуы, айтыс-әні көп үйден тысқа шыққан шақта толық ай әлі де сүттей жарық еді. Желі жоқ тып-тынық түн екен. Өзен жақтан шалғынды, жасыл шилі сызаттан келген болымсыз салқын буалдыр тартып, мұнартып тұр екен. Сәл ғана салқын леп бұларға ымдағандай боп, өзен жағасына жетелеп тартқандай болғаны бар. Шилеуіт далдасы көп, жасырыны мол түн Әсияның есін алды...

Таң ата жалғыз өзі жай басып, әппақ сұр боп қуарып қайтты. Өз үйіне қарай жөнелгенде, Әсия жүрегіне үлкен қылмыс артынан лезде оянған, ең алғаш сол таңда оянған өкініш келген еді. Мұның артында қалған қалың ши мен терең жар жасырған өкінішті сырды әлем білгендей, Әсияның қарсы алдынан шығып: “Бәрің білдім. Аздың ғой!..” дегендей боп ардақты, арманды жары Сайлыбек кінәлап, тосып тұрғандай боп еді. Сол кекшіл таңның өзінде жас жүрегі осы бүгінгі болар уайымды сезгендей болатын. Әсия ата-енесінің үйіне кіре алмай, күн шыққанша үй сыртында отырып, үнсіз жаспен ұзақ егіліп жылаған-ды... Бүгін, міне, сондағы Әсия күнәсінің себепшісі болған Молтай да жоқ. Ол шақта әскерден жас жігіт қалатын сияқты дәлелі де, үміті де бар еді. Бірақ ондағы сенімнің бәрі текке кетті. Молтайды да Отан әмірі жауға қарсы жұлқысып жатқан майданға апкетті” (47-бума, 10-б.). Бұлар қысқарып қалғандарының бір алуаны болса, жарық көрген басылымына және қазіргі ұсынылып отырған нұсқасына енбей қалған қосымшалары кездеседі:

“Үй ішінде Есіркеп пен Балжан бұл кезде ояу жатыр. Балжан түн суығын, уайым өкінішін сезіне сала Әсияны аяп:

– Айналайын-ай, жаурап бітті-ау! – деп қынжыла бастады. Есіркеп “несіне мүсіркейді” дегендей ұнатпай қырыстана түскен еді. Соны сезген Балжан:

– Аяғы ауырлап барады, – деді.

Бұған Есіркеп тіпті шыдай алмай:

– Кімнің баласы екені белгісіз ұрықты айтқаны несі? – деді.

– Белгісіз емес... Ол баланың әкесі бар, ол – Молтай. Әсия соған тиген... тиген екен. Тек мезгілінде айта алмапты. Сен өзің қыңырая бермей, құлақ ассаңшы бір... Молтай – баланың әкесі... – деп тағы айтты.

– Молтай?! – деп Есіргеп үндемей қалды. Молтайды қарт жақсы көруші еді. Әсия әлдекім емес, Молтайды сүйеді екен. Оған тиген екен. Тіпті атсыз баланың әкесі емес. Бұл Есіргеп ойына шұғыл бір өзгеріс кіргізгендей. Қазір қой шетіндегі жас келін күйіне ішінен өзі де үлкен қамқорлықпен қарайтын шалға мынау сөз ой салды.

Балжан болса, жаңағы өзі айтқан хабарды соңғы күндер Қанипадан білген. Әсияның іші өсе бастаған соң Қанипа өз шешесінен енді Молтайды жасыруды мақұл көрмеген-ді. Дауылды түнде тыныштығы кетіп жатқан күйді Есіргеп Балжаннан білді. Әсия дәл осы кезде үйге тақап еді” (47-бума, 38-б.).

Әңгіменің машинкада басылған үш түрлі жазбасы болса, олардың әрқайсысының өзіндік өзгеліктері мен ерекшеліктері бар; ол бөлектік қосымшалары мен түзетіп, өңдеулерінен авторға тән ізденістің үлгі өрнектері көрінеді. Бұлардың көлемдік жағына көз салса, бұл ретте олар бір-бірінен айтарлықтай қара үзіп кете қоймаған.

Қаламгердің көзі тірі кезінде “Әдебиет және искусство” журналы мен “Өркен” (А., 1947 ж.) жинағында әңгіменің алты бөліктен тұратын нұсқасы жарияланды. Соңынан он екі томдық, жиырма томдық шығармалар жинағындағы басылымдарына осылар негізге алынды. Жоғарыда аталған бумаларда осы жарияланымдардың толық екі нұсқасының бар екендігі белгілі болды, осылардың екеуі де жеті бөліктен тұрады; көлемі, жазылуы жағынан бұл нұсқаларда айтарлықтай алшақтықтар болмағанмен, сөйлем құрылыстары мен абзацтарында, жекелеген көріністерінде едәуір айырмашылықтар бар. Енді бұл басылымына жаңағы айтылған өзгеліктерден басқа, жаңадан бір, яғни ең соңғы жетінші бөлік қосылды.

*Т. Әкім*

## “Шыңғыстау”

Латын әрпінде жазылған қолжазба (автограф) мұражай қорында (59-бума, 31–42-бб.) сақтаулы. Шығарманың жазылған мерзіміне келсек, 1943 жылы жазушы “Абай” романына материал жинау үшін ақын еліне барған сапарында жазды-ау деп топшылауға болады. Өйткені әңгіме сол тұстың оқиғасын суреттейді.

Әңгімеге ат қойылмаған. Қолжазбаның соңғы бетінің сыртына көк бояулы қарындашпен “Шыңғыстау” (жаңа әңгіме) деп жазылған. Әңгіме осы атпен мұражай қорынан алынып, алғаш рет “Қазақ әдебиетінің” 1967 жылғы 15 желтоқсан күнгі санында жарияланды. Шығарманы баспаға әзірлеген – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының байырғы қызметкерлері М. Бөжеев пен Б. Сахариев.

Әңгіменің газетте жарияланған нұсқасы жиырма томдық шығармалар жинағының екінші томында (Алматы: Жазушы, 1979. 2-т. 359–369-бб.) басылды.

Бұл томға қолжазба (автограф) кейінгі басылымдарда жарық көрген мәтіндерімен өзара текстологиялық салыстырулар жасалыну арқылы, төмендегідей ішінара түзетулер енгізіліп, толық жіберіліп отыр: “Бірақ бұл күнде ешкімнің ойында жоқ” – “Бірақ бұл күнде ол ешкімнің ойында жоқ”; “Өйткені” – “Үйткені”; “деуші еді” – деушіед”; “Ескі Иннан” – “Ескі Юннан”; “қой қатынан” – “қой санынан”; “Шолақ әңгімеде де осы өңірді” – “Шолақ әңгімеде осы өңірді де”; “қадалып жатты” – “қадалып қапты”; “жер сияқтанып” – “жез сияқтанып”; “жарқырай қарап” – “жарқырай қарады”; “жас шопан” – “жас шабан”; “жиын жұртқа сөйлеген еді” – “жиын жұртқа шешіле сөйлеген еді”; “Түнерген қалың таулармен” (363-б.) – “Түнерген қалың биік таулармен”; “жер иесі ерінді, жер үстіндегі малыңды беріп қоймай” (364-б.) –

“жер ерінді, жер үстіндегі малыңды беріп қоймай”; “ферманың барлық шопандарына” (364-б.) – “фермасының барлық шабандарына”; “Содан бері кеш бойы” (364-б.) – “Содан бәрі кеш бойы”; “Базар екеуі ұзақ даурықтың артынан” (365-б.) – “Базар екеуі көп даурықтың артынан”; “Сол кенерде” (368-б.) – “Сол кенереде”.

*С. Майлыбай*

## “Стойкое племя”

Бұл шығарма – “Асыл нәсілдер” пьесасының орыс тіліне қазақшадан жолма-жол аударылған нұсқасы. Пьеса бұдан бұрын баспасөз бетінде жарық көрмеген. Баспаға ұсынуға әзірленіп, машинкаға басылған нұсқасы “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қорында (114-бума, 80–154-бб.) сақталған. Пьесаны “Арқалық” деген девизбен конкурсқа арнайы дайындағаны байқалады. Ол туралы мәліметтер қолжазбаның алғашқы бетінде көрсетілген. Жазушы пьесаны орыс тіліне аудару барысында тыңнан ешнәрсе қоспай, “Асыл нәсілдердегі” белгілі оқиғаларды негізге алады. Ондай қой тұқымын асылдандыру ісімен айналысатын ғалымдардың осы саладағы жемісті ізденістері мен ауыл еңбеккерлерінің бұл нәтижелерді жүзеге асырудағы қажырлы еңбегі суреттеледі.

Аударма М. Әуезовтің 50 томдық толық шығармалар жинағына қолжазбадағы нұсқасы бойынша әзірленді.

*К. Рахымжанов*

## М А З М Ұ Н Ы

<b>I. МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР</b> .....	3
“Манас” – киргизская народная героическая поэма .....	5
Абай – великий казахский поэт .....	89
Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері ...	106
Әбділда Тәжібаев .....	112
Гениальные творения .....	135
После декады .....	137
Основа нашей жизни .....	142
Қазақ халқының зор ғалымы .....	144
Самое большое счастье .....	153
Вдохновенный учитель .....	156
Тяжелая утрата .....	161
Как создавалась эта книга .....	163
Традиции русского реализма и казахская дореволюционная литература .....	167
Как я работал над романом .....	191
<b>II. ӘДЕБИ СЦЕНАРИЙ</b> .....	193
Степной батыр (литературный сценарий) .....	195
<b>III. ӘНГІМЕЛЕР</b> .....	267
Асыл нәсілдер (екінші нұсқасы) .....	269
Шыңғыстау .....	326
<b>IV. ПЬЕСА</b> .....	337
Стойкое племя (пьеса) .....	339
<b>V. ЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР</b> .....	399

**ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ**

**Шығармаларының елу томдық толық жинағы**

**29-том**

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:  
*С. Назарбаева, Б. Қанапиянов*

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*  
Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*  
Техникалық редакторы *Н. Ромахова*  
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі “Таймс”.  
Шартты баспа табағы 22,7.  
Таралымы 4000 дана.  
Тапсырыс № 345.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-daur81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі  
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.  
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-171-5



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 7 1 5